

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

2012

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР, АЙРЫҚША ОҚИҒАЛАР

1-БӨЛІМ. ҰЙЫМ ТУРАЛЫ	8
1.1. Басқару және менеджмент.....	8
1.2. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	10
1.3. Кадрлық қамтамасыз ету	12
1.4. Экономика және жоспарлау. Қаржылық қамтамасыз ету	12
1.5. Операциялық қызмет	13
2-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ.....	13
2.1. Тәжірибелік ықпалдасқан білім бағдарламасы және ықпалдасқан оқу бағдарламалары	14
2.2. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы	18
2.3. Көптілді оқыту	27
2.4. Тәрбие жұмысы	31
3-БӨЛІМ. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ	34
3.1. Педагогика кадрларын дамыту	34
3.1.1. Мұғалімдерді конкурстық іріктеу.....	34
3.1.2. Педагогика кадрларының сапалық құрамы.....	34
3.1.3. Зияткерлік мектептердегі шетелдік мұғалімдер	37
3.1.4. Педагогтардың біліктілігін арттыру.....	41
3.1.5. Педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау	52
3.1.6. «2012 жылдың үздік педагогы» республикалық конкурсы	55
3.2. Оқушыларды дамыту	56
3.2.1. Оқушыларды конкурстық іріктеу	56
3.2.2. Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесін әзірлеу және енгізу.....	58
3.2.3. Оқушылардың контингенті	59
3.2.4. Виртуалдық және жексенбілік мектептер	60
3.2.5. Элективті курстар	61
3.2.6. Оқушылардың оқу үлгерімі	63
4-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	77
4.1. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу	77
4.2. Оқушылардың жеке прогресінің мониторингі жүйесін әзірлеу	78
4.3. Ұлыбританиялық Кембридж университетінің Халықаралық емтихандық кеңесімен (CIE) бірлескен жұмыс	79
5-БӨЛІМ. ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ	82
6-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ МЕН КОММУНИКАЦИЯ	101
6.1. Зияткерлік мектептер желісін дамыту	101
6.2. Жобалау алдындағы жұмыстар	103
6.3. Жобалау	103
6.4. Құрылыс	104
6.5. Зияткерлік мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру	106
6.6. Ақпараттандыру	113
7-БӨЛІМ. ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ	116
ҚОРЫТЫНДЫ.....	121

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ
ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ
2012 жыл**

Астана, Көкшетау, Семей, Өскемен,
Талдықорған және Орал қалаларындағы
7 Зияткерлік мектепте **4669 ОҚУШЫ** бар

**713 МҰҒАЛІМ ЗИЯТКЕРЛІК
МЕКТЕПТЕРДЕ САБАҚ БЕРЕДІ**
(олардың 165-ішетелдік мұғалім)

2011 жылғы қыркүйек айынан бастап
579 ОНЛАЙН САБАҚ

2011-2012 оқу жылының қорытындысы
бойынша **БАРЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК
МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
САБАҚ ҮЛГЕРІМІ 100%**

**ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ 459
ОҚУШЫСЫ** 2012 жылы әртүрлі
олимпиадалар мен халықаралық
деңгейдегі жарыстардың жүлдегері болды

**ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ
ПЕДАГОГТАРЫ 33 БІЛІМІН АРТТЫРУ
КУРСЫНАН ӨТТІ** (олардың 8-і шетелдік
курстан, 21-і ел ішіндегі курстардан, 4-уі
мектеп ішіндегі курстан)

2011 жылғы қыркүйек айынан бастап
66 ОНЛАЙН СЕМИНАР
өткізілді

**3981 ОҚУШЫ 2011-2012 ОҚУ ЖЫЛЫН
ОЙДАҒЫДАЙ АЯҚТАДЫ**
(олардың «үздігі» - 1173-28,2%)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Емтихан	Қатысушылардың саны	Халықаралық деңгейдегі балл	Зияткерлік мектептердің нәтижесі
SAT-1	Астана – 9	500 - 2400	1724
	Көкшетау – 8		1243
SAT-2 (2 пән)	Астана – 3	600 - 1600	1286
SAT-2 (3 пән)	Астана – 5	600 - 2400	2046
SET	Астана – 38 Астана (IB) – 28 Көкшетау – 46 Талдықорған – 37 Семей – 39 Өскемен – 40	Сынақтан өтті/сынақтан өткен жоқ	Сынақтан өтті – 101 оқушы
IELTS	382, олардың ішінде Астана – 42	9,0	5,5 6,5
TOEFL	Көкшетау – 5	310 - 677 C1-560	430
ВСЕРТ	Астана (IB) – 7 Көкшетау – 34 Семей – 16 Талдықорған – 14 Өскемен – 27	Сынақтан өтті/сынақтан өткен жоқ	Сынақтан өтті – 17 оқушы

қаңтар

- Астана қаласы Назарбаев зияткерлік мектебінде Дипломдық бағдарламаны енгізу
- Педагогикалық өлшеулер орталығы ашылды
- Педагогикалық шеберліктің 6 деңгейіне қойылатын біліктілік талаптары, аттестаттау ережелері, аттестаттау тапсырмалары бекітілді
- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде www.cpm.kz ЦПМ ақпараттық веб-сайты ашылды
- Оқушыларды конкурстық іріктеу жобасында қазақ тілі бойынша тестілік тапсырмаларды әзірлеу бойынша Cito-мен семинар

ақпан

- Зияткерлік мектептің педагогикалық қоғамдастық өкілдерімен мүшелердің кездесуі
- Біріктірілген білім беру бағдарламалары үшін математика және химия бойынша оқу жоспарларын әзірлеу; физика, биология, информатика, география бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу (Кембриджден консультанттармен бірлесіп)
- Үш тілдік саясатты іске асыру бойынша семинар (Кембриджден консультанттармен бірлесіп)
- Назарбаев Университеті кітапханасы негізінде кітапханашыларды машықтанудан өткізу
- 7 және 11 сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг бойынша жобада математикадан тестілік тапсырмаларды әзірлеу бойынша Cito-мен семинар

наурыз

- Біріктірілген білім беру бағдарламалары шеңберінде физика және биология бойынша оқу жоспарларын әзірлеу бойынша семинар (Кембриджден консультанттармен бірлесіп)
- Химия және биология бойынша Наурыз кездесулері
- Политілдік білім беруді зерттеу мақсатында Таллинн қаласына сапар
- АОО филиалдарында жұмыс істейтін шетел педагогтарымен тәрбие жұмыстары мәселелерін талқылау бойынша желілік семинар
- Кембридж университетінің (CIE) залықаралық емтихан кеңесімен Зияткерлік мектептерді бағалау үлгілерін талқылау бойынша семинар

сәуір

- Біріктірілген білім беру бағдарламалары шеңберінде информатика және география үшін оқу жоспарларын әзірлеу (Кембриджден консультанттармен бірлесіп)
- Зияткерлік мектеп директорлары мен директор орынбасарларын аттестаттау

мамыр

- Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары шеңберінде Орал қаласында салынып жатқан Зияткерлік мектепке Елбасының сапары
- Педагогикақызметкерлеріне теңдестірілген тұлғаларды аттестаттау
- cpi.nis.edu.kz білім порталы құрылды,
- Астана қаласының физика-математика бағытында Назарбаев зияткерлік мектебінің негізінде

маусым

- «Орта білім мазмұны: дәстүрлер мен өзгерістер» халықаралық ғылыми-практикалық конференция
- Зияткерлік мектеп түлектеріне алғашқы қорытынды аттестаттау
- Талдықорған, Өскемен, Семей, Астана, Көкшетау қалаларында

- | | | |
|---|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасы педагогтарының желілік қоғамдастығы құрылды Тіл деңгейінің CEFR жалпы еуропалық шектеу деңгейіне сәйкестігін бағалауға ағылшын тілі бойынша Cambridge ESOL салыстырмалық тесті өткізілді Математика мен химия бойынша оқу бағдарламаларын енгізу кезінде ресурстар пайдалану семинары АОО филиалдарында пән мұғалімдері үшін үш тілдік семинарлар Талдықорған қаласында Жапониядан доктор Куно Хироуки (Айва университеті) қатысуымен Жапон мектептерінде азаматтық-адамгершілік тәрбие беру ерекшеліктері туралы семинар Назарбаев Университеті кітапханасының мамандарымен дөңгелек үстел | <p>Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесімен таныстыру бойынша республикалық семинар</p> <ul style="list-style-type: none"> «Әділ мектеп: қамқорлық және жауаптылық» желілік форумы Ex LIBRIS Group компаниясының медиа-ресурстары мен кітапхана жүйелері бойынша семинар ҚР Ұлттық академиялық кітапхана негізінде семинар, Өостанай облысында Кітапхана күніне қатысу Пенсильвания Университеті (АҚШ) негізінде кітапханашылар біліктілігін арттыру курсы Назарбаев Зияткерлік мектебі қызметкерлерін бағалау дағдыларын беру бойынша CIE-мен семинар | <p>Назарбаев зияткерлік мектептерінде семинарлар (біріктірілген білім беру бағдарламасын енгізу шеңберінде)</p> <ul style="list-style-type: none"> «Туған елге тағзым» атты өлкетану зерттеу экспедициялары Оқу процесінің тәрбилеік құрамбірлігінің типтік кешенді жоспар жобасын әзірлеу |
|---|--|--|

шілде

тамыз

қыркүйек

- | | | |
|--|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> Алматы қаласы және облыс орталықтарында ЦПМ филиалдарын ашу Өскемен қаласының Зияткерлік мектеп негізінде Қазақстан химия және биология мұғалімдерінің I Съезі «КӘСІПКЕР» және | <ul style="list-style-type: none"> Назарбаев зияткерлік мектебінің Білім беру қызметі ережесі бекітілді «Педагогикалық инновациялар: әзірлеуден енгізуге дейін» тамыз конференциясы өткізілді Кембридж Халықаралық емтихан кеңесі мен Педагогикалық шеберлік | <ul style="list-style-type: none"> Кембридж университетінің халықаралық сарапшыларымен бірлесіп әзірленген Зияткерлік мектептің 7 және 11 сыныптарында біріктірілген білім беру бағдарламасын байқау |
|--|---|---|

«ОҚИҒА ОРНЫНАН
РЕПОРТАЖ»
зияткерлік
ойындардан тұратын
«Отантану» жобасын
іске асыру

орталығы арасында нақты
білім беру қызметтерін
көрсету туралы келісімге
қол қойылды

- Зияткерлік мектеп
мұғалімдері үшін 2012-2013
оқу жылдарына арналған
өлшемдік бағалау бойынша
іс шараларды өлшемдік
бағалау және жоспарлау
жүйесін байқаудың бірінші
жыл қорытындысы
бойынша семинар

- Талдықорған қаласы
Зияткерлік мектептің
бала бақшалары
негізінде «Зияткерлік
мектепте тілдік білім
беру негізінде
балаларды мектепке
дейін тәрбиелеу және
оқыту бағдарламасы»
байқау
- Зияткерлік және
жалпы білім беру
мектептерінің 7 сынып
оқушылары арасында
Зияткерлік
мектептерге
оқушыларды
конкурстық іріктеу
жүйесін әзірлеу
бойынша жобаның
тестілік сұрақтарын
Cito бірлесіп байқау
- Cito-мен бірлесіп
Зияткерлік
мектептердің 7 және
11 сынып
оқушыларының оқу
жетістіктеріне
мониторинг жүйесін
әзірлеу бойынша
жобаның тестілік
сұрақтарын байқау

қазан

- СТУ-мен бірлесіп
Зияткерлік
мектептердің 7 сынып
оқушылары арасында
Зияткерлік мектепке
оқушыларды
конкурстық іріктеу
жүйесін әзірлеу
бойынша жобаның
тестілік сұрақтарын
байқау
- Зияткерлік мектеп
директорларының
орынбасарлары үшін
CIE-мен бірлесіп
Зияткерлік мектептер

қараша

- «Мектепте көшбасшылық
және басқару» халықаралық
ғылыми-практикалық
конференция
- «Бурабай» СЭЗ оқу-
сауықтыру орталығын салу
дәне оны пайдалану үшін
«Назарбаев зияткерлік
мектебі» АОО еншілес
ұйымын құру
- 2012 жылғы 1 қыркүйектен
бастап АОО оқу
бағдарламалары бойынша
біліктілігін арттырудан
өткен және тиісті деңгейдегі
бағдарлама бойынша

желтоқсан

- Қарағанды облысына
жұмыс сапары
шеңберінде Қарағанды
қаласы салынып
жатқан зияткерлік
мектепке елбасының
сапары
- «Мұғалімнің кәсіби
дамуы: дәстүрлер және
өзгерістер»
халықаралық ғылыми-
практикалық
конференция
- «Зияткерлік
мектептерде үш тілдік
білім беру саясаты»

қызметіне сырттай
бақылауға байқау
жүргізу үшін
стандарттар белгілеу
бойынша семинар

- Оқушыларды
конкурстық іріктеу
және оқу
жетістіктеріне
мониторинг жүйелерін
әзірлеу бойынша
жобалардың тестілік
сұрақтарына
өткізілген байқау
қортындылары
бойынша Зияткерлік
мектеп мұғалімдері
мен Педагогикалық
өлшеу орталықтары
қызметкер-леріне
арналған семинар
- 9, 11 және 12 сынып
оқушыларына
қорытынды
аттестаттау
материалдарын
әзірлеушілер үшін
семинар

сертификат алған
мұғалімдерге біліктілік
деңгейі үшін үстеме ақы
белгілейтін Қазақстан
Республикасы Үкіметінің
қаулысы қабылданды

мен үш тілдік оқытуды
жүзеге асыратын
мұғалімдер үшін
әдістемелік құралдар
әзірленді

- СІЕ-мен бірлесіп
куррикулум мен
бағалауды тану
бойынша семинар
- Орал қаласының
Зияткерлік мектебінің
мұғалімдері мен
әкімгерлері үшін
Зияткерлік мектеп
оқушыларының оқу
жетістіктерін бақылау
жүйелерінің
негіздері бойынша
семинар
- Зияткерлік мектеп
мұғалімдері үшін
сындарлық бағалау
жүйелерін пайдалану
бойынша семинар
өткізілді

1-БӨЛІМ. ҰЙЫМ ТУРАЛЫ

1.1. Басқару және менеджмент

ДББҰ-да басқару деңгейі алға қойылған стратегиялық міндеттерге қол жеткізудің маңызды құрамбөлігі болып табылады. ДББҰ-да басқарудың сапалық жүйесін құрудағы негізгі қадамдардың бірі ұйымдастыру құрылымын жақсарту, басқару жүйесі диагностикасының аясында ашықтықты арттыру және құқықтық құжаттарды қабылдау болып отыр. ДББҰ-да басқаруды дамытудың оң үрдістері ішінде мыналар атап өтілді: ДББҰ-ның еншілес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тиімділігін арттыру, басқару органдарының өзара іс-қимылы, еншілес ұйымдарға өкілеттіктерін ұсыну, ішкі аудиттің қалыптасқан жұмысы және басқалары.

ДББҰ басқарудың озық стандарттарын енгізу жөніндегі белсенді жұмысты жалғастыруда.

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес білім беру ұйымының басқару **органдары мыналар болып табылады:**

- 1) жоғары басқару органы – Жоғары қамқоршылық кеңес «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» (одан әрі – Жоғары қамқоршылық кеңес);
- 2) басқару органы – Қамқоршылық кеңес;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

Жоғары Қамқоршылық кеңестің құрамы:

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы	- Қазақстан Республикасының Президенті, Жоғары қамқоршылық кеңестің тұңғыш төрағасы
Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы	- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
Мусин Аслан Есболайұлы	- Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің Төрағасы
Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің орынбасары
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі
Катсу Шигео	- «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ректоры (президенті)

2012 жылғы желтоқсан айындағы жағдай бойынша Қамқоршылық кеңестің

құрамына 8 мүше кіреді. Құрам «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келеді. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Есепті кезең ішінде Қамқоршылық кеңестің 5 күндізгі, 4 сырттай отырысы өткізілді.

Қамқоршылық кеңестің құрамы:

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қамқоршылық кеңестің төрағасы
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Кармазина Лена Мағауияқызы	- Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі
Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы	- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры
Болл Эрл Джон	- Көшбасшы мектеп бағдарламасының қосымша директоры, Пенсильвания Университеті (АҚШ)
Саринжипов Аслан Бәкенұлы	- «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Атқарушы кеңесінің Төрағасы
Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы	- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының Төрайымы

2012 жылғы желтоқсан айындағы жағдай бойынша ДББҰ Басқармасының құрамына 9 мүше кіреді. Қарастырылып отырған кезең ішінде ДББҰ Басқармасы 62 отырыс өткізді. Күллі есепті кезең ішінде ДББҰ Басқармасы ДББҰ қызметінің әртүрлі қырларына және еншілес ұйымдарына қатысты 282 мәселе қарады.

Басқарма құрамы:

Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы	- Басқарма Төрайымы
Аюбаева Нәзипа Алтынбекқызы	- Басқарма Төрайымының орынбасары

Жәменков Руслан Ахметжанұлы	-	Басқарма Төрайымының орынбасары
Испусинова Светлана Багитовна	-	Басқарма Төрайымының орынбасары
Мұратбаева Шолпан Әнуарбекқызы	-	Басқарма Төрайымының орынбасары
Қазжанова Айгүл Өмірқызы	-	Басқарушы директор
Манапов Нұрали Шораұлы	-	Басқарушы директор
Сұлтанов Қайрат Сексенбайұлы	-	Басқарушы директор – Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры
Садықов Нұржан Қабылқадырұлы	-	Стратегия департаментінің директоры

1.2. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

ДББҰ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ ДББҰ Жарғысын басшылыққа алады.

2012 жылы істелген жұмыс

Мынадай:

- «Педагогикалық өлшемдер орталығы» және «Білім беру бағдарламалары орталығы» ДББҰ **2 филиалының**;
- Павлодар, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе қалаларындағы ДББҰ **4 филиалының**;
- **1 еншілес ұйым** – «Даму қоры» корпоративтік қорының;
- Павлодар, Петропавл, Қарағанды, Тараз, Атырау, Қызылорда, Шымкент және Алматы қалаларындағы ДББҰ **8 өкілдігінің** Ережесі әзірленіп, әділет органдарында есептік тіркеуден өткізілді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның еншілес ұйымын құру туралы Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 2 қарашадағы қабылдаған шешімін орындау мақсатында «Бурабай» АЭА-да оқу-сауықтыру орталығын салу және одан әрі пайдалану үшін «Астана қаласында физика-математикалық бағыттағы Тұңғыш Президент Зияткерлік мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін «Өркен» Оқу-сауықтыру орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қайта тіркеу жүргізілді. ДББҰ-да ЖШС-ны «Бурабай» АЭА қатысушыларының тізіліміне енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылуда.

Есепті кезең ішінде мынадай нормативтік құқықтық актілерге:

1) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысына;

2) «Алтын белгі» белгісі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1253 қаулысына;

3) «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Есепті кезең ішінде ДББҰ-ның және еншілес ұйымдары қызметінің әртүрлі қырларын реттейтін ДББҰ-ның **30-дан астам актісі** (олардың 6-ы – бекітілген құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу) **бекітілді**.

Құқықтық сараптаманың нысанасы ДББҰ атынан жасасылатын шарттар мен келісімдер болып табылады. Шетелдік және отандық әріптестермен келісімшарттар жасасу кезінде ДББҰ мүддесін қорғау қамтамасыз етіледі.

Сот органдарында ДББҰ мүддесін қорғау жүзеге асырылды. ДББҰ **2012 жыл ішінде 12 процеске қатысты** және сот **шешімдері** барлық даулар бойынша **ДББҰ пайдасына шығарылды**.

Шарттардың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сатып алу шарттары бойынша жеткізушілермен кінәрат-талап жұмысы үнемі жүргізіледі.

ҚР ӘМ Зияткерлік меншік құқығы комитетінің «Ұлттық Зияткерлік меншік институты» РМҚК-де компанияның логотипіне ДББҰ зияткерлік меншік құқығын тіркеу жүргізіледі.

ДББҰ-ның зияткерлік меншік құқығын оқушылардың мектеп нысаны үлгілеріне (Ұлттық Зияткерлік меншік институты формалды сараптама жүргізді) және Кембридж Университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесімен бірлесіп әзірлеген білім беру материалдарын (мектепте практика өту кезеңінде орындауға арналған тапсырма, Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқау, Жаттықтырушыға арналған нұсқау, Курс алдындағы тапсырманы орындауға арналған нұсқаулық, Бағалау жөніндегі нұсқау, Мұғалімдерді бағалау қағидаттары) тіркеу жөніндегі жұмыс жүргізіліп жатыр.

ДББҰ заң қызметінің қызметкерлері біліктілігін арттыруда. Зияткерлік меншік саласында құқықтық базаны зерделеу мақсатында Заң департаментінің қызметкерлері 2012 жылғы 29-31 мамырда «Зияткерлік меншік саласында заңнаманы жетілдіру», 2012 жылғы 29 қазан мен 2 қараша аралығында «Өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау, қорғау, пайдалану, бағалау және коммерцияландыру» атты семинарда оқыды. Өткізілген оқудың аясында зияткерлік меншік саласында заңнаманы қолдану практикасы зерделенді және осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеу кезінде туындайтын негізгі проблемалар, сондай-ақ заңнамадағы соңғы өзгерістер талқыланды. 2012 жылғы 10-16 желтоқсанда «Корпоративтік басқару және құқық. Халықаралық заңгерлерге арналған келісімшарттық және ағылшын құқығы» деген тақырыпта оқу өткізілді. Курс компанияның тәуекелдерін басқару және компанияны залалға әкеп соқтыратын олқылықтарды жою мақсатында басқаруды ұйымдастырудың құқықтық қырларын, корпоративтік басқарудың негізгі әдістерін, әлемдік корпоративтік практикадағы белгілі жағдайларды талдау, компанияларды басқару құрылымының әртүрлі үлгілерін, менеджментке талдау жүргізу қажеттігін (басқару құрылымы, кадрлық әлеует)

зерделеуге бағытталған болатын. Біліктілігін арттырудан өту аясында осы саладағы сотт істерінің халықаралық практикасы зерделенді.

ДББҰ заңдарды іске асыру және өз қызметін құқықтық қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалғастырып жатыр.

Тұрақты негізде ДББҰ-ның зияткерлік меншігін қорғау жөнінде және басқа да мәселелер бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

1.3. Кадрлық қамтамасыз ету

2012 жылғы желтоқсанға арналған жағдай бойынша АОО (филиалдар, өкілдіктер мен басқа еншілес ұйымдарды есепке алмағанда орталық аппарат) 105 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 2-еуі халықаралық консультант. Қызметкерлердің гендерлік құрамы мына үлгіде байқалады: 73 әйел (70%) және 32 еркек (30%).

Қазіргі уақытта 16 қызметкерде бакалавр дәрежесі, 25 магистр, 2 ғылым кандидаты, 4 PhD, 2 ғылым докторы атағына ие. 14 қызметкер «Болашақ» халықаралық стипендия түлектері болып табылады, 2 қызметкер осы бағдарлама бойынша оқиды.

Есептік кезең ішінде жұмысқа 64 адам қабылданды.

Біліктілікті арттыру курсыннан 35 адам Швеция, АҚШ, Сингапур, Ұлыбритания, Ресей елдерінде өтті. Оқу қорытындылары бойынша халықаралық үлгідегі сертификат алынды.

Есептік кезең ішінде жеке құрам бойынша 380 бұйрық және іссапарға жіберу бойынша 326 бұйрық шығарылды. Негізгі қызмет бойынша 671 бұйрық тіркелді.

1.4. Экономика және жоспарлау. Қаржылық қамтамасыз ету

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Жиырма Зияткерлік Мектебі» жобасының аясында орта білім жүйесін жетілдіру және оқушылардың қабілетін дамыту жөніндегі міндеттерді шешу мақсатында ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы әзірленді және Қамқоршылық кеңесінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 4 хаттамасының шешімімен мақұлданды.

Аталған стратегиялық құжаттарға сәйкес ДББҰ-ның ақшалай қаражатын жоспарлау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Зияткерлік мектептерді, халықаралық мектепті, оқу-сауықтыру орталықтарын жоспарлау және салу;
- қолданыстағы және жаңадан қосылған Зияткерлік мектептерді, орталықтарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- білім беру мазмұнын айқындау;
- ХБ білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- тәжірибелік білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру;
- жинақталған тәжірибені тарату;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу;
- оқу процесін әдістемелік сүйемелдеу;
- педагог кадрларды қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету.

2012 жылы аталған іс-шараларды іске асыру республикалық бюджет қаражаты және ата-аналардың төлемақысы есебінен жүзеге асырылды.

ДББҰ-да бюджетті жоспарлау, атқару, нақтылау және түзету бюджет заңнамасына, «**Назарбаев Университеті**», «**Назарбаев Зияткерлік мектептері**» және «**Назарбаев Қоры**» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

ДББҰ-ның жылдық бюджеті ДББҰ-ның Даму стратегиясын іске асыру құралы болып табылады, ол бір жылға алға қойылған міндеттерді ескере отырып әзірленеді және оңтайлылық пен тиімділік, қарапайымдылық пен айқындық қағидаттарын сақтай отырып, түпкі нәтижеге бағытталады. ДББҰ-ның жылдық бюджеті экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған.

ДББҰ-ның жылдық бюджетін қалыптастыру процесіне барлық құрылымдық бөлімшелер қатысты яғни ДББҰ-ның әрбір қызметкері жоспарлы қызметтің қатысушысы болды және тиісінше процестің әрбір қатысушысына оны атқару жөнінде жауапкершілік жүктелді.

ДББҰ-ның бюджетін Қамқоршылық кеңесі бекітеді.

ДББҰ-ның ақшалай қаражатын тиімді жоспарлау, нысаналы пайдалану және шешімдерді уақтылы қабылдау мақсатында ақшалай қаражаттың қозғалысы мониторингі жүйелі түрде жүзеге асырылды. Бюджетті жоспарлау және атқару процесін автоматтандыру жөнінде жұмыс жүргізілді.

ДББҰ-да бухгалтерлік есеп «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүргізілді. Бухгалтерлік операциялардың анықтығы, үздіксіз болуы, толықтығы, жүйелілігі, ұқыптылығы – бұл есеп саясатында көрсетілген бухгалтерлік есеп жүргізудің негізгі өлшемдері. ДББҰ-ның қаржы қызметі жыл сайын сатып алу рәсімдері бойынша таңдалған консалтинг фирмасының аудиторлық тексерісіне ұшырайды.

Есепті жылда ДББҰ-ның бухгалтерия қызметкерлерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес біліктілігін арттыру курстарында оқыту жөнінде жұмыс жүргізілді. 2012 жылы ДББҰ-ның 4 бухгалтерия қызметкері емтиханды ойдағыдай тапсырды және кәсіби бухгалтер сертификатын алды, оның ішінде Зияткерлік мектептер бухгалтериясының 2 қызметкері бар. 2013 жылы ХҚЕС бойынша сертификатқа оқу жалғастырылатын болады.

1.5. Операциялық қызмет

2012 жыл ішінде АОО жалпы құжат айналымы 5288 құжатты құрады. Қарастыруға 2818 бірлік кіріс хат-хабар алынды және 796 бірлік хат-хабар жіберілді (оның ішінде жеке және/немесе заңды тұлғалардың өтінімдеріне 210 жауап). АОО 1674 бірлік бастама хат жіберілді.

2-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

ДББҰ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес екі білім беру үлгісі іске асырылып жатыр.

Бірінші білім беру үлгісі — жаратылыстану-математика бағытындағы тәжірибелік ықпалдасқан білім бағдарламасы (бұдан әрі - Білім бағдарламасы) Зияткерлік мектептерге енгізу үшін әзірленеді. Жаңа тәжірибелік ықпалдасқан білім бағдарламасы және пәндер бойынша оқу бағдарламалары сынақтан өткеннен және Зияткерлік мектептерге енгізілгеннен соң Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесіне таратуға ұсынылады.

Екінші білім беру үлгісі негізгі және жоғары мектептердің бағдарламасын Халықаралық Бакалавриат (бұдан әрі – ХБ) ұйымының қағидаттары мен философиясына сәйкес іске асырады. Осы үлгі Астана қаласының Зияткерлік мектебін авторизацияландыруды ұйғарып отыр. ХБ бағдарламаларын енгізу және авторизацияландыру Зияткерлік мектептердің халықаралық мектептер желісіне енуін қамтамасыз етеді, ол ең үздік халықаралық тәжірибе мен практикаға сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын ұсынады.

Зияткерлік мектептердің білім беру қызметін реттеу мақсатында ДББҰ Басқармасының шешімімен мынадай құқықтық құжаттар бекітілді:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ білім беру қызметінің қағидалары;
- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Педагогикалық кеңесі туралы үлгілік ереже;
- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Әдістемелік кеңесі туралы үлгілік ереже;
- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Ата-аналар комитеті туралы үлгілік ереже.

2.1. Тәжірибелік ықпалдасқан білім бағдарламасы және ықпалдасқан оқу бағдарламалары

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Даму стратегиясына сәйкес бастауыш, негізгі және жоғары мектепке арналған жаратылыстану-математика бағытындағы ықпалдасқан білім бағдарламасы бойынша 12 жылдық білімге кезең-кезеңмен көшу көзделіп отыр.

Зияткерлік мектептерге Кембридж Университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесімен бірлесіп әзірленген жетілдірілген ықпалдасқан білім бағдарламасын ойдағыдай енгізу мақсатында қолданыстағы және жаңадан ашылған Зияткерлік мектептерді сыныптар бөлігінде жетілдірілген ықпалдасқан білім бағдарламасы бойынша оқытуға көшірудің кестесі мен схемасы бекітілді. Осы схемаға сәйкес 2012 жылғы қыркүйектен бастап 7-ші және 11-ші сыныптарда жетілдірілген ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу жөніндегі пилоттық жоба басталды.

2012 жылы істелген жұмыс

2012 жылы ДББҰ қызметкерлері Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізді:

1. Кембридж Халықаралық Емтихандық Кеңесінің (бұдан әрі – КХЕК) халықаралық консультанттарының қатысуымен ықпалдасқан оқу бағдарламаларын және пәндер бойынша оқу жоспарларын әзірлеу.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-ші және 11-ші сыныптарына ықпалдасқан білім бағдарламасын пилоттық енгізу.
3. Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу мониторингі.
4. Ықпалдасқан білім бағдарламасын пилоттық енгізу процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеу.

Ықпалдасқан оқу бағдарламаларын және оқу жоспарларын әзірлеу

2012 жылы Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің және КХЕК халықаралық консультанттарының қатысуымен Ықпалдасқан оқу бағдарламалары және бастауыш, негізгі және жоғары мектептерге арналған пәндер бойынша оқу жоспарларын әзірлеу жөнінде 40-тан астам семинар өткізілді. Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің КХЕК консультанттарымен бірлескен жұмыс нәтижесінде бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептер үшін барлық пәндер бойынша 40 ықпалдасқан оқу бағдарламасы және 7-8-ші және 11-12-ші сыныптар үшін 60 оқу жоспары әзірленді.

Ықпалдасқан білім бағдарламасының деңгейлер бойынша ерекшелігі

КХЕК-мен бірлесіп әзірленген оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары оқушылардың алған білімін оқу және өмірлік проблемаларын шешуге яғни оқушылардың *функциональдық сауаттылығын* қалыптастыруды қолдануды оқытуға бағытталған. Бастауыш мектепте мынадай *жаңа пәндер* енгізілді: «Ақпараттық-коммуникациялық технология», «Өнер» (музыканы, суретті, еңбекке үйретуді ықпалдастыру), «Ғылымға кіріспе», «Ықпалдасқан бірінші тіл мен әдебиет».

Негізгі мектепте «Физика» және «Химия» пәндерін оқыту 6-шы сыныптан басталады; «Құқық негіздері» пәні 9-шы сыныпта ғана оқытылады; «Информатика» пәнінің мазмұнына кескіндеме өнері енгізілген.

Жоғары мектепте оқылатын пәндердің саны қысқартылады және оқушылардың таңдаған мамандығы бойынша ЖОО-ға түсулеріне мақсатты бағытталған дайындығына ықпал ету мақсатында пәндерді таңдау мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте оқушылар бірқатар пәндерді тереңдетілген деңгейде оқитын болады. Жоғары мектептің оқу бағдарламасына сонымен қатар мынадай *жаңа пәндер* енгізілді: «Қазіргі әлемдегі Қазақстан», «Экономика», «Жаһандық перспективалар және зерттеу».

Ықпалдасқан білім бағдарламасы бойынша тілдерді үйретудің ерекшеліктері

«Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті: Үйрету, сабақ беру, бағалау» ("Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment") атты Еуропа Кеңесінің құжатына негізделген тілдерді деңгейлік оқыту тілдерді үйретудің маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Осы деңгейлік оқыту тілдерді үйретудің сапасын арттыруға және ішкі бағалау арқылы растаумен оқушылардың белгілі бір кезеңде белгілі бір деңгейлерге қол жеткізу прогресін бақылауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) үйретуге деген тәсіл толығымен өзгертілгенін атап өту қажет. Егер бұрын тілдерді үйрету грамматикалық-аудару әдісіне құрылса, енді Ықпалдасқан білім бағдарламасы бойынша тілдерді үйрету коммуникативтік тәсілге құрылған және сөйлеу қызметінің төрт түрін (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) дамытуға бағытталған.

Тілдерді үйретудің тағы бір ерекшелігі тілдік және тілдік емес пәндерді пәнаралық ықпалдастыру болып табылады. Мәселен, «Саламатты өмір салты» тақырыбы үш тілде оқытылады, бірақ әртүрлі перспективадан қарастырылады. Қазақ тілінде «Олимпиада жұлдыздары» кіші тақырыпшасы, орыс тілінде - «Фитнес/диета», ал ағылшын тілінде – кіші тақырыпша - «Healthy habits/ Extreme Sports (Саламатты дағдылар/Экстремалды спорт түрлері)» оқытылады. Мұндай тәсіл осы тақырыпты сыни тұрғыдан ойлау және мақсатты қабылдауды дамытуға ықпал етеді. Бұдан басқа, биология және химия сабақтарында осы тақырып ғылыми көзқарас тұрғысынан ашылады.

Алған білімдерін оқу және өмірлік проблемаларды шешуде қолдану шеберлігін қамтитын үш тілдік пән бойынша бағдарламалардың *практикалық бағыттылығы* тілдерді үйретудің тағы бір негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады, мәселен, алған білімдерін оқушылар эссе жазу, жобалау жұмыстарын орындау кезінде, әртүрлі тақырыптарды үш тілде талқылау кезінде және тағы басқа кезде қолдана алады.

Бұдан басқа, оқу тіліне қарамастан, үш тілдің теңгерімділігін сақтау үшін кейбір пәндер үш тілдің біреуінде оқытылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-ші және 11-ші сыныптарына Ықпалдасқан білім бағдарламасын пилоттық енгізу

2012 жылғы қыркүйекте Зияткерлік мектептердің 7-ші және 11-ші сыныптарында Ықпалдасқан білім бағдарламасын сынақтан өткізу басталды. 2012

жылғы маусым және қараша айларында барлық қолданыстағы Зияткерлік мектептерде көшпелі семинарлар өткізілді, олардың мақсаты Зияткерлік мектептердің әкімшілігі мен мұғалімдері үшін 7-ші және 11-ші сыныптарда Ықпалдасқан білім бағдарламасын пилоттық енгізу процесі бойынша түсіндіру болатын.

2012 жылғы тамызда 7-ші және 11-ші сыныптарда сабақ беретін қолданыстағы Зияткерлік мектептердің барлық мұғалімдері үшін жаңадан әзірленген оқу бағдарламалары мен жоспарлары бойынша сабақ беруге дайындық жөнінде Кембридж Университеті халықаралық консультанттарының қатысуымен 25 семинар-тренинг ұйымдастырылды. 400-ден астам мұғалім оқытылды.

Тамыз конференциясы аясында «Педагогикалық инновация: әзірлеуден енгізуге» атты пәндер бойынша секциялар ұйымдастырылды, оларда Зияткерлік мектептер желісінің мұғалімдері жаңа оқу бағдарламалары мен жоспарларын талқылауға, оқытудың белсенді әдістерін және командалық оқытуды пайдалану тәжірибесімен бөлісу мүмкіндігін алды.

Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу мониторингі

Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу мониторингі 2012 жылы мыналар арқылы жүзеге асырылды:

- мектептерге бару;
- мектептер бойынша үйлестірушілердің есептері;
- онлайн форум және онлайн сұрақтар.

Мектептерге бару

Мониторингті жүзеге асыру мақсатында Көкшетау, Семей, Өскемен, Талдықорған және Орал қалаларындағы Зияткерлік мектептерге бару ұйымдастырылды.

Мониторингтің нысандары:

- 7 және 11 сыныптардағы сабақтарды қадағалау;
- «сұрақ-жауап» және топтық жұмыс нысанындағы әңгімелесулер

Нысаналы аудитория:

- жергілікті және халықаралық мұғалімдер;
- 7 және 11 сыныптардың оқушылары;
- мектеп әкімшілігі;
- мектеп психологтары;
- 7 және 11 сыныптардың кураторлары;
- әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері;
- пәндер бойынша үйлестірушілер;
- 7 және 11 сыныптар оқушыларының ата-аналары.

Бару нәтижесінде мынадай мәселелер бойынша ақпарат алынды:

- 7 және 11 сыныптарда ЫББ енгізу;
- командалық оқытуды қолдану;
- мектептерде үш тілдік саясатты іске асыру;
- мұғалімдердің қазіргі заманғы педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдануы;
- сабақтардың практикалық бағыттылығы;
- жаңа пәндерді оқыту;
- жоғары мектепте пәндерді таңдау.

Мектептер бойынша үйлестірушілердің есептері

Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу мониторингін жүзеге асыру үшін қолданыстағы Зияткерлік мектептерде әрбір пән бойынша үйлестірушілер тағайындалды, оларға Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу барысы туралы есеп жүйелі түрде енгізіледі. Мониторингтің осы нысаны сынақтан өту барысында туындайтын проблемаларды уақтылы қадағалауға және шешуге ықпал етеді.

Онлайн форум және онлайн сұрақтар

Ықпалдасқан оқу бағдарламаларын сынақтан өткізетін Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін онлайн форум және онлайн-сұрақтар әзірленді.

Онлайн форумды құрудың мақсаттары:

- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдерімен туындайтын проблемаларды талқылауға жәрдемдесу;
- ықпалдасқан оқу бағдарламаларымен жұмыс жөнінде тәжірибемен және ресурстармен алмасу;
- мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ құрылымдық бөлімшелері арасында (департаменттер, орталықтар, мектептер және т.б.) коммуникацияны жүзеге асыру болып табылады.

Онлайн сұрақтар мұғалімдерден алынатын деректерді жинаудың және өңдеудің анағұрлым тиімді әдісі болып табылады.

Мониторинг барысында анықталған мәселелер бойынша Зияткерлік мектептер үшін ұсынымдар әзірленді. Бұдан басқа жиналған деректер талданады әрі сыныптау және 2013 жылғы оқу жылының аяғында оқу бағдарламалары мен жоспарларына өзгерістер енгізу үшін пайдаланылатын болады.

Оқу-әдістемелік сүйемелдеу

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында 2012 жылы мыналар әзірленді:

- «2012-2013 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептеріне Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізу кезінде 7 және 11-сыныптарда сабақ беру ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат;
- Тарих сабақтарында практикалық тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- «Физика» пәні бойынша тәжірибелік жұмыстарды критериялды бағалау бойынша әдістемелік құрал;
- «Математика» пәні бойынша «Статистика және ықтималдық теориясы» бөлімі бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- Орыс тілі сабақтарындағы оқытудың белсенді әдістері;
- Химия сабақтарындағы қазіргі заманғы педагогикалық тәсілдер және тілдік дағдыларды дамыту әдістері;
- «Ағылшын тілі сабақтарында «Өзара оқу» әдістемесін пайдалану» әдістемелік құралы;
- Назарбаев Зияткерлік мектептерінде CLIL (пәндік-ықпалдасқан оқыту) тәсілін қолдану;
- Командалық оқыту жөніндегі әдістемелік құрал;
- Үш тілдік саясатты іске асыратын мұғалімдерге арналған нұсқау.

2013 жылға арналған жоспарлар

1-6-шы сыныптар үшін 66 оқу жоспарын және 9-10-шы сыныптар үшін 26 оқу жоспарын әзірлеу жоспарланып отыр.

2.2. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы

2012 жылы істелген жұмыс

ДББҰ-ның Даму стратегиясына сәйкес 2012 жылы Астана қаласының Зияткерлік мектебі Халықаралық Бакалавриаттың (IB DP) Дипломдық бағдарламасын авторизацияландыруға дайындық жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Мыналар жыл бойғы Зияткерлік мектептер қызметінің негізгі бағыттары болып табылды:

1. Білім беру ортасын Халықаралық Бакалавриат (МБ) талаптарына жақындату мақсатында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;
2. Мұғалімдердің кәсіби дамуын жалғастыру;
3. ХБ бағдарламасының тәжірибелі шетелдік оқытушыларын тарту;
4. ХБ ресми консультантының сапарын ұйымдастыру және өткізу;
5. Мектеп құжаттамасын авторизацияландыруға дайындау және ресімдеу ;
6. Зияткерлік мектептердің ХБ мектептерімен және авторизацияландыру мәселелері бойынша халықаралық сарапшылармен ынтымақтастығын нығайту;
7. Оларды ХБ-ның негізгі ережелерімен таныстыру мақсатында ата-аналармен және оқушылармен жұмысты жалғастыру;
8. Зияткерлік мектептердің (басқару жүйесін) ұйымдық құрылымын жетілдіру;
9. МБ талаптарына сәйкес мектептердің кабинеттерін, кітапханаларын ресімдеу және жарақтандыру.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

Білім беру ортасын МБ талаптарына жақындату мақсатында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін білім берудің қазақстандық және халықаралық стандарттарына салыстырмалы талдау жүргізілді. Осы талдау негізінде Үлгілік оқу жоспары әзірленді, онда пәндер Дипломдық бағдарламаның алтыбұрышы негізінде бөлінді. Оқушылардың Дипломдық бағдарламаға толыққанды дайындығын қамтамасыз ететін неғұрлым оңтайлы нұсқасын жасау мақсатында сабақтардың ұзақтығы қайта қаралды. 2012 жылғы қыркүйектен бастап сабақтардың ұзақтығы 60 минутты құрайды, ол оқушылардың академиялық дайындығын күшейтуге және барынша жоғары деңгейде оқытуға жеке бағытталған тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сабақтардың ұзақтығын өзгерту ХБ Дипломдық бағдарламасының жоғары және стандарттық деңгейіндегі пәндер бойынша қажетті 240 және 150 сағаттық минимумды толық «жабуға» мүмкіндік береді.

Сабақтардың ұзақтығын ұзарту салдарынан мұғалімдерде оқу уақытын барынша анық жоспарлауға, жұмыстың әртүрлі нысандарын сабақ бойы пайдалануға, бағалау критерийін қолдануға және ХБ Оқушысының бейінін енгізуге мүмкіндік пайда болды.

2011 жылғы желтоқсанға дейін 11 пән бойынша 25 оқу бағдарламасы әзірленді. 2012 жылғы қаңтардан бастап осы бағдарламаларды сынақтан өткізу басталды. Жұмыс Үлгілік оқу жоспарына сәйкес пәндік топтар шеңберінде екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезең: қаңтар-мамыр аралығында; екінші кезең: қыркүйек-желтоқсан аралығында. Оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу уақытында мұғалімдер бағдарламаның мазмұнын, теориялық білімдері мен практикалық шеберліктерін және дағдыларын үйлестіруге ерекше назар аударды, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескерді, таңдалған ресурстардың сәйкестігін тексерді. Сынақтан өткізу барысында осы бағдарламаларды жетілдіру жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2012 жылы Зияткерлік мектептердің мұғалімдері 27 оқу бағдарламасын дайындады: «Академиялық зерттеу және хат» және «Критериалды және рефлексивті

оқыту» пәндері бойынша екі жаңа оқу жоспары әзірленді. Осы пәндер «Тану теориясы» және «Кеңейтілген эссе» сияқты Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасы құрамбөліктерімен тығыз байланысты, ол оқушыларды Дипломдық бағдарламада оқытуды жалғастыруға толыққанды дайындауға мүмкіндік береді. Тану теориясы (ТоК) – оқушыларда танудың әртүрлі әдістерін (қабылдау, эмоция, тіл және себеп-салдар байланыстарын белгілеу), сондай-ақ білімнің әртүрлі түрлерін (ғылыми, көркем, математика және тарихи) критериялды түсіну жолымен тану процесін талдау шеберлігін тәрбиелеу үшін әзірленген бірегей курс. Осыған байланысты, бірінші кезекте мұғалімдерге пәннің ерекшелігін, сабақтарда ТоК элементтерін оқытуға және оны енгізуге дайындалуға көмектесуге мүмкіндік береді, сондай-ақ осы бағдарлама сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Өйткені жоғарыда аталған пәндер оқушылар үшін жаңа пәндер болып табылады, пәндерді элективті курс шеңберінде оқытуды ұйымдастыру туралы шешім қабылданды. Осы кезде «Академиялық зерттеу және хат» пәні бойынша бағдарлама тек оқу жылының бірінші жартыжылдығына ғана (2012 жылғы желтоқсанның аяғына дейін) әзірленді. 2013 жылдың қаңтарынан бастап бағдарлама екінші жартыжылдыққа ұсынылатын болады.

«Шығармашылық, іс-әрекет және қызмет ету» (CAS) бағдарламасы қазақстандық стандарттың тәрбие бағдарламасымен үндеседі, сондықтан да осы бағдарламаны «мектеп-кандидат» мәртебесі кезеңінде енгізу жөнінде шешім қабылданды. Осы бағдарлама оқушыларға CAS-тың негізгі сәттерін түсінуді ұғынуға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушыларда ХБ Оқушысының бейінін қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде негізгі назар бағалау мәселесіне аударылды: әрбір пән бойынша бағалау критерийі әзірленді, мұғалімдер сабақтарда бағалау критерийін енгізу жөнінде жемісті жұмыс істеп жатыр. Жыл басында педагогикалық кеңесте қабылданған бағалау саясатын мектеп қоғамдастығы қолдады. Оқу бағдарламасын толық түсінуді, ХБ бағалау философиясына сәйкес барлық оқушылардың бағалау жүйесін қамтамасыз ету мақсаттарында мұғалімдер критерий негізделетін бағалау айдарын әзірледі. Осыған байланысты, әрбір пән бойынша бағалау айдарын әзірлеу және жинау басталды.

ХБ-ның негізгі талаптарының бірі – оның көмегімен оқу процесі жүзеге асырылатын және тәрбие жұмысы құрылатын мектеп саясаткерінің болуы. Зияткерлік мектептердің мұғалімдері педагогикалық кеңесте мынадай мектеп саясатын әзірлеп, бекітті: Бағалау саясаты, Арнайы білім мұқтаждары саясаты, Академиялық шыншылдық саясаты, Тәртіптік саясат.

2012 жылғы сәуірде аталған саясаттарды қарау жөнінде жұмыс топтары құрылды. 2011-2012 оқу жылы ішінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен әкімшілігі жоғарыда аталған саясаттарды енгізуді жүзеге асырды. Жұмыс топтарының қатысушылары әрбір саясатты енгізу жөнінде қорытынды шығарды, қолданыстағы құжаттардың әлсіз және күшті жақтарын айқындады және мұғалімдердің, оқушылардың, халықаралық сарапшылар мен әкімшіліктің ұсынымдарын ескере отырып, оларды қайта қарауды бастады. Осы саясаттар 2012 жылғы тамыз айының аяғында педагогикалық кеңесте қайта қаралып, талқыланды.

Авторизацияландыру кезінде мектепте жұмысты жүзеге асыратын Тілдік саясаттың болуы ХБ-ның негізгі талаптарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, мамыр айында осы саясатты құру жөнінде жұмыс тобы бекітілді. Жұмыс тобы жұмысының қорытындысы бойынша 2012 жылғы тамыз айында тілдік саясат әзірленіп, педагогикалық кеңестің қарауына берілді.

2012 жылғы қазан айында сабақ беру мен оқыту жөніндегі үйлестіруші – ағылшын тілінің мұғалімі Роберт О'Рурк Дипломдық бағдарламаның негізгі

құжаттарының бірі – Unit жоспарларын толтыру мәселесіне арналған бірқатар семинарлар ұйымдастырып, өткізді. Сондай-ақ педагогикалық ұжым Зияткерлік мектептер педагогтарының кәсіби дамуын арттыру мақсатында әзірленген сабақ беру мен оқытудың жаңа саясатының негізгі талаптарымен танысты.

Мұғалімдердің кәсіби дамуы

Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасын енгізу жөніндегі негізгі мәселелердің бірі – кадрлар даярлау. Осыған байланысты, педагогикалық ұжым үшін әртүрлі ішкі және мектептен тыс семинар-тренингтер ұйымдастырылды және өткізілді, оларда Халықаралық Бакалавриат мектептері жұмысының ерекшелігіне қатысты мәселелер қаралды.

ДББҰ мұғалімдерді Дипломдық бағдарламада пәндерді оқытуға даярлауды жалғастырып жатыр және толыққанды даярлықты қамтамасыз ету үшін халықаралық сарапшылармен ынтымақтастықты жалғастырады.

Жоғарыда айтылып өткендей «Академиялық зерттеу және хат» және «Критериалды және рефлексивті оқыту» сияқты жаңа пәндерді оқыту басталды. Осы пәндер оқушылар үшін ғана емес мұғалімдер үшін де жаңа пәндер болып табылады. Осыған байланысты, халықаралық мұғалімдер – сарапшылар Билл Робертс пен Мария Инес Пиаджоның қатысуымен семинарлар ұйымдастырылды. Дипломдық бағдарламаның «CAS (Creative, action and service), ToK (Theory of knowledge) негізгі құрамбөліктері бойынша бағдарламаларды әзірлеу және жасау семинарларды өткізудің нәтижесі болып табылды. Консультанттар Билл Робертс пен Мария Инес Пиаджо «ТоК» және «CAS» бағдарламаларын жасау жөніндегі мұғалімдер тобының жұмысына жоғары баға берді. Жергілікті мұғалімдерді даярлау мақсатында осы оқу бағдарламаларын әзірлегеннен кейін Халықаралық Бакалавриат семинарларының ресми провайдері болып табылатын Перм мемлекеттік университетінің жаттықтырушылары шақырылды. Осы семинарлар орыс тілінде өткізілді, ол қатысушылардың осы құрамбөліктердің астарларын терең түсінуіне мүмкіндік берді. CAS бойынша семинарға кураторлар мен мұғалімдер – эдвайзерлер қатысты. «Критериалды және рефлексивті оқыту» пәнін оқытатын мұғалімдер ТоК семинарында мынадай мәселелерді қарады:

- Халықаралық Бакалавриат Дипломдық бағдарламасының философиясы мен қағидаттары;
- Дипломдық бағдарламадағы (critical thinking) сыни тұрғыдан ойлау ұғымы және оны дамыту;
- Дипломдық бағдарламадағы (international mindedness) халықаралық өзіндік сана-сезім ұғымы және халықаралық өзіндік сана-сезімді дамыту ;
- «Дипломдық бағдарламадағы Тану теориясы» курсы, ТОК-диаграмма (Тану теориясы курсын жасаудың ортақ қағидаттары);
- оқушының бейіні және оны дамытудағы Тану теориясы курсының рөлі;
- білім проблемалары (knowledge issues): оларды бөлу тәсілдері, оларды бағалау әдістері, тану тәсілдері – ортақ көзқарас. Осы семинарды өткізу мұғалімдердің Дипломдық бағдарлама ТоК құрамбөлігінің ерекшеліктері туралы түсінігін тереңдетті.

Зияткерлік мектептерде пәндерді ағылшын тілінде ішінара оқыту ойдағыдай енгізілуде. Оқытудағы осы тәсіл ұжым үшін жаңалық болып табылады және сондықтан да ESP бойынша (English for specific purposes) пәндерді оқытушы 11 мұғалім үшін өткізілген семинар - пәндерді оқытуда ағылшын тілін қолданудың өте пайдалы және өнімді болатынын көрсетті.

Халықаралық консультант және Халықаралық Бакалавриаттың химия бойынша Кеңейтілген Эссе жөніндегі негізгі емтихан алушы Джефри Нойс химия мұғалімдері үшін семинар өткізді. Сарапшы оқушыларды сыртқы және ішкі емтихандарды

тапсыруға дайындау жөнінде негізгі ұсынымдар берді, 7 – 10 сыныптарға арналған тақырыптық жоспарлауға түзетулер енгізді.

Дипломдық бағдарламада пәнді оқытатын мұғалімде ХБ таныған семинарға қатысушының сертификаты болуы ХБ талаптарының бірі болып табылады. Кәсіби даму жоспарына сәйкес Зияткерлік мектептің тарих мұғалімі М.К. Байжақанов, математика мұғалімі А.Н. Абдрахманова, бейнелеу өнері мұғалімі У.К. Дастанова және кітапханашы А. Төлегенова ДП мұғалімдері мен кітапханашыларына арналған (1-санат) семинарға қатысты. Жоғарыда атап өтілгендей, осындай семинарларға қатысу ХБ-да авторизацияландыруға әзірленіп жатқан мектептерге қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. ХБ талаптарына және бекітілген жоспарға сәйкес қазақ және орыс тілдерінің мұғалімдері үшін Ана тілі бойынша семинар өткізілді (1-санат).

В 2012 жылы халықаралық сарапшылар мынадай пәндердің мұғалімдері үшін семинарлар өткізді: математика, физика, химия, биология, бейнелеу өнері, тарих, ақпараттық технология, ағылшын тілі. Осы семинарларда Дипломдық бағдарламаға оқыту үшін Оқу жоспарларын (course outline) толтыру мәселесіне зор көңіл бөлінді. Авторизацияландыруды алу үшін өтінімде оқу жоспарларын ұсыну негізгі талаптардың бірі болып табылады. Оқу жоспарларын бірнеше мектеп көрсетуге тиіс әрі мұғалімдер осы пәнді жоғары және стандартты деңгейде оқытуға әзір. Өткен жылы әзірленген және осы жылы семинарлар уақытында қайта қаралған оқу бағдарламалары авторизацияландыруға өтінім жібергенге дейін ХБ-ның ресми консультантына ұсынылады. Консультанттың ұсынымын алғаннан кейін оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Күллі дайындық жұмысы бойы Зияткерлік мектептердің мұғалімдері өз пәндері бойынша халықаралық сарапшылармен тығыз ынтымақтастық жасады.

Дипломдық бағдарламада жұмыс істейтін мұғалімдер үшін маңызды шарттардың бірі – ағылшын тілін меңгеру. Осыған байланысты, мектепшілік сияқты мынадай шетел тілдік курстар ұйымдастырылды: 25 маусым - 15 шілде аралығында Зияткерлік мектептердің мұғалімдер мен әкімшілігі 13 адам санында Солтүстік Ирландиядағы Белфаст қаласында жазғы тілдік мектепте болып қайтты.

Жыл бойы халықаралық және тәжірибелі жергілікті мұғалімдер ұйымдастырған мынадай әртүрлі мектепшілік семинарлар өткізілді: «ОСС – Online curriculum centre сайтындағы жұмыс», «Сабақтарда оқушы бейінін енгізу», «Әр сабаққа сабақты жоспарлау», «Өзара қатысу. Кері байланыс». Олар бойынша жұмыс жүзеге асырылатын әр сабақ жоспары нысанын әзірлеу және бекіту, сабақтарға өзара қатысу нысанын бекіту осы семинарларды өткізудің нәтижесі болып табылады.

Жаңадан келген мұғалімдер үшін ХБ Дипломдық бағдарламасының ерекшеліктерімен, оқу бағдарламаларымен, Мектеп саясаткерлерімен танысуға арналған семинарлар ұйымдастырылып, өткізілді.

Шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу мақсатында көшпелі курстар ұйымдастырылды. Зияткерлік мектептердің мұғалімдері Сингапурда өткен «Жеке адамды тәрбиелеуге бірыңғай тәсіл» тақырыбы бойынша семинарға қатысты. Семинар барысында қатысушылар тәрбие процесімен тығыз байланысқан ұлттық білім беру ерекшеліктерімен танысып, сингапурлық оқушыларды тәрбиелеуге бірыңғай тәсілді қалай жүзеге асыратыны туралы білді.

Тыңдаушылар қайтып оралғаннан кейін мынадай тақырыптар бойынша педагогикалық ұжым үшін бірқатар семинарлар ұйымдастырып, өткізді: «Жан-жақты білім тұжырымдамасы», «Заттар арқылы тәрбиелеу», «Жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке адамды қалыптастыру», «Мектептерімізге ұлттық білім ұғымдарын енгізу». Зияткерлік мектепте патриоттық тәрбие тұжырымдамасын әзірлеу жөнінде дөңгелек үстел, кураторлар үшін «Оқушының өмірінде эдвайзерлердің рөлі» деген

семинар ұйымдастырылып, өткізілді, эдвайзерлердің, супервайзерлердің және CAS үйлестірушісінің лауазымдық міндеттері әзірленді. Оқушылардың лидерлік сапасын дамыту мақсатында жаңа оқу жылынан бастап оқушылардың кураторлармен және эдвайзерлермен және оқушылық өзін-өзі басқарумен күн сайынғы 10 минуттық кездесуді сабақ кестесіне енгізуді ұсынып отыр.

Сондай-ақ мектептің педагогика ұжымы мен әкімшілігі 7 адам санында Сингапурдағы Халықаралық мектептерде (UWCSEA, SJI International) болып қайтты. Кездесу барысында мұғалімдер жұмыс тәжірибесімен алмасты, сабақтарға қатысты және мектепті авторизацияландыруға дайындық жөніндегі бірқатар маңызды мәселелерді талқылады. Мұғалімдер теориялық білімдер ғана алып қоймай бірқатар пайдалы практикалық кеңестер де алды. Сондай-ақ критериалды бағалау, ХБ-ның пәндерді оқыту ерекшеліктері, пәндердің Тану теориясымен (ToK) байланысы бойынша білімдерін тереңдетті, CAS бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылатын шаралар туралы білді.

Халықаралық Бакалавриаттың авторизацияландырылған мектептерінің жұмысымен танысу мақсатында мектеп директоры А. К. Жанғозин Лондондағы Voxhill school-ға барып қайтты. Сапар барысында ол ХБ мектебінің құрылымымен танысты, сабақтарға қатысты, оқытудағы зерттеу әдісін зерделеді. Сонымен қатар қазақстандық бағдарлама үшін жаңа пән болып табылатын «Тану теориясы» пәні бойынша бірнеше сабаққа қатысты. Voxhill school мектебімен бірге бірлескен шаралар мен жобаларды жоспарлау жөнінде жұмыс басталды. Жазда Зияткерлік мектептің кітапханашысы да осы мектепте болу және Voxhill school-дың тәжірибелі кітапханашысымен ХБ-да авторизацияландыруға дайындықты талқылау мүмкіндігіне ие болды.

Халықаралық Бакалавриат «мектеп - кандидат» мәртебесін алғаннан кейін ОСС – Online curriculum centre сайтын пайдалану үшін әрбір мұғалімге мектептің коды мен паролін (oss@ibo.org) жіберді. Осы сайтқа қол жеткізу мұғалімдерге ХБ туралы ақпаратты, жарияланымдарды, оқу материалдарын, пәндер бойынша нұсқаулықты табуға мүмкіндік берді. Осы кезде мұғалімдер оқу бағдарламаларын талқылау жөніндегі, басқа халықаралық мектептер мұғалімдерінің тәжірибесін зерделеу жөніндегі форумдарға белсене қатысуда, материалдармен және тағы басқалармен алмасуда.

Тәжірибелі шетелдік оқытушыларды тарту

ДББҰ-да халықаралық мектептерде сабақ беру тәжірибесі бар шетелдегі әріптестерін ынтымақтастыққа тарту жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты, мектеп директоры А.К. Жанғозин 2012 жылғы 21–27 ақпан кезеңінде Дубайда, БАЭ-де өткен Dubai Job Fair бос орын жәрмеңкесіне, 2012 жылғы 25 сәуір мен 1 мамыр аралығында Лондонда өткен London Spring Job Fair бос орын жәрмеңкесіне қатысты. Жәрмеңкелер қорытындысы бойынша бүкіл әлем бойынша ХБ мектептерінде жұмыс тәжірибесі бар 5 мұғалім іріктеліп алынды.

Қазіргі уақытта Зияткерлік мектепте 9 шетелдік маман жұмыс істейді, олардың ішінде 4-уі ХБ Дипломдық бағдарламасының тәжірибелі оқытушылары болып табылады. Дипломдық бағдарламаны енгізу жөніндегі мұғалімдерге арналған семинарларды көрсетіп, 2012 – 2013 оқу жылына арнап жұмыс жоспарын жасаған үш халықаралық мұғалім әртүрлі бағыттар бойынша үйлестіруші болып тағайындалды.

ХБ ресми консультантымен жұмыс

«Мектеп - кандидат» мәртебесін алғаннан кейін Халықаралық Бакалавриат ресми консультантты бекітті, оны бекіткен сәттен бастап және ресми сапарына дейін онлайн консультациялар ұйымдастырылды. Ресми консультант М.Абриокспен байланыс орнатылды. 2011 жылғы қарашадан бастап 2012 жылғы 7 қыркүйекке дейін Зияткерлік мектеп консультантпен тығыз жұмыс істеді. Авторизацияландыруға өтінім

беруді ұйымдастыру және барлық қажетті құжаттаманы ресімдеуге қатысты сұрақтарға жауаптар алынды. Консультант бағалы ұсынымдар берді, ол оқу жоспарларын әзірлеу кезінде қателіктерді болдырмауға мүмкіндік берді. Оқу жоспарлары, Саясаттары, іс-әрекет жоспары, мұғалімдердің кәсіби даму жоспары, Дипломдық бағдарламада оқытылатын пәндердің тізбесі, оқушыларды таңдау, академиялық күнтізбе, келесі жылға арналған кесте және басқа да құжаттар консультантқа 2012 жылғы 7 және 8 қыркүйекте болған сапарына дейін және одан кейін берілді. Екі күндік ресми сапары барысында консультант М.Абриокс Зияткерлік мектептің ұжымымен, ата-аналар комитетінің және оқушылар кеңесінің мүшелерімен кездесті. Сондай-ақ пәндік топтар мұғалімдерімен, Мектеп саясатын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобымен кездесу ұйымдастырылды. Ресми сапар аяқталғаннан кейін Зияткерлік мектеп Халықаралық Бакалавриат ұйымына жіберілген және <https://ibdocs.ibo.org> сайтында жарияланған есепті алды.

М. Абриокс авторизацияландыруға дайындық жөнінде жоғары баға берді.

Зияткерлік мектептің авторизацияландыруға дайындығы және құжаттаманы ресімдеу

Зияткерлік мектеп жыл бойы Дипломдық бағдарламаны авторизацияландыруға мынадай барлық қажетті құжаттаманы дайындауды ұсынды:

1. Action plan (Іс-әрекет жоспары) қайта қаралды, өйткені «мектеп - кандидат» мәртебесін беру туралы ресми хатта Халықаралық Бакалавриат мұғалімдердің кәсіби дамуына және мектеп басшысының семинарға қатысуына қатысты 2 ұсынымды ғана көрсеткен. Тиісінше өзгерістер жоғарыда аталған бөлімдерде ғана болып өтті.

2. Зияткерлік мектеп мұғалімдері пәндер бойынша Дипломдық бағдарламада сабақ беру үшін оқу жоспарын (course outline) әзірледі.

3. Мектеп саясаты қайта қаралды және қолданысқа енгізілді.

4. Келесі оқу жылына арналған Дипломдық бағдарламаның академиялық күнтізбесі бекітілді, оған сәйкес Дипломдық бағдарламада бірінші оқу жылындағы оқу аптасының саны 36 аптаны, екінші оқу жылы – 28 аптаны құрайды.

5. Дипломдық бағдарлама үшін пәндер бойынша 9-шы сыныптар оқушыларының таңдауына сәйкес алдын ала кесте жасалды. Халықаралық Бакалавриат талаптарына сәйкес авторизацияландырылған сапар уақытында мектеп бірқатар құжаттарды, олардың ішінде оқушылардың сабағының көптігі деңгейін көрсететін оқушылардың сабақ кестесін ұсынуға тиіс. Халықаралық Бакалавриат талаптарын ескере отырып, әрбір пән бойынша үйлестірушілер мен мұғалімдердің лауазымдық нұсқаулықтары әзірленді.

6. Дипломдық бағдарламада жұмыс істейтін мұғалімдердің даму және кәсіби даму жоспары қайта қаралып, бекітілді.

7. 2013 жылдың қаңтарынан бастап алдағы МҰР (Орта мектеп бағдарламасын) енгізуге байланысты Халықаралық Бакалавриат бағдарламасын енгізу жөніндегі жұмыс жоспары қайта қаралып, түзетілді.

8. Оқулықтарды, көркем әдебиетті, энциклопедияларды және көмекші әдебиетті қамтитын 2013 жылға арналған қажетті әдебиеттің тізімі қалыптастырылды.

9. Халықаралық Бакалавриатқа Дипломдық бағдарламаны авторизацияландыруға өтінім жіберілді.

10. Авторизацияландыру сапары жоспарының алдын ала нұсқасы дайындалды.

Жоғарыда тізбеленген барлық шараларды орындау Халықаралық Бакалавриаттың авторизацияландыру сапарын күтіп отырған мектептерге қоятын талаптары болып табылады.

Халықаралық сарапшылармен ынтымақтастық

Зияткерлік мектеп Зияткерлік мектепті авторизацияландыруға дайындауға және Дипломдық бағдарламаны енгізуге көмектесетін халықаралық сарапшылармен, консультанттармен ынтымақтастықты жалғастырады.

Джефри Нойс (Geoffrey Neuss – ХБ-да Химия бойынша Кеңейтілген Эссе жөніндегі негізгі сынақ қабылдаушы, ХБ-ның Химия бойынша жоғары және стандартты деңгейлерге арналған емтихан жұмыстарын құрастырушы) және Киз Аллен (Keith Allen – IBSCA ұйымындағы кадрлар даярлау жөніндегі қызметкер, Оксфордтағы оқу курстарының академиялық менеджері) ұйымдастыру және авторизацияландыруды алу үшін қажетті барлық құжаттарды ресімдеу мәселелері бойынша Зияткерлік мектептің ұжымымен жұмыс істейді. Сарапшылар кафедра меңгерушілерімен, әкімшілікпен және педагогикалық ұжыммен жеке кездесулер ұйымдастырды. Авторизацияландырудан өтуге қажетті негізгі құжаттар туралы мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің ұғымдарының тереңдеуі жеке кездесулердің нәтижесі болып табылады.

Билл Робертс (Bill Roberts) –ТоК жаттықтырушысы осы Дипломдық бағдарламаның негізгі құрамбөлігі бойынша мұғалімдер үшін бірқатар семинар өткізді. Сондай-ақ Б.Робертс авторизацияландыру сапарын өткізу үшін тартылатын команданың құрамына кіреді. Осыған байланысты, Б.Робертс Зияткерлік мектептердің авторизацияландыруға дайындығының күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында алдын ала авторизацияландыру сапарын ұйымдастырып, өткізді. Осы жұмысты жүргізгеннен кейін Зияткерлік мектеп Б.Робертс берген барлық кеңестерді назарға алды және дайындық жоспарын қайта қарады.

Джон Ройс (John Royce) – жетекші халықаралық мектептердің бірінің кітапханашысы, сондай-ақ Халықаралық Бакалавриат мектебінің кітапханашыларын даярлайтын IBICUS ұйымының жаттықтырушысы, Зияткерлік мектеппен өз ынтымақтастығын жалғастыруда. Ағымдағы жыл ішінде Д.Ройс және мектеп кітапханашысы А.Төлегенова Дипломдық бағдарламаға дайындық жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. Д.Ройстың көмегімен ХБ қағидаттарына сәйкес Кітапхана саясаты және жұмыс рәсімдері әзірленді, мұғалімдер мен кітапханашының оқушыларға Кеңейтілген эссе жазу жөнінде көмек көрсетуге дайындығы жөнінде семинарлар өткізілді. Академиялық шыншылдық саясатын әзірлеу жөнінде консультация көрсетілді. Мектеп кітапханашысы мен мұғалімдеріне кітапхана қоры үшін қажетті ресурстарды таңдау және тапсырыс беру жөнінде консультация жүргізілді. Кітапханашының лауазымдық міндеттері әзірленді. Dewey жүйесі зерделенді, өйткені осы жүйе халықаралық университеттердің кітапханаларында пайдаланылатын сыныптаудың басқа халықаралық жүйелеріне барынша жақын. Dewey жүйесін кітапханалық-библиографиялық сыныптауды практикалық қолдану зерделенді. 2013 жылға арналған қажетті әдебиеттің тізімі қалыптастырылды.

Сонымен қатар мынадай халықаралық консультанттар-сарапшылар жыл ішінде мынадай пәндер бойынша семинарлар ұйымдастырып, өткізді: Бирджит Дженнингс (Birgit Jennings) бейнелеу өнері бойынша, Юнис Прайс (Eunice Price) тарих бойынша, Давид Риплей (David Ripley) ағылшын тілі бойынша, Крис Хампер (Chris Hamper) физика бойынша, Ричард Вайд (Richard Wade) математика бойынша, Барбара Стефаникс (Barbara Stefanics) жаһандық кеңістіктегі ақпараттық технологиялар бойынша (ITGS), Джон МакМерти (John McMurtry) биология бойынша және Мария Инес Пиаджо (Maria Ines Piaggio) CAS бағдарламасы бойынша.

Барлық мәселелер бойынша сарапшы нақты ұсынымдар мен ескертулер берді,

олар одан әрі Дипломдық бағдарламаның құжаттамасын дайындау жөніндегі жұмыс топтарымен ескерілді. Дипломдық бағдарламада оқушыларға пәндерді таңдауға беру, ДП-да сабақ беру үшін мұғалімдердің дайындығы жөнінде халықаралық семинарларды ұйымдастыру мәселелері талқыланды, Дипломдық бағдарламаны енгізу жөніндегі келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалды.

Ата-аналармен және оқушылармен жұмыс

2012 жылғы қыркүйекте 9-шы сыныптар оқушыларының ата-аналары үшін ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, өткізілді. Жиналыстарда пәндік топтардың мұғалімдері ата-аналарды Дипломдық бағдарламадағы әрбір пәннің негізгі талаптарымен таныстырды және одан кейін оқушылар мен ата-аналарға пәндерді таңдау жөнінде жадынамалар таратылды. Басында осындай жиналыс 9-шы сыныптар оқушылары үшін өткізілгенін атап өткен жөн.

Қазан айының басында 9-шы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер әрбір пән бойынша оқушылардың білім деңгейлерін анықтау үшін диагностикалық тестілер өткізді. Жұмыстардың нәтижелері педагогикалық ұжымның отырысында қаралып, талқыланды, онда сонымен қатар оқушылардың пәндерді таңдауы туралы мәселе де талқыланды. 9-шы сыныптар оқушыларының ата-аналары педагогикалық ұжым отырысының қорытындыларымен танысты.

Қазіргі уақытта Халықаралық Бакалавриат талаптарына сәйкес 9-шы сыныптардың түлектері үшін емтихан материалдарын әзірлеу және тиісінше оқушыларды жаңа пішім бойынша бітіру емтихандарын тапсыруға дайындау жүргізіліп жатыр.

Халықаралық Бакалавриаттағы бағдарламалар бойынша оқытуға қатысты мәселелер бойынша түсіндіру жұмысы 7-8 сыныптардың оқушылары мен олардың ата-аналары арасында да жүргізілді.

Линейкалар, сынып сағаттары жүйелі түрде өткізіледі, оларда Зияткерлік мектептердің оқушылары негізгі Мектеп саясаткерлерімен таныстырылады, пәндер бойынша бағалау мәселесі бірнеше рет қаралды. Дипломдық бағдарламада оқуды жалғастыру үшін оқушылардың толыққанды дайындығына арналған «Академиялық зерттеу және хат» және «Критериалды және рефлексивті оқыту» пәндері бойынша элективті курстар әзірленді. Осы пәндердің мұғалімдері Дипломдық бағдарламаның талаптарына сәйкес оқу бағдарламасын әзірледі.

Осы кезде Дипломдық бағдарламада оқу пәндерін оқыту ерекшеліктері бойынша ата-аналар мен оқушыларға арналған нұсқаулық жасау жөнінде мынадай жұмыс жүргізіліп жатыр: әрбір пәндік топ және әрбір бөлімге жауапты адамдар жасалған және бекітілген пішімге сәйкес ақпарат әзірлейді.

Зияткерлік мектептерді басқару құрылымы

Зияткерлік мектепті басқару тиімділігін талдау нәтижелері бойынша 2013 жылдың басынан бастап Зияткерлік мектептердің қолданыстағы құрылымына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізілді. Осы өзгерістер ұжымның барлық мүшелері арасында міндеттерді тең бөлуге мүмкіндік береді.

Халықаралық Бакалавриат мектептері үшін бағдарламаларды іске асыруға жетекшілік ететін үйлестірушілердің болуы міндетті шарт болып табылады. Осыған байланысты, оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасарының бағынысындағы Дипломдық бағдарламаның (DP) және Орта буын (MYP) бағдарламасының екі үйлестірушісіне қажеттілік пайда болды. Осы қадам оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасарларының санын қысқартуға мүмкіндік берді, ол мектептегі директордың орынбасарларының позициясын 5-тен 4-ке дейін азайтуға әкеп соқты.

ХБ-да жоғары мектептерді авторизацияландырғаннан кейін CAS бағдарламасын іске асыруға жетекшілік ететін CAS үйлестірушісінің болуы міндетті болып табылады.

Адам ресурстарын дамыту жөніндегі директордың орынбасарының позициясы даму жөніндегі директордың орынбасарына ауыстырылды. Ұқсас позиция шетел мектептерінде кеңінен таралған. Осы қызметкер персоналды жалдаумен және дамытумен, мектеп менеджментін арттырумен, оқушыларды тартумен және іріктеумен, ғылыми-әдістемелік жұмыспен, Зияткерлік мектепте ИКТ-ны дамытумен айналысатын болады.

Кабинеттерді, кітапхананы ресімдеу және жабдықтау

Халықаралық Бакалавриат талаптарына сәйкес кабинеттер ресімделді, химия, физика, нанотехнологиялар кабинеттері, химия және биология зертханалары жаңа жабдықпен жабдықталды.

Кабинеттерді ресімдеу кезінде Халықаралық Бакалавриаттың басты мәселелерінің бірі - Оқушының бейініне аса көңіл бөлінді.

ХБ авторизацияландырылған командасы үшін басқа маңызы зор мәселе – әзірлік және кітапхананың оқу әдебиетімен жинақталуы. ХБ консультанты Марк Абриокстың (Marc O.M.Abricoux) ұсынымдарын ескере отырып, қазіргі уақытта кітапханашы пән мұғалімдерімен бірлесіп мектептің кітапхана қорын ұлғайту жөніндегі жұмысты жүргізіп жатыр.

2013 жылға арналған жоспарлар:

- оқу бағдарламаларын сынақтан өткізуді жалғастыру;
- Халықаралық Бакалавриаттың Орта буын (MYP) бағдарламасының талаптарына сәйкес жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеуге кірісу;
- Мектеп саясатын қайта қарау;
- критериалды бағалауды енгізу және пәндер бойынша бағалау айдарын жинауды жалғастыру;
- ХБ-да пәндерді оқыту жөніндегі мұғалімдерге арналған семинарлар өткізуді жалғастыру;
- тақырыптық жоспарлауды (Unit plan) әзірлеуді жалғастыру;
- Халықаралық сарапшылармен және ХБ мектептерімен ынтымақтастықты жалғастыру;
- оқушылармен және ата-аналармен Халықаралық Бакалавриат туралы түсінік жұмысын жалғастыру;
- пәндерді ағылшын тілінде өткізу үшін ағылшын тілін оқыту жөніндегі мұғалімдерге оңтайлы жағдайлар жасау;
- әрбір пән бойынша жергілікті мұғалімдердің шетел конференцияларына, семинарларына/тренингтерге қатысуын ұйымдастыру (ол IB DP & MYP бағдарламалары бойынша авторизацияландыру үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады);
- оқушылар мен мұғалімдердің мәдениаралық хабардарлығын дамыту;
- Халықаралық Бакалавриаттың негізгі және жоғары мектептерінің тұжырымдамалық ережелеріне негізделген жаңа білім беру технологияларын оқу процесіне енгізу жолымен оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру (сабақтың проблемалық-іздеу сипаты, топтық технология, оқу қызметін ұйымдастыруға бірыңғай тәсіл, транстәртіптілік, дамытылған оқу, рефлексия);
- барлық оқу пәндері бойынша ағылшын тілінде әдістемелік әзірлемелерді, оқу құралдарын және глоссарийлерді әзірлеу жолымен пәндік кафедраларда әдістемелік жұмысты жандандыру;
- мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін жетілдірумен жұмысты жалғастыру.

2.3. Көптілді оқыту

2012 жылы істелген жұмыс

Зияткерлік мектептерде үш тілді оқытуды сынақтан өткізу, енгізу және мониторингілеу үшін мынадай құжаттар бекітілді:

- Зияткерлік мектептердегі үш тілді оқыту саясаты;
- Тілдер бойынша деңгейлерге қол жеткізу мүмкіндігін айқындау үшін CEFR және Ықпалдасқан білім бағдарламасы бойынша сағат сандарын салыстырып талдау;
- Ықпалдасқан білім бағдарламасы бойынша Зияткерлік мектептердің 7 және 11 сынып оқушыларын дайындау үшін жазғы дайындық курстарының бағдарламасы.

Үштілді оқытуды басқару

2012 жылғы ақпанда Кембридж Халықаралық емтихан кеңесінің өкілдерімен үш күндік кездесу барысында үштілдік бойынша қолда бар мынадай құжаттар қаралды, олар (тіл саясаты, тіл саясатына негіздеу, тілдерді үйрену кезеңдері) және Зияткерлік мектептерде Үш тілді енгізу стратегиясының жобалық нұсқасы.

Кездесу барысында бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- Астана қ. ХБ Зияткерлік мектебінің сабақтарына қатысу;
- ХЕК өкілдері үшін үштілдік бойынша құжаттардың жобалары нұсқаларының тұсаукесерін өткізу (тіл саясаты, тіл саясатына негіздеу, тілдерді үйрену кезеңдері);
- ХЕК өкілдерінің тұсаукесер өткізуі;
- жоғарыда аталған құжаттарды талқылау.

Кездесу барысында мынадай *шешім қабылданды*:

- үштілдік бойынша құжаттардың жобалық нұсқасына өзгерістер енгізу;
- үш тілді оқытуды енгізу, сынақтан өткізу және мониторингі жөнінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар әзірлеу (мұғалімдердің біліктілігін арттыру, ОӘК, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын және тағы басқаларын) әзірлеу;
- эстон тіліндегі тіл үйрету тәжірибесін үйрену мақсатында Эстонияға бару.

Қабылданған шешімге сәйкес:

2012 жылғы наурыз-желтоқсан айларында «Зияткерлік мектептердегі Үш тілді білім беру саясаты» және үш тілді оқытуды жүзеге асыратын мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар әзірленді

2012 жылғы 10-17 наурызда Эстонияға сапарға барды, оның барысында тіл оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын мектептер мен бала бақшаларын аралады, Эстон Республикасының Білім министрлігінің, Тіл үйрету орталығының өкілдерімен, ата-аналармен және оқушылармен кездесу өткізді, сондай-ақ «Нәтижеге бағытталған басқару (НББ)» құжатының жобалық нұсқасы әзірленді, ол пысықталды және үш тілді оқытуды басқару жөніндегі құжат болып табылады.

Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін даярлау

2012 жылы үш тілді оқытуды іске асыруға Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін даярлау мақсатында халықаралық консультант, Калифорния Мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры Алан Нил Кроуфорд Астана,

Семей, Өскемен, Талдықорған және Көкшетау қалаларының Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері үшін 5 семинар өткізді.

Семинарлар өткізу мерзімі және қатысушылар

16-20 сәуір	Өскемен, Семей, Көкшетау, Талдықорған және Астана қалаларының Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тілдік және тілдік емес пәндерінің 76 мұғалімі
11-13 маусым	Көкшетау, Астана, Талдықорған қалаларының Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тілдік және тілдік емес пәндерінің 41 мұғалімі
17-21 қыркүйек	Талдықорған қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің 13 бала бақша тәрбиешісі мен бастауыш сыныптардың мұғалімі Өскемен және Семей қалаларының Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тілдік және тілдік емес пәндерінің 29 мұғалімі

Бұл семинарлардың нәтижесінде мұғалімдер екінші және үшінші тілдерге оқытудың негізгі қағидаттарымен танысты. Қатысушылардың назары екінші және үшінші тілдерді үйренудің негізі ретінде бірінші тілді меңгеру маңыздылығына аударылды (*Тілдік өзара байланыс болжамы, Джим Камминс, 1979*). Мұғалімдер қозғалыс еске сақтауды жеңілдетеді деген қағидатқа негізделетін *Физикалық әрекеттерге тірек әдісі (TPR)*, қозғалыс арқылы оқыту әдісі немесе физикалық әрекеттерге тірек әдісі сияқты әдістермен танысу мүмкіндіктеріне ие болды. Осы қағидат негізіне кішкентай жастағы балалардың ана тілін үйрену үрдісі алынады, олар мысалы, *«Ойыншықтарды жина»* немесе *«Мынаны еденге қой»* деген ата-аналарының *сол бір немесе өзге де нұсқауларына жауап бере отырып*, алдымен дене қимылымен жауап қайтарады. Осы әдіс тіл үйренудің бастапқы деңгейлерінде өзекті болуда. Мұғалім тақырыпты сызбалардың, табличкалардың, дене қимылдарының және тағы басқаларының көмегімен түсіндіреді, ал оқушылар мұғалім олардың алдында не істесе соның барлығын іс жүзінде қайталайды.

Мұғалімдер көптілді және көпмәдениетті білім тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін еуропалық ұлттық білім жүйелерін үйлестіруде маңызды құрал болып табылатын *«Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық шеңбері» (CEFR)* құжатымен де танысты. Осы құжат сабақтарда *пәндік-тілдік ықпалдасқан оқыту (CLIL)* тәсілін пайдалану кезінде қажет. (*CLIL*) тәсілі пәндерді екінші және үшінші тіл арқылы үйрену кезінде пайдаланылады және бір мезгілде пәндік және тілдік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталады.

Семинарлардың практикалық бөлігінде таныстырылымдар, тарату материалдары, топтардағы жұмысты талқылаулар пайдаланылды, онда қатысушылар практикада алған білімдерін қолдана алды.

Бұдан басқа, мұғалімдер мәтіндермен жұмыс істеді және олар қабылдау үшін қолжетімді және түсінікті болуы үшін оқушылардың тілдік дайындығы деңгейіне сәйкес оларды бейімдеуге тырысты (*Келіп түскен ақпарат тасқыны туралы болжам, Стивен Крашен, 1981*). Зерделенген тәсіл әртүрлі мәтін түрлерін бейімдеуге және оларды оқу дағдыларын және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту мақсатында пайдалануға, сондай-ақ пәндік салаларды, әсіресе екінші және үшінші тілдерді оқу

кезінде қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ лексикалық материалмен және жазу дағдыларын дамытумен жұмыс семинарлар барысында қаралды. Семинарларда мұғалімдердің өздерін қызықтырған сұрақтарды беруге және оларға жауаптар алуға мүмкіндіктері болды.

Алан Кроуфорд өткізген семинарларға Зияткерлік мектептердің мұғалімдері ғана емес, қазақ тілін оқыту бағдарламасын іске асыратын Талдықорған қаласының Зияткерлік мектебі бала бақшасының тәрбиешілері де қатысты.

Бала бақшаларының тәрбиешілері *табиғи тәсілмен* танысты, ол тілді күнделікті өмірлік жағдайларын пайдаланып табиғи жағдайларда үйренуді білдіреді және ауызекі сөйлесу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Олардың топтарда жұмыс істеу және табиғи тәсілді, сөйлесу постерлерін және сараланған тәсілді пайдаланып (оқушылардың тілдік дайындығы деңгейін ескере отырып), бірқатар сабақтарды әзірлеу мүмкіндігі болды.

Семинарлардың қорытындысы бойынша коммуникативті тәсілді, физикалық ден қою әдісін (*TPR*) және табиғи тәсілді (*Natural approach*), пәндік-тілдік ықпалдасқан оқыту (*CLIL*) тәсілін қолдана отырып, екінші және үшінші тілдерге оқыту жөніндегі мұғалімдерге арналған 4 әдістемелік құрал әзірленді.

Зияткерлік мектептердің оқушыларын дайындау: жазғы тілдік курстарға ертіп апару

4–29 шілде кезеңінде жазғы тілдік мектептердің жұмысымен және бағдарламасымен танысу мақсатында Талдықорған және Көкшетау қалаларының Зияткерлік мектептерінің базасында ұйымдастырылған Bell International және International House Belfast жазғы тілдік мектептеріне бару жүзеге асырылды. Bell International және International House Belfast мектептеріне бару қорытындысы бойынша жазғы тілдік курстардың бағдарламасы әзірленіп, жазғы тілдік курстарды ұйымдастыру жөніндегі мектептерге хат жіберілді.

Зияткерлік мектептерде тілдерді деңгейлік үйретуді көздейтін Ықпалдасқан білім бағдарламасын енгізуге байланысты, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде пәндерді оқыту, тілдік пәндерді төмендегі пәндік салалармен ықпалдастыратын Зияткерлік мектептердің жанындағы жазғы тілдік дайындық курстарының бағдарламасы әзірленді.

Сынып	Пән	Оқыту тілі
7	Қазақстан тарихы	қазақ
	География	қазақ
	Дүниежүзі тарихы	орыс
11	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	қазақ
	География	қазақ
	Әдебиет	қазақ /орыс
	Математика	ағылшын
	Физика	ағылшын
	Химия	ағылшын
	Биология	ағылшын
	Информатика	ағылшын
	Экономика	ағылшын
	Жаһандық перспективалар және зерттеу	ағылшын

Ерте тіл үйрету бағдарламасы

Эстонияға сапар нәтижесінде қазақ тілінде ерте тіл үйрету бағдарламасын (бала бақшасы және бастауыш мектеп үшін) әзірлеу және сынақтан өткізу жөнінде шешім қабылданды, онда тіл бір мезгілде мақсат және нысанаға қол жеткізу құралы болып табылады.

Ерте тіл үйрету – бұл балаларды тілге оқытудың анағұрлым пәрменді әдістерінің бірі. Оның басымдығы және күшті жағы жүйелілік, әдістемелік бірлік және ғылыми негіздеме болып табылады.

Бала бақшадағы тіл үйрету бағдарламасының ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- балаларға ерте тіл үйрету (үш жастан бастап); балаларды күні бойы тілге оқыту (толық үйрету) және кемінде жарты күн (ішінара үйрету);
- тілді ықпалдастырып оқыту: бала қызметінің барлық түрлері арқылы және ойын нысанында;
- алмаспайтын тақырыптар есебінен ықпалдасқан тәсіл.

Эстондық әріптестермен уағдаластық негізінде 2012 жылы Зияткерлік мектептердің педагогтары үшін тіл үйрету әдістемесі бойынша 4 таныстыру және оқыту семинары өткізілді, оның біреуі Эстонияда, Таллин қаласында өткізілді. Семинарға қатысушылар мектепке дейінгі білім педагогтары мен бастауыш сыныптардың мұғалімдері болды.

Семинарлар мынадай тақырыптар бойынша өткізілді:

«Мектепке дейінгі білім мекемелерінде тіл үйрету бағдарламасы және Эстонияның тәжірибесімен танысу. Бала бақшаларында тіл үйрету бағдарламасын жасау және енгізу»;

«Бастауыш сыныптар үшін оқу материалдарын әзірлеуге арналған негіз ретінде тіл үйрету бағдарламасының қағидаттары»;

«Зияткерлік мектептердің мектепке дейінгі білім мекемелері мен бастауыш сыныптар мұғалімдерінің әдістемелік дайындығы»;

«Тіл үйрету бағдарламасының қағидаттарына негізделген 1-ші сыныпқа арналған ықпалдасқан оқулықты әзірлеу бойынша»;

«Эстонияның тіл үйрету тәжірибесімен практикалық тұрғыда танысу».

Осы семинарлардың және Білім беру бағдарламалары орталығының мектепке дейінгі және бастауыш білім бөлімі қызметінің нәтижесінде 2012 жылдың ішінде «Зияткерлік мектептердің тіл үйретуі негізінде Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы» әзірленген болатын.

Тіл үйрету бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі білім беруді жаңарту, мектепке дейінгі білім беру процесінде барлық бағыттар бойынша баланың дамуы міндеттерінің шешілуінен тұрады. Оқыту сабағы нысанында қазақ тілін дәстүрлі оқыту өнімді, зерттеу қызметі арқылы, еліктеу, байқау, ойлау, күйзелу, тәжірибе, есте сақтау және шығармашылық арқылы оқытумен жаңартылды. Оқыту процесінің мәні қазақ тілін меңгерумен тығыз байланысты.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесі және Эстониядағы тіл үйрету бағдарламасын енгізу жөніндегі практикалық тәжірибе, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға тіл үйрету музыкалық және дене тәрбиесі қызметі арқылы, күн сайынғы бірқалыпты іс-қимылдарды қайталау арқылы (яғни күн сайынғы қайталанатын режимдік сәттер), балаларды белсенді ойын қызметіне тарту арқылы жақсы үйретілетінін көрсетті.

Осыған байланысты, әзірлеушілер тобы, бірінші кезекте дене тәрбиесі мен музыкалық тәрбие жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған өлеңдер жинағы мен ойындарды қамтитын Үйрету бағдарламасына ілесіп 27 оқу-әдістемелік (ОӘК) құжат әзірледі.

2012 жылғы 1 қыркүйектен бастап Талдықорған қ. Зияткерлік мектебінің бала бақшасының базасында әзірленген «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тіл үйретуі негізінде Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы» және бірнеше ілеспе оқу-әдістемелік құжаттарды сынақтан өткізу басталды.

2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап Талдықорған және Көкшетау қалаларының бастауыш мектептерінде тіл үйретуге арналған 1-ші сыныптарды ашу жоспарланып отыр. Бастауыш сыныптар үшін тіл үйрету жөнінде ықпалдасқан оқулық әзірлеу бойынша жұмыс басталды.

Бастауыш мектепте тіл үйрету бағдарламасының ерекшеліктері:

1 сынып –оқу тек қана қазақ тілінде;

2 сынып –екінші жартыжылдықта екінші тілді енгізу (орыс);

3 сынып - үшінші тілді енгізу (ағылшын);

4 сынып – «Әлем тану» пәнін оқыту орыс тілінде;

5 сынып - «Математика» пәнін оқыту орыс тілінде;

Алмаспайтын (пәнаралық) тақырыптар арқылы пәндерді ықпалдастыру.

Бастауыш мектепте қазақ тілінде тіл үйрету бағдарламасын 2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап Талдықорған және Көкшетау қалаларының Зияткерлік мектептерінің базасында сынақтан өткізу жоспарланып отыр. Осы уақытқа дейін бастауыш мектепке арналған бағдарламаларды бейімдеуді, 1-ші сынып үшін ықпалдасқан оқулық әзірлеуді және бастауыш сыныптардың мұғалімдерін даярлауды аяқтау жоспарланып отыр.

2.4. Тәрбие жұмысы

Тәрбие жұмысы 2011 жылғы 29 қарашада ДББҰ Қамқоршылық кеңесі бекіткен «Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын» іске асыру тәсілдерінде жүзеге асырылды, онда негізгі бағыт оқушыларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу болып табылады.

Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының маңызды міндеті оқыту мен тәрбие жұмысының арасындағы алшақтықты азайту, теңгерімделген тұлға тәрбиелеу үшін оқушының сабақ үстіндегі және сабақтан тыс қызметін ықпалдастыруды жүйелі енгізуге арналған тетіктер жасау арқылы біртұтас білім ортасын қалыптастыру болып табылады.

Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің біртұтас білім ортасын құру үшін Зияткерлік мектептердің тәрбие саясатын регламенттейтін бірыңғай ұйымдық тұғырнама мен стандарттар жасалды.

Осы міндеттер мынадай бағыттар арқылы іске асырылды:

1-бағыт. *Білім берудің әлемдік үлгілері тәжірибесін, Қазақстанның балалары мен жастарын тәрбиелеу, әсіресе қазақстандық қоғамның құндылықтарын қалыптастыру және мектеп оқушыларының азаматтық-патриоттық тәрбие мәселелеріндегі проблемаларды, заманауи білімді дамыту үрдістерін зерттеу.*

Зерттеулер

Тәрбиенің әлемдік үлгілерін зерттеу (азиаттық, еуропалық, американдық, еуроазиялық-Сингапур)	Құндылықтар, мақсаттар, тәсілдер – тәрбие нәтижесі
Қазақстанның балалары	Академиялық дайындық басымдығы. Адамгершілік,

мен жастарын тәрбиелеу проблемалары	еңбексүйгіштік, рухани даму, академиялық дайындықтан анағұрлым төмен мәдениет пен әлеуметтік көрсеткіштер. Тәрбие құрамбөлігі екінші жоспарда тұр. Кружоктар мен спорттық секцияларға нашар қатысу, бос уақытты енжар өткізу, Интернет пен БАҚ-тың теріс әсері, ата-аналар тарапынан көңіл бөлудің тапшылығы, психологиялық тұрақсыздық, әлсіз коммуникативті дағдылар
Қазақстанның мектеп оқушыларының азаматтық-патриоттық тәрбие мәселелері	«Біз», «бірлесіп» деген санаттарды пайымдамайды. Мектептің, отбасының, қоғамның құндылықтарының теңгерімсіздігі, әлеуметтік; бала, отбасы мектеп байланыстарының үзілуі. Мектептегі оқу және тәрбие процестерінің арасындағы алшақтық. Жауапкершілікті жете түсінбеу. Мектепте, отбасында, қоғамда этномәдени құндылықтардың төмендеуі.
Заманауи білім беру үрдістері: жеткілікті білім, дағдылардың көп болуы, құндылықтардың көп болуы	

Біртұтас білім және балаларды тәрбиелеудің қазіргі заманғы тәсілдері саласында отандық және шетелдік ұйымдар мен консультанттарды іздестіру үнемі жүзеге асырылуда.

Зерттеу көрсеткендей, оқу мен тәрбиені біріктіретін тәсіл *бірегей және ұлттық құндылықтар* болып табылады.

Зияткерлік мектептердің Тәрбие жүйесі тұжырымдамасын әзірлеу мақсатында Қазақстанның әртүрлі мектептерінде жүргізілетін тәрбие жұмысы практикасын анықтау қажет болды, ол үшін «Сандж» зерттеу орталығы азаматтық-патриоттық тәрбие мәселелерін зерттеуді жүргізуде, оның нәтижелері 2013 жылғы қаңтарда алынады.

2-бағыт. *Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысын регламенттейтін бірыңғай стандарттар әзірлеу:*

Мыналар бекітілді:

- «Туған елге тағзым» атты өлкетану зерттеу экспедициялары туралы қағидалар.
- Мыналар әзірленуде:
- ДББҰ-ның білім беру процесінің негізгі құндылықтары мен қағидаттары;
- Оқушылардың өзін-өзі басқару және Шаңырақ мектеп қауымдастықтары туралы регламент;
- Тәртіптік жауапкершілік және көтермелеу туралы регламент;
- Кружоктық, клубтық қызмет және қосымша білім регламенттері;
- Әлеуметтік жобалар мен практикалар туралы регламент;
- Зияткерлік мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

3-бағыт. *Дайындық және оқыту*

Дайындық және оқыту шеңберінде :

- оқушылардың қосымша білімін, кружоктық, клубтық жұмысын ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін айқындау мақсатында ДББҰ филиалдарында жұмыс істеуге тартылған шетелдік педагогтармен семинарлар өткізілді. Оқушылардың қосымша білімін, кружоктық жұмысын, әлеуметтік белсенділігін, бос уақытын өткізуге

қажетті кеңістіктің үй-жайлар мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету тізбесі семинардың нәтижесі болып табылады;

- Сингапурдағы патриоттық тәрбие бойынша. Семинарда алған материалдар Патриоттық тәрбие - сабақ беру, сыныптан тыс жұмыс, ата-аналарды тарту, жергілікті қоғамдастықта әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда көрініс тапты. «Бурабай» курорттық-сауықтыру аймағының аумағында оқу-сауықтыру орталығының жобасына Қазақстанның өткен күнімен, бүгінгі күнімен және болашағымен таныстыратын Ашулар орталығы (Discovery center) енгізілді, Зияткерлік мектептердің оқушылары үшін интерактивті ойындар - «Отан тану» жобасы әзірленді;

- Жапониядан келген доктор Куно Хироуки (Айва университеті) өткізген «Lesson study» (сабақ оқу) жүйесінің мәтініндегі жапон мектептеріндегі азаматтық-моральдық білім беру мәселелері бойынша. Өзара байланысты үш аспектіде құндылықтарды енгізу ұғымы семинардың нәтижесі болып табылады; олар ойлау, сезу, іс-қимыл тәрбие жұмысының барлық нормативтері мен регламенттерінде көрініс тапты;

- Кэмбридж Университетінің консультанттары негізгі құндылықтар мен оқытудың педагогикалық қағидаттары жобасын ұсынды.

4-бағыт. Жобалар

Мындадай жобалар әзірленді:

- жасаралық араласу, ұйымдасу мен сыйластықты қалыптастыру, біріне бірі қамқорлық көрсету туралы, жауапкершілікке арналған «Шаңырақ» 61 мектеп қоғамдастығы жұмыс істейді;

- «Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу экспедициясы, экспедицияның ерекшеліктерімен филиалдар арасындағы бағыттар алмасуды, «ортақ тақырыппен жұмыс» нысанындағы елеулі дайындықты жүргізді, ол педагогтар мен оқушыларға өздері барған өлкені қызығушылықпен зерттеуге мүмкіндік берді. Басталған зерттеулер оқу жылы бойы жүргізіледі. Өлкетану экспедицияларының нәтижелері бойынша эссе жинағы, оқушылардың жобалары, бағыттар бойынша бағдарламалар мен есептер, ДББҰ және Зияткерлік мектептердің сайтында оқушылар жинаған фото және бейнематериалдар жарияланды;

- интерактивті ойындар «Отан тану» – «Кәсіпкер», интерактивті ойын «Оқиға орнынан репортаж»;

- «Әділетті мектеп», «Мен – Қазақстанның бір бөлшегімін», «Мен Зияткерлік мектепте оқимын» желілік форумдары;

- ауылдық орта білім беру мектептері үшін «Зияткерлік мектептерден Bookcrossing» желілік әлеуметтік акция.

2013 жылға арналған жоспарлар:

Мектептегі біртұтас ортаның негізі оқушының бойына мектеп өмірінің бүкіл қырлары арқылы жүйелі түрде сіңірілетін құндылықтар болып табылады.

Жоба шеңберінде білім процесіне мынадай бағыттар бойынша оқу, әзірлеу және құндылықтар мен педагогикалық қағидаттарды енгізу жөніндегі жобалық топ қалыптастырылатын болады:

- білім беруде бірегей және ұлттық құндылықтарды қолдану саласында әлемдік тәжірибені және отандық көздерді *зерттеу*;

- халықаралық және отандық консультанттармен бірлесіп кездесулер, білім беру процесінің негізгі құндылықтары мен қағидаттарын айқындауға арналған талқылаулар *ұйымдастыру*;

- педагогтарды жеке дамуға үйрететін семинарлар, тренингтер *өткізу*;

- білім процесінің негізгі құндылықтары мен қағидаттарының жұмыс нұсқасын, 6 білім беру облысының шеңберінде оқу бағдарламаларындағы құндылықтар үлгілерін және оқушының сабақтан тыс қызметін айқындайтын регламенттер, Оқыту және құндылықтарды бағалау жөніндегі нұсқауларды әзірлеу;

- Оқыту және құндылықтарды бағалау жөніндегі нұсқауларды пайдалану жөніндегі ресурстарды қолдау және құру

- негізгі құндылықтар мен қағидаттарды кезең-кезеңмен енгізу және сынақтан өткізу

- енгізу және сынақтан өткізу процесін бағалау.

3-БӨЛІМ. АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ

3.1. Педагогика кадрларын дамыту

3.1.1. Мұғалімдерді конкурстық іріктеу

Мұғалімдер Зияткерлік мектептерге тест жүргізу, эссе дайындау, портфолио көрсету, әңгімелесу және тағы басқаларын көздейтін конкурстық рәсімдердің қорытындылары бойынша қабылданады.

2012 жылы Павлодар, Шымкент, Қызылорда, Тараз, Атырау, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында жаңадан ашылған Зияткерлік мектептер үшін конкурстық іріктеу ұйымдастырылды.

Жаңадан ашылған Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеуге 1977 адам қатысты, олардың Зияткерлік мектептерге жұмысқа ұсынылғаны 566 адам, оның ішінде резервке қойылғаны 140 адам.

3.1.2. Педагогика кадрларының сапалық құрамы

Зияткерлік мектептерге мұғалімдер конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша қабылданады (конкурстың орташа көрсеткіші - бір орынға 3-4 адам). Болашақта бұл көрсеткіш барлық Зияткерлік мектептер іске қосылғаннан және штаттары жасақталғаннан кейін айтарлықтай ұлғаятын болады.

2012 жылғы 1 желтоқсандағы деректер бойынша Зияткерлік мектептерде **713** мұғалім мен **165** шетелдік мұғалім жұмыс істейді, қорытындысы - **878** мұғалім.

Кесте: Зияткерлік мектептер қызметкерлерінің жалпы саны

	Аста-на ФМБ	Аста-на ХБ	Көк-шетау	Тал-ды-қорған	Семей	Өске-мен	Орал	Бар-лығы
Мұғалімдер	126	47	121	118	110	110	81	713
Директорлар мен орынбасарлары	8	6	6	8	8	8	5	49
ӘБП *	11	11	9	12	10	9	7	69
Техник. персонал	39	1	25	38	33	36	32	204
Оқу-көмекші персонал	33	20	31	40	35	44	24	227

Мед. персонал	2	1	2	3	2	2	2	14
Интернат және мектепалды	0	0	0	31	0	0	10	41
Барлығы штат саны	93	39	73	132	88	99	80	604
БАРЛЫҚ мектеп қызметкерлері	219	86	194	250	198	209	161	1317

* ӘБП – директорлар мен орынбасарларын есептеместен әкімшілік-басқару персоналы.

Диаграмма: Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің сапалық құрамы





Диаграмма: Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің білімі және ғылыми дәрежесі туралы мәліметтер




Зияткерлік мектептерде **642** (90%) мұғалімнің жоғары білімі, **64** мұғалімнің магистр дәрежесі бар және **7** адам ғылым кандидаты болып табылады. Мұғалімдердің жалпы санының қатарында **8** мұғалім - «**Болашақ**» бағдарламасының түлегі. Бұдан басқа, қазіргі уақытта **7** мұғалім осы бағдарлама бойынша шетелде оқып жатыр.

Кесте: Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің стажы туралы мәліметтер

№	Зияткерлік мектеп	Стаж-сыз	10 жыл-ға дейін	11-20 жыл	21-30 жыл	31-40 жыл	41 және одан жоғары	Барлығы
1	Астана ФМБ	3	36	44	27	14	2	126
2	Астана ХБ	3	23	12	4	5	0	47
3	Көкшетау	1	28	58	19	13	2	121
4	Талдықорған	3	40	42	22	8	3	118
5	Семей	1	39	34	24	12	0	110
6	Өскемен	10	33	27	31	9		110
7	Орал	12	28	21	16	4	0	81
	Барлығы	33	227	238	143	65	7	713

Педагогтардың жұмыс стажы бойынша сапалық құрамын талдау мұғалімдердің көпшілік бөлігінің 20 жылға таяу жұмыс стажы барын көрсетті. Өзара тәжірибемен және білімдермен алмасу Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің кәсіби өзара іс-әрекетінің ерекшелігі болып табылады, ол мұғалімдердің сапалық құрамын былайша қамтамасыз етеді: тәжірибелі кәсіби мұғалімдер және перспективті жас мұғалімдер.

Диаграмма: Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің жас құрамы



Педагогтардың жасы бойынша сапалық құрамын талдау «30 жасқа дейін», «31 жастан 40 жасқа дейін» және «41 жастан бастап 50 жасқа дейін» жас санаттарындағы педагогтардың үлесі орташа алғанда барлық мектептерде шамамен бірдей әрі шамамен 30%-ды құрайтынын көрсетті. Сонымен қатар Астана қ. ХБ Зияткерлік мектебінде 30 жасқа дейінгі жас педагогтардың үлесі шамамен 50,1%-ды құрайды. 51 жастан жоғары педагогтардың үлесі Зияткерлік мектептер бойынша орташа алғанда шамамен 16,7 %-ды құрайды.

Кесте: Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің пәндер бөлінісіндегі саны

Зияткерлік мектеп	Математика	Физика	Қазақ тілі	Орыс тілі	Биология	Тарих	Ағылшын тілі	Химия	Информатика	География	Кескіндеме және жобалау	Дене шынықтыру	Өзін-өзі тану	БӘД	Бастауыш сыныптар	Басқа пәндер	БАРЛЫҒЫ
Астана ФМБ	20	12	14	11	3	4	23	3	4	3	2	7	2	1	10	7	126
Астана ХБ	6	3	5	5	3	5	5	3	3	1	1	4	1	1	0	1	47
Көкшетау	18	11	12	12	3	8	22	4	5	2	1	7	1	1	7	7	121
Талды-қорған	17	9	9	10	2	5	23	2	6	3	4	7	2	1	11	7	118
Семей	21	10	10	10	3	7	21	3	7	3	2	4	1	1	6	1	110
Өскемен	10	4	9	10	12	5	24	10	4	2	0	7	1	1	9	2	110
Орал	17	9	8	8	3	6	11	3	2	3	2	6	1	1	0	1	81
Барлығы	109	58	67	66	29	40	129	28	31	17	12	42	9	7	43	26	713

3.1.3. Зияткерлік мектептердегі шетелдік мұғалімдер

Бейіндік пәндерді оқытудың халықаралық тәжірибесін енгізу, қазақстандық және халықаралық білім бағдарламаларын ықпалдастыру мақсатында әлемдік педагогикалық практикада жинақталған озық тәжірибені ескере отырып, шетелдік мұғалімдерді Зияткерлік мектептерге тарту ұйымдастырылған болатын.

2011 жылы жүзеге асырылған шетелдік педагогтарды жалдау, жаңа филиалдар ашу шетелдік педагогтарды жалдау жөнінде қосымша стратегиялық серіктестер іздеу қажеттігін көрсетті.

Компанияларды стратегиялық серіктестерге айқындаудағы басты критерийлер мыналар болды:

1. Білім беру ұйымдарында аккредиттеу;
2. Әлем бойынша офистердің саны;
3. Жыл ішінде жұмысқа орналастырылған педагогтар саны;
4. Халықаралық серіктестік;
5. Компанияның жылдық табысы.

2012 жылы стратегиялық серіктестермен мынадай бірлескен жұмыс ұйымдастырылды:

- **Teachanywhere** – Teachanywhere жеке компаниясы персонал іріктеуге мамандандырылған, көлемі бойынша әлемде екінші холдинг болып табылатын Ранстад холдингінің құрамына кіреді. Teachanywhere компаниясы 2004 жылы ұйымдастырылды және бүкіл әлем бойынша шетелдік педагогтарды жалдау жөнінде қызметтер ұсынады. Компанияны ISO (Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым), REC (Жалдау және жұмысқа орналастыру одағы) және Investors in People (ұйым қызметін жақсартуға және жұмыс сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарт) аккредиттеді.

Компанияның офистері әлемнің 7 елінде орналасқан (Ұлыбритания, Солтүстік Америка, Аустралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка, Дубай және Тайланд). Teachanywhere компаниясы 40 елде 3000-нан астам педагогты жұмысқа орналастырды. Халықаралық серіктестер арасында Білім беру жөніндегі Абу-даби кеңесі, Ұлыбритания мұғалімдерінің одағы, Ұлыбританиядағы ESOL және Etonhouse мектептері сияқты білім беру ұйымдары бар.

- **TIC – Teacher International Consultancy** – Білім беру саласындағы халықаралық жеке консалтингтік компания, ол мұғалімдерге халықаралық мектептерде лайықты жұмыс табуға көмектесу мақсатында 2005 жылы құрылған болатын.

- Компанияның бас офісі Кардиф қ., Ұлыбританияда орналасқан. Компанияның дерекқорында 7000 шетелдік педагогтар мен директорлар тіркелген.

TIC Халықаралық мектептердің Еуропалық Кеңесінің және Таяу Шығыс британдық мектебінің, Ұлыбритания Халықаралық мектептері кеңесінің мүшесі болып табылады. Осы кезде компания Жапония, Египет, Нигерия және Катар мектептері үшін директорлар мен шетелдік педагогтар жалдаумен айналысады.

- **Search Associates** – халықаралық қоғамдастықтағы оқу орындарының оқытушылары мен басшыларын жалдауға маманданған халықаралық жеке компания, ол 21 жылдан астам уақыт бойы 17 000 шақты әкімшіге, бастауыш және орта білім мұғалімі мен тағылымдамадан өтушісіне әлемнің халықаралық мектептерінде жұмыс табуға көмектесті. 2011 жылы олар 2 198 кандидатқа жұмысқа орналасуға көмектесті және ең табысты компаниялар болып отыр.

Олардың табысқа жету себебі мыналарды қамтиды, олар мұғалімдерді жұмыс берушілердің критерийлері бойынша шектемейді, керісінше, әлеуетті қызметкердің жеке қасиеттеріне көңіл бөледі және мектептер мен кандидат мұғалімдерді қолдайды.

Мұғалімдерді іріктеу берілген онлайн сауалнамалар бойынша жүргізіледі. Педагогтардың үлкен дерекқоры бар, ол әлемнің 60 000 мектебімен ынтымақтастық жасасады. Үнемі бос орындардың халықаралық жәрмеңкесін ұйымдастырады.

- **International House** – International House Belfast (Белфаст Халықаралық Үйі) – тілдік мектептердің жеке ұйымы, Халықаралық Үй Әлемдік Ұйымының мүшесі. Ұйым әлем бойынша тренинг өткізу жөніндегі ірі ұйым болып табылады. Компания 1953 жылы құрылған.

Белфаст Халықаралық Үйін әлемдік нарықта ағылшын тілін оқытуды жоғары сапалы жеткізуші ретінде Британ Кеңесі мен English UK аккредиттеген. Қазіргі уақытта ұйымның желісіне әлемнің 50 еліндегі 150 жеке тілдік мектеп кіреді. Халықаралық Үй мектептерінің желісінде 8000 мұғалім мен жаттықтырушы тіркелген.

Белфаст Халықаралық Үйі Белфаст Білім беру және Кітапхана Кеңесімен, Солтүстік Ирландия Оқытушылар Кеңесімен, Оқу жоспарлары, емтихандар және бағалау кеңесімен, Солтүстік Ирландия Тренингі Өңірлік Орталығымен ынтымақтастық жасасады. Қазіргі кезде компания Түркия және Оманнның колледждері үшін шетелдік педагогтарды жалдаумен айналысуда.

Осы ынтымақтастық 2012 жылы халықаралық деңгейдегі жоғары білікті мамандар тобын -13 елден пән мұғалімдерін жұмысқа алуға мүмкіндік берді.

Шетелдік педагогтардың Зияткерлік мектептерде жұмысын бастауға негіз болған


мынадай төрт негізгі кезеңді атап көрсетуге болады:

Шетелдік педагогтарды тарту кезеңдері



1. БАҚ-тарда бос лауазымдарды жариялау, кандидаттардың дерекқорын қалыптастыру;
2. Кандидаттардың сауалнамаларын мұқият зерделеу, білікті педагогтарды іріктеу;
3. Кандидатпен әңгімелесу өткізу;
4. Жұмысқа ұсыныс беру, шетел педагогын жалдау

Диаграмма: елдер бойынша қабылданған шетел педагогтарының үлесі, %



Ағымдағы жылы бос лауазымдарға үміткерлерден келіп түскен мыңға тарта сауалнама өңделді. Осының нәтижесінде мұқият іріктегеннен және әңгімелесуден кейін 165 шетелдік педагог жұмысқа қабылданды.

2011-2012 оқу жылы:

- 35 педагог қабылданды
- 8 елден
- Ағылшын тілінде 8 пәнді жүргізу үшін

2012-2013 оқу жылы:

- 165 педагог қабылданды
- 13 елден
- Ағылшын тілінде 10 пәнді жүргізу үшін


Ең көп шетелдік педагогтар Астана, Талдықорған және Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерге қабылданды, оларға жиынтығында барлық шетелдік педагогтардың жартысынан астамы (52%) қабылданды.

Кесте: пәндер бөлінісіндегі шетелдік педагогтардың саны

	Астана ФМБ	Көкше- тау	Семе й	Талды қорған	Өске- мен	Орал	Астана ХБ
Директордың орынбасары	1	1	1	1	1	1	0
Топ көшбасшысы	1	1	1	1	1	1	1
Кітапханашы	1	1	1	1	1	1	0
Математика	5	4	4	5	5	2	1
Ағылшын тілі	5	4	4	5	4	4	4
Жобалау жұмысы	2	2	3	2	2	2	0
Физика	2	2	1	3	2	1	0
Информатик а	3	3	3	3	3	2	0
Химия	3	2	2	2	3	1	1
География	1	1	1	1	1	1	0
Экономика	1	1	1	1	1	1	0
Биология	2	2	2	2	2	1	0
Өнер	2	2	1	2	2	1	0
Тарих	0	0	0	0	0	0	1
Өзін-өзі тану теориясы	0	0	0	0	0	0	1
БАРЛЫҒЫ	29	26	25	29	28	19	165


Барлық шетелдік педагогтардың тиісті жоғары білімі бар. Бұдан басқа, негізгі білімнен өзге шетелдік педагогтардың 50%-ға жуығының магистр дәрежесі бар, педагогтардың 25%-ы Кэмбридж Университеті, Халықаралық бакалавриат және басқалары сияқты халықаралық ұйымдардың базасындағы қосымша біліктіліктері бар, 9 адамның ғылым докторы дәрежесі бар.

Кесте: біліктілік деңгейлері бөлінісіндегі жалданған педагогтардың үлесі ,
%



Бос орынды иеленушіге ұсыныс жасау туралы шешім кезінде жұмыс тәжірибесі негізгі фактор болып табылатынын атап өткен жөн. Оның 40%-ға жуығын ұзақтығы 11 жылдан 20 жылға дейін тәжірибесі бар адамдар құрайды. Бұл білім беру процесін тиімді іске асыруға қажетті сараптаманы қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кесте: Шетелдік педагогтардың жұмыс тәжірибесі



Шетелдік педагогтардың лауазымдық міндеттерінің шеңбері қосымша оқу және тәрбие жұмысын жүргізу есебінен айтарлықтай ұлғайтылды. **SAT, IELTS** емтиханын тапсыруға дайындық жүргізілуде, мұғалімдер **«Ақылды тоқсандар»** өткізуге белсене қатысады, **«Жас маман мектебі»**, **креативті хат клубтары**, ағылшын тілінде **актерлік шеберлік мектептері** өткізіледі, ағылшын тілінде мектеп **газеттері** шығарылады және басқалары.

Бұдан басқа, жоба шеңберінде **«Team teaching»** жүйесі енгізілуде, онда сыныпта бір мезгілде екі педагог – қазақстандық және шетелдік, атап айтқанда, пәндерді оқытуды оқудың бірінші және үшінші тілдерінде екі мұғалім жүргізеді. Сонымен қатар осы жоба жоғары білікті отандық мамандардың жетіспеушілігіне байланысты Зияткерлік мектептерді дамытудың бастапқы кезеңдерінде қажет. Одан әрі кадр құрамы сапасының өсуіне орай шетелдік мұғалімдерді кәсіби деңгейі жоғары қазақстандық мұғалімдермен ауыстыру жүргізіледі



3.1.4. Педагогтардың біліктілігін арттыру

Зияткерлік мектептердің мұғалімдері Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін арнайы әзірленген **Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру жүйесі** арқылы кәсіби құзыреті деңгейін арттырады.

Біліктілігін арттыру жүйесі:

- Зияткерлік мектептердің ішіндегі курстарды;
- елдегі курстарды;
- шетелдегі курстарды;

- on-line, of-line курстарын қамтиды.

Зияткерлік мектептердегі оқу «теңбе-тең» әдісі бойынша жүргізіледі яғни әріптестердің оқытуы (тілдік курстар – қазақ және ағылшын тілдерінің мұғалімдері, ИКТ – информатика мұғалімдері). Бұл Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеуден өткен, іргелі пәндік дайындығы бар педагогтардың әлеуетін толыққанды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, осылай оқыту қаржы шығынын аз талап етеді.

Елдегі оқу республикалық және халықаралық деңгейлердегі сарапшыларды тарта отырып, ұйымдастырылады.

Шетелде оқу халықаралық деңгейдегі сарапшыларды тарта отырып, озық білім беру ұйымдарының базасында жүргізіледі.

On-line, off-line оқуы мектептердің ақпараттық-коммуникациялық жүйелерінің ресурстарын тарта отырып, жүзеге асырылады.

Біліктілікті арттыру курстары

2012 жылғы курстардың тақырыптық топтамалары Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің кәсіби дамуы міндеттерімен айқындалған, олардың ішінде мыналарды бөліп көрсеткен жөн.

2012 жылы ДББҰ филиалдары мұғалімдерінің қатарынан әртүрлі пәндер бойынша сертификатталған жаттықтырушылар корпусы айтарлықтай толықтырылды.

48 мұғалім – Сыни тұрғыдан ойлау (Кембридж Университеті сертификаттары).

30 мұғалім – «Балалардың дарынын дамыту» бағдарламасы (Джонс Хопкинс Университеті Талантты жастар орталығының сертификаттары (АҚШ)).

20 мұғалім – пәнді ағылшын тілінде оқыту дағдылары бойынша ағылшын тілінде оқудан өтті (ТКТ).

35 мұғалім – Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж Университетімен (Ұлыбритания) бірлесіп дайындаған, Жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасының үшінші (базалық) деңгейі бағдарламасы жөніндегі жаттықтырушылар.

100 мұғалім Назарбаев Университетінің базасында біржылдық біліктілігін арттыру курсында оқыды.

Педагогикалық құрамның тілдік дағдыларын дамытуға зор көңіл бөлінеді. Осы мақсаттарда жыл сайын пәндер бойынша мұғалімдерді ағылшын тіліне оқыту үшін және ағылшын тілі мұғалімдерінің тілдік құзыретін дамыту үшін арнайы курстар ұйымдастырылады. Соңғы екі жыл ішінде **1084 оқытушы күрделілігі және ұзақтығы әртүрлі ағылшын тілі курстарынан өтті**, сонымен қатар Назарбаев Университетінің базасында пәндер және ағылшын тілінің 100 мұғалімі үшін біржылдық кәсіби дайындық бағдарламасы (PDP) ұйымдастырылды.

Сертификатталған жаттықтырушыларды даярлау сыни тұрғыда ойлау бойынша, дарынды балалармен жұмыс, Кембридж Университетімен бірлесіп дайындаған Үшінші (базалық) деңгейі бағдарламасы бойынша курстарды енгізу есебінен «Педагогикалық білімдер» модулі бойынша Зияткерлік мектептердің ішкі курстарының санын айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік береді. Осы курстарды өткізу бағдарламаларды оқу процесіне тиімді енгізуге ықпал ететін болады және тиісінше оның сапасына дұрыс әсер етеді.


Біліктілікті арттыру жүйесінің мониторингі мыналарды көздейді:

- аралық тексеру (жылына бір рет) және қорытынды аттестаттау шеңберінде ұсынылатын мұғалімнің **жетістіктерінің портфелін** қалыптастыру;
- мұғалімнің оқыту барысында алынған дағдылары мен білімдерін практикада пайдалануын көрсету (мастер-класс, тәрбие шарасы және басқаларын);
- оқушылардың оқу жетістіктерінің серпінін талдау;

- екі жылда бір рет педагогты аттестаттау;
- сертификаттар алу.

2012 жылы «Ағылшын тілі» БАЖ модулі бойынша «Шетелде оқу бағыты» бойынша 6 Зияткерлік мектептен 37 адам оқытудан өтті. Математика, физика, химия, биология және информатика сияқты пәндердің мұғалімдері қарқынды ағылшын тілі курсының Белфаст қ. (Ирландия) қатысушылары болып табылды. Осы курстың қатысушылары Британдық кеңес өткізген келесі Placement test-те оң серпін көрсетті, курстың 20 қатысушысының арасынан **14 адам (70%) өзінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін бір сатыға жақсартты.**

Диаграмма: Ағылшын тілін меңгеру деңгейлері бөлінісінде қалалар бойынша курсқа қатысушылар санының құрылымы



БАЖ-ды енгізу қорытындыларын талдау Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің құзыреттері деңгейінің артқанын көрсетеді. Тілдік құзыреттерін жетілдіру жөніндегі курстар ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби дағдыларын жақсартуға мүмкіндік берді.




Барлығы 2012 жылы **Placement test** (бұдан әрі - Тест) беруге Зияткерлік мектептерде жұмыс істейтін **713** мұғалім мен куратордан **658** адам қатысты, ол 90%-дан астамын құрайды, ал 2011 жылы осы көрсеткіш 76 %-ды құрады. Тестіден өткен қатысушылардың саны 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы Орал қаласында ашылған Зияткерлік мектептің оқытушылары есебінен көбейіп отыр. Емтихан құрылымы өткен жылмен салыстырғанда грамматика, лексика, оқу сияқты неғұрлым күрделі деңгейдегі 3 бөліктен тұрады.

Тестілеудің үш топқа біріктірілген 6 деңгейі бар. «А» тобы – бастапқы және

қарапайым деңгейлер; «В» тобы – орта және орта деңгейден жоғары деңгейлер; «С» тобы – ілгері және кәсіби деңгейлер.

Диаграмма: деңгейлер топтары бойынша оқытушылардың үлесі




Тестілеу нәтижелері бойынша оқытушылардың құрамы мен біліктілігі сапалық жағынан жақсартылғаны сөзсіз. Мәселен, ағылшын тілінің орта деңгейі бар оқытушылардың үлесі айтарлықтай көбейді, сандық тұлғалауда осы көрсеткіш бес жарым еседен астам көбейіп отыр. Бұдан басқа, 2012 жылы жеті оқытушы өзінің ағылшын тіліндегі білімі деңгейін ілгерілету деңгейіне дейін арттыруға мүмкіндік алды. Астана ХБ және Орал қалаларындағы Зияткерлік мектептерде 3 оқытушы «С» тобы - ілгері және кәсіби тілдік дағдылар деңгейінде білімдерін көрсетті. Осыған ұқсас деңгейді Өскемен қаласының Зияткерлік мектебінің бір оқытушысы көрсетті. Өткен жылы ағылшын тілі білімінің ілгері деңгейі туралы куәландыратын жағдайлар тіркелмегенін атап өткен жөн.

Тестілеуден өтушілердің жалпы санының «В» тобында орта деңгей көрсеткен оқытушылардың басым көпшілігі Талдықорған қ. (12%), Орал қ. (6%) және Семей қ. (6%) Зияткерлік мектептерінде шоғырланған. Бұдан басқа, Зияткерлік мектептерге жағдайды сапалық тұрғыдан өзгертуге және ағылшын тілі деңгейінің орта немесе орта деңгейден жоғары білімдері бар оқытушылардың санын айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік туды.

Сонымен қатар тестілеуге қатысушылардың жалпы санынан ағылшын тілінің бастапқы және қарапайым деңгейі бар оқытушылардың төрттен үші жұмыс істейтін Көкшетау, Өскемен және Семей қалаларындағы Зияткерлік мектептер оқытушыларының тілдік дағдыларын дамытуға назар аудару қажет.

Диаграмма: мектептер бөлінісінде деңгейлер топтары бойынша оқытушылардың саны




Осылайша, оқытушылардың сапалық құрамының ортақ үрдісі Зияткерлік мектептердің бүкіл жүйесі бойынша оң бағытта деп түйіндеуге болады, атап айтқанда, ағылшын тілі білімінің қарапайым деңгейі бар оқытушылардың саны қысқартылады

және ағылшын тілінен орта немесе ортадан жоғары білімдері бар оқытушылардың саны ұлғайтылады. Сондай-ақ Орал қаласында жаңадан ашылған Зияткерлік мектептің нәтижелері айқын көрінуде, онда орта немесе ілгері деңгейлері бар оқытушылардың саны ағылшын тілі білімінің қарапайым деңгейінің санынан асып түседі. Осы факті бойынша Назарбаев Университетінің базасында біліктілігін арттыру курсына дайындалған (аталған курстардың небары 12 түлегі) мұғалімдердің (оның ішінде бейіндік пәндер бойынша) озық дайындығының айтарлықтай маңызын атап өткен жөн.

Оқытушылар құрамының тілдік дағдыларын жақсарту туралы ағылшын тілі – IELTS құзыретінің деңгейін айқындау жөніндегі халықаралық біліктілік емтиханының нәтижелері куәландырады.

Диаграмма: IELTS нәтижелері



2010 жылы IELTS емтиханын тапсыру нәтижелері бойынша 36 ағылшын тілінің мұғалімі **6,1 деңгейінде орташа балл көрсетіп** сертификаттар алды, 2011 жылы **6,2 орташа балмен** 101 мұғалім сертификаттар алды және 2012 жылы 136 педагог, оның ішінде пәндер мұғалімдерінің жалпы санымен **орташа балл 6,3-ті** құрады.

Бұдан басқа, өткен есепті кезеңде басым **көпшілігі (74%)** арнайы пәндерді оқыту мақсаттарында ағылшын тілін меңгеруді айқындау жөнінде (ТКТ) күрделі тест тапсырып, **жақсы нәтиже көрсетті**.


2012 жылы «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК өткізген **Қазтестіде** 808 адам тестілеуден өтті, ол директорлар мен олардың орынбасарларын қоса алғанда, мұғалімдер мен әкімшілік-басқару персоналының жалпы санының 97%-ын құрайды. 2011 жылы ұқсас көрсеткіш 85%-ды құрады. 2012 жылы 361 мұғалім сертификат алды, ол мұғалімдердің жалпы санының 45%-ын құрайды.

2011 және 2012 жылдары өткізілген Қазтестінің нәтижелерін салыстырып талдау қазақ тілін білудің жоғары деңгейіне қол жеткізген мұғалімдердің пайызы 2011 жылмен салыстырғанда 15%-дан 40%-ға дейін өскенін көрсетті.

Диаграмма. 2011 және 2012 жж. Қазтест тапсыру қорытындылары бойынша оқытушылардың үлесі


2011 жыл

■ Қарапайым ■ Базалық
■ Орта ■ Ортадан жоғары
■ Жоғары



2012 жыл

■ Қарапайым ■ Базалық
■ Орта ■ Ортадан жоғары
■ Жоғары



Талдықорған және Өскемен қалаларының Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің нәтижелері анағұрлым тұрақты бола түсуде. Өз кезегінде қазақ тілі бойынша тестілеуге бірінші рет қатысқан Орал қаласының Зияткерлік мектебінің мұғалімдері анағұрлым жоғары нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар 2012 жылдағы нәтижелерді талдау Семей және Өскемен қалаларының Зияткерлік мектептерінде сертификаттар алған 50% мұғалім қазақ тілін білудің жоғары деңгейін меңгергенін көрсетті.

Қорытындылай келе, қазақ тілін білудің жалпы деңгейі айтарлықтай артып отырғанын, атап айтқанда, “Қарапайым” деңгейі бар оқытушылардың саны әлдеқайда азайып, қазақ тілін жоғары деңгейде білетін оқытушылардың саны артып отырғанын айтуға болады.

Астана, Семей, Талдықорған, Көкшетау және Өскемен қалаларының Зияткерлік мектептерінде Edusoft компаниясы әзірлеген **English Discovery Online** мультимедиялық оқу бағдарламаларын пайдалана отырып, өндірістен қол үзбей оқу арқылы пәндерді оқытушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру курсы өткізілді.

Жалпы алғанда курспен 200 мұғалім қамтылды:


Қашықтық курсының басты мақсаттары мен міндеттері:

1. Курстың барлық қатысушыларына кез келген қолайлы уақытта икемді жеке кесте бойынша айналысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
2. Мұғалімдердің-курсқа қатысушылардың тілдік құзыретін (аудио-оқу-сөйлеу-жазу) жан жақты дамытуға ықпал ету.
3. Ағылшын тілді білім беру интернет-ресурстарында курсқа қатысушылардың практикалық дағдыларын дамыту.
4. Мұғалімдердің жалпы компьютерлік сауаттылығын және технологиялық құзыреттерін дамыту.
5. Мұғалімдердің қазіргі заманғы білім беру ресурстарымен өздік жұмысы

дағдыларын дамыту.

2012 жылы «Перспектива» Оқу-әдістемелік орталығы» ҰҒУ өткізген Зияткерлік мектептер педагогикалық қызметкерлерінің құзыретін **ИКТ деңгейіне тестілеуде 801** адам тестілеуден өтті, ол директорлар мен олардың орынбасарларын қоса алғанда, мұғалімдер мен әкімшілік-басқару персоналының жалпы санының 97%-ын құрайды. 2011 жылы ұқсас көрсеткіш **89%-ды** құрады. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы білімдерінің жалпы деңгейі тестілеудің барлық кезеңдерінің нәтижелері бойынша айқындалды. Осылайша, **440** мұғалімде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игерудің жоғары және орта деңгейі бар, ол тестілеуге қатысушылардың жалпы санының 55%-ын құрайды, төменгі деңгей 289 (36%) мұғалімде, сыни деңгей – 72 (9%) мұғалімде бар.

Диаграмма: 2012 жылғы тестілеу нәтижелері бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептері педагогтарының ИКТ-құзыреттілігі деңгейі



Диаграммдан көріп отырғанымыздай, ИКТ-ны меңгерудің анағұрлым жоғары деңгейін Өскемен қаласының Зияткерлік мектебінің мұғалімдері иеленіп отыр, осы мектеп мұғалімдерінің жалпы санының 65%-ы зерттеу нәтижесінде үздік нәтижелер көрсетті. Сондай-ақ Көкшетау, Семей және Талдықорған қалаларының Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің де көрсеткіштері жақсы. ИКТ-ны меңгерудің ең төменгі деңгейі Орал қаласының мұғалімдерінде анықталды, онда мұғалімдер мектепшілік курстарда енді ғана оқытыла бастады. Орал қаласы мұғалімдерінің тек 1%-да ғана ИКТ-құзыреттілігінің жоғары деңгейі бар.

2011 және 2012 жылдар ішіндегі тестілеулерге талдау жүргізу барысында ұқсас зерттеуден екінші рет өткен педагогтардың ИКТ-құзыреттілігі деңгейі дамуының оң серпіні анықталды, ол 479 педагогты құрайды. Осылайша, Зияткерлік мектептердің ішкі курстарындағы оқудың нәтижесі ретінде оқытушылардың құрамы мен біліктілігі сапалық тұрғыдан жақсарғаны айқын.


Оң серпін Астана ФМБ, Талдықорған ФМБ және Астана ХБ қалаларының Зияткерлік мектептерінде де байқалуда. Осы Зияткерлік мектептерге жағдайды сапалық тұрғыдан өзгертуге және ИКТ-құзыреттілігінің орта немесе жоғары деңгейі бар оқытушыларының санын айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік туды. Мәселен, 2011 жылмен салыстырғанда 38% педагог өз деңгейін арттырды, 46% педагог өз деңгейін

растады.

2011 және 2012 жылдары тестілеуге қатысушылардың жалпы санынан тұрақты серпін көрсеткен педагогтардың басым көпшілігі Өскемен қ. – 59%, Талдықорған қ. – 50%, Семей қ. – 48% және Көкшетау қ. – 45% Зияткерлік мектептерінде шоғырланған.

2012 жылғы тестілеудің нәтижелері бойынша ИКТ-құзыреттілігі жоғары деңгейін меңгерген педагогикалық қызметкерлер Өскемен, Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері болып табылады.

Диаграмма: Зияткерлік мектептер бөлінісіндегі ИКТ-құзыреттілігі жоғары деңгейі бар мұғалімдер



Сонымен бірге Орал, Астана ФМБ және Семей зияткерлік мектептері оқытушыларының ИКТ-құзыреттілігін дамытуға көңіл аудару қажет, өйткені оларда ИКТ-ның сыни немесе бастақы деңгейін көрсеткен қатысушылардың жалпы санының ИКТ сыни немесе бастапқы деңгейі бар оқытушылардың төрттен бір бөлігінен астамы есепке алынды.

Назарбаев Университеті базасында біліктілікті арттыру

Есепті кезеңде Назарбаев Университетімен «Жаңадан іске қосылатын және қолданыстағы Назарбаев Зияткерлік мектептері үшін мұғалімдердің біліктілігін арттырудың бір жылдық курсы» атты бірлескен жоба әзірленді. 100 педагог UCL-мен (University College London) бірлесіп Назарбаев Университеті әзірлеген бағдарламалар бойынша аталған курстан өтті.

Жобаның мақсаты – ағылшын тілін меңгерген, жаңадан іске қосылатын және қолданыстағы Назарбаев Зияткерлік мектептері үшін мұғалімдердің мақсатты озық дайындығын қамтамасыз ету, жоғары білікті кадр құрамын қалыптастыру үшін оқытудың озық педагогикалық теориясын және практикалық әдістерін меңгеру.

Курстың міндеттері:

- ағылшын тілін меңгеру;
- жеке басқа бағытталған оқытуды және тәуелсіз оқушы тәрбиелеуді қоса алғанда, оқыту стратегияларына үйрету;
- сыни ойлау дағдыларын дамыту әдістемелеріне оқыту;
- рефлексивті практика;

- сыныптарда зерттеу жобаларын жүргізуге оқыту;
- сабақтарды ағылшын тілінде жүргізу әдістемелеріне оқыту (CLIL);
- сыныпта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға оқыту.

Кесте. Курс тыңдаушыларының IELTS емтиханы нәтижелерінің серпіні

Баллдар бойынша емтихан нәтижесі	8		7,5-7,0		6,5-6,0		5,5-5,0		4,5-4,0	
Мұғалімдердің саны, адам	2011	2012	2011	2012	2011	2012	2011	2012	2011	2012
	0	2	10	15	46	66	30	14	14	0

Кесте. Өңірлер бойынша тыңдаушылардың саны туралы ақпарат

№	Өңір	Мұғалімдердің саны
1	Ақмола облысы	3
2	Ақтөбе облысы	9
3	Алматы облысы	4
4	Атырау облысы	3
5	Шығыс Қазақстан облысы	10
6	Жамбыл облысы	7
7	Батыс Қазақстан облысы	10
8	Қарағанды облысы	13
9	Қостанай облысы	2
10	Павлодар облысы	7
11	Солтүстік Қазақстан облысы	7
12	Оңтүстік Қазақстан облысы	4
13	Алматы	4
14	Астана	17
	Жиынтығы	100

Кесте. Мамандықтар бөлінісіндегі педагогтардың саны

№	Пән	Мұғалімдердің саны
1	Ағылшын тілі	70
2	Биология	1
3	Химия	4
4	Информатика	6
5	География	2
6	Тарих	3
7	Қазақ тілі	3
8	Математика	7

9	Физика	2
10	Орыс тілі және әдебиет	2
	Жиынтығы	100

Оқытудың бір кезеңі Назарбаев Зияткерлік мектептерінде, «Мирас» Халықаралық бакалавриат мектебінде, «Хейлиберри» мектебінде баяу және белсенді практиканы өткізу болып табылады.

Оқытудың практикалық кезеңінде мұғалімдер педагогикалық ахуалды оның даму серпінінде талдау, жақын және қашық нәтижелерді болжау, педагогикалық тапсырмаларды кезеңдік және жедел деп нақтылау шеберлігін дамытты.

Курстың әрбір қатысушысы зерттеу тақырыбымен іс-әрекетте жұмыс істейді. Талдау нәтижелері бойынша 13 үздік жоба қорытынды жинақта жарияланды. Жобаға қатысушылар Назарбаев Университеті базасында «Оқытудағы қазіргі заманғы үрдістер-2011» халықаралық конференциясында баяндамалар жасады.

Оқытудың нәтижелілігі (TKT, CLIL, IELTS) халықаралық емтихандарын тапсыру қорытындыларымен айқындалды. Тұтастай алғанда, мониторинг нәтижелердің оң серпінін көрсетеді.

Осылайша, Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің педагогикалық қоғамдастығы педагогтардың жоғары білікті құрамымен, оның ішінде көптілді оқытуды жүзеге асыруға қабілетті пән мұғалімдерімен толықты.

«Роботтехника негіздері» элективті бағдарламасы

2012 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курсының шеңберінде Назарбаев Университеті роботтехникасының оқытушылары оқушылар үшін «Роботтехника негіздері» элективті курсы бойынша бағдарлама әзірледі. Осы бағдарлама Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 5-9 сыныптар бағдарламасындағы аттас элективті курстың логикалық жалғасы болып табылады және оның жобаларды жасау қағидаты бойынша құрылған практикалық бағдарланған бағыты болады.

Оқу VEX Robotics оқу конструкторларының базасында жүзеге асырылады, ол оқушылардың өз әлеуетін толық ашуына және XXI ғасырда табысқа қол жеткізу үшін өмірлік маңызы бар білімдері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін конструкторлық тәжірибе алуы үшін алдыңғы қатарлы оқу тұғырнамасы болып табылады. Оқушылардың бағдарламаны меңгеруі оларға математика, физика, информатика білімдерін практикалық қосымшаларда – роботтехникалық жүйелерде, зерттеу, дизайнерлік және коммуникативті дағдыларын дамыта отырып, қолдануға мүмкіндік береді.

2013 жылға арналған мұғалімдердің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарлар:

Кәсіби сұрау салуларға және Біліктілікті арттыру жүйесін дамытудың стратегиялық мақсаттарына сәйкес елімізде және шетелдерде біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы мынадай топтамалармен толықтырылды:

- ықпалдасқан оқу бағдарламаларын енгізу практикасы;
- қазақстандық және шетелдік педагогтардың командалық оқыту (Team-teaching) ерекшеліктері;
- оқытуда инновациялық әдістерді қолдану;
- оқыту ортасын өзгерту;
- білім беру процесіне құндылықтарды енгізу тәсілдері;
- оқушылардың дарынын дамыту;
- тілдік және пәндік құзыреттерді тәуелсіз сыртқы бағалау (ҚазТест, ТКТ-тест,

IELTS, Placement Test, ИКТ тест);

- ағылшын тіліне және ИКТ-ға онлайн оқыту (ЮНЕСКО стандарттары);
- білім берудегі менеджмент және көшбасшылық;
- тәрбие жүйесінің тұжырымдамалық тәсілдерін айқындау;
- оқу процесін медиациялық сүйемелдеу.

3.1.5. Педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау

Аттестаттаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- а) Назарбаев Зияткерлік мектептерінің миссиясын педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуын ынталандыру арқылы іске асыру;
- б) тиісті деңгейді белгілеу және растау үшін педагогикалық қызметкер құзыреттілігінің атқарып отырған қызметіне және біліктілік талаптарына сәйкестігі деңгейін анықтау;
- в) педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуын ынталандыру;
- г) педагогтардың педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес педагогикалық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің сараланған деңгейін қамтамасыз ету.

Педагогикалық қызметкерлерді (пән мұғалімдерін) аттестаттау

Зияткерлік мектептердің педагогикалық қызметкерлерін аттестаттаудың арнайы әзірленген үлгісі 2012 жылғы ақпанда басталды. Үлгі мыналарды қамтиды:



2012 жылғы 6 қаңтардағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен мыналар бекітілді: Аттестаттау қағидалары, педагогикалық шеберліктің 6 деңгейіне біліктілік талаптары, аттестаттау тапсырмалары. Педагогикалық шеберліктің 6 деңгейі - бұл: **мұғалім-тағылымдамадан өтуші, мұғалім, мұғалім-модератор, мұғалім-сарапшы, мұғалім – зерттеуші және мұғалім-шебер**.


Сапалы оқытуға қажетті педагогтың құзыреті біліктілік талаптарындағы алты деңгей үшін жеке жазылған, құзыреттіліктердің үш өрісі арасында былайша тең бөлінген: кәсіби білім, кәсіби практика және кәсіби даму (сурет. Біліктілік талаптары, құзыреттіліктердің 3 өрісі)



Түпкілікті шешім шығару кезінде барынша объективті болу үшін аттестаттау комиссиясы Зияткерлік мектептің пікірін басшылыққа алады, ол үшін аттестаттау үлгісінде тағы бір бағалау құралы ретінде бағалау парақтарымен ұсынылған сенім білдірілген тұлға институты көзделді. Бағаланатын құзыреттерді қабылдау бойынша бағалау парақтары біліктілік талаптарының үш өрісімен сәйкес келеді. Пішімі бойынша бірдей бағалау парақтарын біріншіден, аттестатталушының өзі, екіншіден, сенім білдірілген тұлға (аттестатталушының әріптесі) және үшіншіден, негізгі ақпарат беруші (Зияткерлік мектеп әкімшілігінің өкілі) толтырады.

Әрбір педагогты бағалау кезінде «Зияткерлік мектептердің дамуына қосқан үлесі» тармағы қомақты аспекті болып табылады. Осы аспектінің нақты маңыздылығы Зияткерлік мектептерде педагогикалық қоғамдастық құруға зор маңыз берілуімен қамтылады, ол бір мектептің ішіндегі әріптестер арасындағы тиімді өзара іс-әрекетсіз мүмкін болмайды. Сонымен қатар сол немесе өзге де деңгейді беру туралы шешім шығару кезінде аттестаттау комиссиясының мүшелері сыртқы емтихандардың (Қазтест, IELTS/Placement test және ИКТ тестілеу) нәтижелерін ескереді.

Диаграмма: Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің кәсіби шеберлігі деңгейінің болуы туралы мәліметтер



2012 жылғы аттестаттау қорытындылары бойынша Зияткерлік мектептер желілерінде 19% - мұғалімдер-сарапшылар, 40% мұғалім-модераторлар, 30% мұғалімдер және 10%-мұғалімдер-тағылымдамадан өтушілер. Зияткерлік мектептер желілерінде әзірге педагогикалық шеберліктің аса жоғары деңгейі бар мұғалімдер-зерттеушілер мен мұғалімдер-шеберлер сияқты педагогикалық қызметкерлер жоқ, олардан біліктілік талаптарына сәйкес Зияткерлік мектептер желісінің деңгейіндегі және халықаралық деңгейдегі жетістіктер, тек оқушыларды ғана емес, өздерінің әріптестерін де дайындау және оқыту, зерттеушілік қызметті жүргізу, авторлық білім бағдарламаларын және әдістемелерін әзірлеу талап етіледі.

Мұғалімдер-тағылымдамадан өтушілер – бұл кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар педагогикалық қызметкерлер, негізінен, олар жоғары оқу орындарының түлектері болып келеді, олардың жақсы пәндік білімдері бар, бірақ әлі оқыту әдістемесі жоқ.

Мұғалімдер – бұл 2 жылдан астам жұмыс өтілі бар және педагогикалық техника мен оқушыларды бағалау тәсілдерінің анағұрлым терең білімі бар педагогикалық қызметкерлер.

«Мұғалім-модератор» деңгейін растау үшін біліктілік талаптарына сәйкес дарынды балалармен жұмыстың қомақты тәжірибесі болуы, оқушылардың қабілеттері диагностикасының дағдыларын меңгеруі, сыни тұрғыдан ойлау әдістемесін білуі қажет. Мұғалім-сарапшы өз әріптестері үшін тәлімгер әрі білім бағдарламаларын әзірлеуші болып табылады, сондай-ақ өзінің пәндік саласында жоғары кәсіби жетістіктері болады.

Директорлар мен директорлардың орынбасарларын аттестаттау

2012 жылғы сәуірде Зияткерлік мектептердің директорлары мен директорларының орынбасарларын аттестаттау жүргізілді. Зияткерлік мектептердің педагогикалық қызметкерлерінің осы санатын бағалау үшін арнайы нысан әзірленді, онда басшылардың мынадай қырлары ескерілді: тіл табысқыштық (ұжыммен жұмыс істей білу, қоғаммен және ата-аналармен ынтымақтастық жасау дағдылары); стресстұрақтылығы; ресурстарды басқару үшін жоспарлау және бөлу шеберлігі және тағы басқалары.

Қызметтік бағалау қорытындылары бойынша директордың қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі екі орынбасары аттестаттаудан өткен жоқ.

Педагогикалық қызметкерлерге теңестірілген адамдарды аттестаттау

2012 жылғы мамырда педагогикалық қызметкерлерге теңестірілген адамдарды (кураторлар, қосымша білім беру педагогтары, педагог-логопед, педагог-психолог, оқу бөлімінің әдіскері, кәсіптік бағдарлау жұмысы жөніндегі инспектор, музыкалық жетекшілер, хореографтар) аттестаттау жүзеге асырылды.

Жүргізілген аттестаттау нәтижелері

Педагогикалық қызметкерлерге және оларға теңестірілген адамдарға жүргізілген аттестаттау нәтижелері төмендегі кестелерде берілген.

Кесте. Аттестаттаудан өткен педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдардың саны

Педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдардың санаты	Саны, адам
Барлық пәндердің мұғалімдері	575
Директорлар мен директорлардың орынбасарлары, бала бақша мен мектепалдындағы топтың меңгерушісі	9

Кураторлар, МБП, музыкалық жетекшілер, хореографтар	140
ЖИЫНТЫҒЫ:	724

Кесте. 2011-2012 оқу жылындағы аттестаттау қорытындылары бойынша педагогикалық шеберлік деңгейлері бойынша сапалық құрам

Мектеп	Аттестаттаудан өтуге өтініш берген педагогтар саны, адам	Педагогикалық шеберлік деңгейі				Аттестатталғандар саны, барлығы, адам
		мұғалім-тағылымдамадан өтуші	Мұғалім	мұғалім-модератор	мұғалім-сарапшы	
Астана ФМБ	115	3	33	43	29	108
Астана ХБ	47	0	3	13	10	26
Көкшетау ФМБ	119	1	20	46	16	83
Семей ФМБ	115	16	43	37	16	112
Талдықорған ФМБ	113	24	41	43	23	131
Өскемен ХББ	118	13	35	50	17	115
Жиынтығы:	627	57	175	232	111	575

Аттестаттау жүргізілгеннен кейін Зияткерлік мектептердің педагогикалық қызметкерлеріне сауалнама жүргізілді. Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне жүргізілген аттестаттау:

1. Әрбір педагогикалық қызметкердің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға;
2. Дара даму траекториясын барынша саналы түрде ойластыруға (бағыт парағы);
3. Педагогикалық ұжым ішінде кәсіби шеберлік белгісі бойынша саралауға;
4. Өзін-өзі бағалау дәстүрін дамытуға;
5. Өзара іс-әрекетті (желіішілік) ұйымдастыру үшін мүмкіндіктерді, әлеуетті айқындауға;
6. Жинақталған педагогикалық және басқару тәжірибесін шоғырландыруға ықпал еткенін атап көрсетті.

Кері байланыс деректері бойынша Зияткерлік мектептердің педагогикалық қызметкерлерінің сапалы кәсіби дамуы үшін:

1. Педагогикалық қызметкерлердің модульдар: ИКТ және тілдік құзыреті бойынша біліктілігін арттырудың мектепшілік курстары шеңберінде даярлығын күшейту;
2. Сыни тұрғыдан ойлау әдістемесін терең зерттеу және оны практикалық қолдану жөніндегі дағдыларын жақсарту;
3. Тиімді тайм-менеджмент бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту;
4. Өзін-өзі таныстыру дағдыларын жақсарту қажеттігі де айқындалды.

3.1.6. «2012 жылдың үздік педагогы» республикалық конкурсы

2012 жылғы 5 қазанда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ делегациясы кәсіби мереке – Мұғалімдер күніне арналған «Қазақстан үздік мұғалімдерінің балы»

атты І республикалық форумға қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – бұл республикада мұғалімнің мәртебесін арттыру және мамандықты танымал ету. «2012 жылдың үздік педагогы» атағын иеленуге арналған конкурста шеберлік, талант, оқушыларға мұқият қарау, сондай-ақ мамандыққа деген сүйіспеншілік пен шексіз берілгендік басты критерий болды.

«2012 жылдың үздік педагогы» республикалық конкурсы жеңімпаздарының арасында Көкшетау қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің физика мұғалімі Сергей Кошкин, Астана қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің математика мұғалімі Гүлнәр Апеева, Семей қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ағылшын тілі мұғалімі Юлия Каменская.



Балға қатысушыларды және Қазақстанның мұғалімдерін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов құттықтап, «2012 жылдың үздік педагогы» республикалық конкурсының 48 жеңімпазына медальдар, естелік статуеткалар мен сыйлықтар табыс етті. Елдің ең үздік мұғалімдерін наградтау тұңғыш рет таңдаулылар балы нысанында өтті.

3.2. Оқушыларды дамыту

3.2.1. Оқушыларды конкурстық іріктеу

Зияткерлік мектептерге оқушыларды конкурстық іріктеу «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысына (бұдан әрі – Қағидалар), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Қамқоршылық Кеңесінің 2012 жылғы 29 ақпандағы №1 шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларына, 2010 жылғы 10 маусымдағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Акционерлік қоғамы басқармасының шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарына 1-6 сыныптарға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидаларға сәйкес балаларды Зияткерлік мектептердің 2-6, 7-10 сыныптарына қабылдау оқушылардың жаратылыстану-математика бағытындағы күрделіліктің жоғары деңгейі бағдарламаларын меңгеруге әзірлігі мен қабілетін айқындауды көздейтін конкурстық іріктеу жолымен жүргізіледі.

2-10 сыныптарға конкурстық іріктеу мыналарды қамтиды:

- негізгі пәндер бойынша білімдерін кешенді тексеру;

- бейіндік пәндер бойынша жазбаша бақылау жұмысы;
- тілдерді меңгеру деңгейін (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) айқындау.

Өңірлердегі конкурстық іріктеу облыстық және қалалық білім департаменттерінің жәрдемдесуімен ұйымдастырылды.

Барлығы 2012 жылы Астана, Семей, Көкшетау, Өскемен, Талдықорған, Орал, Қарағанды*, Павлодар*, Ақтөбе* қалаларының Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқу үшін оқушыларға мынадай бес конкурстық іріктеу жүргізілді:

- 1) 2012 жылғы 15 - 22 сәуір (7 сыныптар)
- 2) 2012 жылғы 16 - 24 маусым (2-9 сыныптар)
- 3) 2012 жылғы 8 - 16 қыркүйек (3,4,5,8 сыныптар)
- 4) 2012 жылғы 14 - 22 қазан (7-9 сыныптар)
- 5) 2012 жылғы 11 - 19 қараша (7-9 сыныптар).

Ескерту: * Қарағанды (558 адам іріктелді), Ақтөбе (736 адам іріктелді), Павлодар (478 адам іріктелді) және Семей (3 адам іріктелді) қалаларының Зияткерлік мектептеріне оқушыларды конкурстық іріктеу жүргізілді, «Өркен» білім беру грантын тағайындау жөніндегі Республикалық комиссияның отырысы 2012 жылғы 27 желтоқсанға тағайындалды.

2012 жылғы 24 мамыр мен 16 тамыздағы «Өркен» білім беру грантын тағайындау жөніндегі Республикалық комиссияның шешіміне сәйкес конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша 2012 жылы 7-10 сыныптарда оқу үшін 974 оқушыға, оның ішінде резервтік тізімнен 91 оқушыға гранттар тағайындалды. Қосымша шекті балл алған 492 үміткер санындағы резервтік тізім қалыптастырылды.

1-6 сыныптарға конкурстық іріктеу жүргізілді, оның нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептерге 136 оқушы қабылданды.

Оқушыларды конкурстық іріктеу қорытындылары

Зияткерлік мектептердің атауы	Конкурс қорытындылары бойынша қабылданған балалар саны		Барлығы
	1-6 сыныптар	7-9 сыныптар	
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Астана қ.	-	145	145
Астана қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі	-	100	100
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Көкшетау қ.	48	159	207
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Семей қ.	14	221	235
Назарбаев Зияткерлік мектебі ХББ Өскемен қ.	33	114	147
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Талдықорған қ.	41	101	142
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Орал қ.	-	134	134
Жиынтығы	136	974	1110

Зияткерлік мектептердің 6 сыныптар оқушыларының конкурсқа қатысу қорытындылары туралы ақпарат

№	Зияткерлік мектептердің атауы	Оқушылар -дың саны	Олардың ішінде 7-сыныпқа өтініш бергені	Грант тағайындалғаны	Шекті балл алмағандар саны
1	Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Талдықорған қ.	64	64	52	3
2	Назарбаев Зияткерлік мектебі ХББ Өскемен қ.	47	47	40	7
3	Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Көкшетау қ.	56	56	53	3
4	Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Семей қ.	58	57	48	4
5	Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Астана қ.	79	77	53	1
Жиынтығы		304	301	246	18

Конкурстық іріктеу қорытындылары Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 6-сыныптарын бітірушілердің басқа жалпы білім беретін мектептердің оқушыларымен салыстырғанда жоғары нәтижелер алғанын көрсетті. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 6-сыныптарын бітірушілердің ішінен 81,7%-ы шекті деңгейді ойдағыдай өтті.

3.2.2. Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесін әзірлеу және енгізу

Пәндер бойынша CIE-мен бірлесіп әзірленген жаңа жетілдірілген бағдарламалар білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануды дамытуға бағытталған. Бұл Зияткерлік мектептерде оқуға үміткерлерге күрделі талаптар қояды.

ДББҰ Cito, Голландия және СТУ, АҚШ стратегиялық әріптестерімен бірлесіп конкурстық іріктеудің жаңа жүйесін әзірлеуде. Ол Зияткерлік мектепте күллі оқу кезеңі бойы жоғары нәтижелер болатын жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілетті оқушыларды қабылдауға бағытталады.

Тапсырмаларды әзірлеу үшін Зияткерлік мектептердің 35 мұғалімі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері және математика) оқушылардың білімдерін ғана тексеріп қоймай, сонымен қатар білімдерін қолдана білуге бағытталған тестілік тапсырмаларды жасау жөнінде дайындықтан өтті. Әзірленген тапсырмалар Сито мамандарының сараптамалық қорытындысын алды. Осы жұмыстың қорытындылары бойынша:

1. Cito халықаралық консультантының қатысуымен Зияткерлік мектептерге оқушыларды конкурстық іріктеуде әзірленген мәселелерді сараптамадан өткізуге үйрету жөнінде.

2. Тестілік тапсырмалардың нәтижелерін талқылау, оларды пысықтау, конкурстық іріктеу тестілерін жинау жөнінде семинарлар өткізілді.

3. Қыркүйекте Зияткерлік мектептердің және жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныптары оқушыларының ішінде конкурстық іріктеудің тестілік тапсырмаларын сынақтан өткізу жүргізілді. Ол үшін тестілердің бірегей нұсқалары қалыптастырылды, тестінің дизайны және оқушылардың санын сынақтан өткізу үшін қажетті өткізу мерзімі анықталды. Сынақтан өткізу қорытындылары бойынша тестілік тапсырмалардың сапасы айқындалды, ағымдағы жылдың қазан айында

әзірлеушілермен семинар өткізілді және жаңа конкурстық іріктеуде пайдалану үшін тестілік тапсырмалардың банкі бекітілді.

Оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға деген қабілеттерін бағалау үшін СТҮ-мен жұмыс жүргізіліп жатыр. Ол үшін ЦПИ қызметкерлері кеңістік тұрғыдан ойлауды және логика негізінде сандық сипаттаманы алдын ала білуін бағалау үшін тестілерді аударып, сынақтан өткізді, оларды сынақтан өткізуді жүргізді.

Сынақтан өткізу қорытындылары бойынша тестілік тапсырмалардың сапасы айқындалды және конкурстық іріктеуде пайдалану үшін тестілердің түпкілікті нұсқаларын жасау жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр. Тестілік тапсырмалардың базасын пысықтағаннан кейін сынақтан өткізу нәтижелері бойынша осы жүйе 2013 жылы қолданыстағы Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына конкурстық іріктеу кезінде пайдалануға ұсынылады.

Сондай-ақ оқушылардың қабілеттерін бағалау нәтижелерін мектептердің педагогтары әртүрлі қабілеттілік деңгейлерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін және әрбір оқушының бірнеше жыл бойы дербес прогресін талдау кезінде пайдаланатын болады. Ол үшін 2013 жылы СТҮ-мен бірлесіп сараланған оқуды ұйымдастыру үшін оқушылардың қабілеттерін психометрикалық бағалау нәтижелерін пайдалану жөнінде 7-сыныптардың мұғалімдері үшін оқыту курстары ұйымдастырылады.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді және тілдерді үйретуде прогреске арналған кеңістік тұрғыдан ойлау көрсеткіштеріне әсерді бағадау жөнінде СТҮ-мен бірлескен ұзақ мерзімді зерттеу жүргізу жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылдың сәуір айы мен маусым айларында Астана, Көкшетау, Талдықорған, Семей, Өскемен қ. Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына, 3, 4, 8 және 9-сыныптарының бос орындарына конкурстық іріктеу жүргізілді. Осы мақсатта ЦПИ-де қазақ және орыс тілдерінде математика, қазақ (ана тілі және екінші тіл ретінде), орыс (ана тілі және екінші тіл ретінде), ағылшын тілдерінде, биология, химия және физика бойынша емтихан материалының сараптамасы жүргізілді, тестілік тапсырмалардың базасы жаңартылды, үміткерлер контингентіне сәйкес кітапшалар-сұрақтар таралымы жүргізілді.

3.2.3. Оқушылардың контингенті

2011-2012 оқу жылы Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен қалаларының Зияткерлік мектептерін 3982 оқушы бітірді, олардың 2242-сі қазақ тілінде және 1740 орыс тілінде оқып бітірді.

2011-2012 оқу жылының аяғына таман Зияткерлік мектептер оқушыларының саны

Зияткерлік мектептердің атауы	Барлығы, адам	Қазақ тілінде оқыту	Орыс тілінде оқыту
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Семей қ.	684	382	302
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Көкшетау қ.	748	411	337
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Астана қ.	832	430	402
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Талдықорған қ.	736	418	318

Назарбаев Зияткерлік мектебі ХББ Өскемен қ.	750	483	267
Астана қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі	232	118	114
Жиынтығы	3982	2242	1740

2012-2013 оқу жылы 2012 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша жеті Зияткерлік мектептегі оқушылардың саны 4578 адамды құрайды, олардың 2646-ы қазақ тілінде және 1932-сі орыс тілінде оқиды.

2012 жылғы желтоқсанға арналған Зияткерлік мектептердегі оқушылардың саны

Зияткерлік мектептердің атауы	Барлығы, адам	Қазақ тілінде оқыту	Орыс тілінде оқыту
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Семей қ.	753	434	319
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Көкшетау қ.	751	443	308
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Астана қ.	889	462	427
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Талдықорған қ.	707	389	318
Назарбаев Зияткерлік мектебі ХББ Өскемен қ.	706	457	249
Астана қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі	289	167	122
Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ Орал қ.	483 (оның ішінде 120- интернат)	294	189
Жиынтығы	4578	2646	1932

3.2.4. Виртуалдық және жексенбілік мектептер

Жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілетті балаларды анықтау және іріктеу үшін Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары 2011 жылы «Виртуалдық мектеп» және «Жексенбілік мектеп» жобаларын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырып жатыр.

Жобалардың мақсаты - Қазақстан Республикасының әртүрлі білім беру ұйымдарының 5 және 6-сыныптардың оқушыларына олардың жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілетін дамыту және Зияткерлік мектептерге Тұңғыш Президенттің «Өркен» грантына түсуге дайындау үшін жағдайлар жасауы.

«Виртуалдық мектеп» веб-сайтының көмегімен үміткерлер өңірлік Зияткерлік мектепте оқуға тіркелуіне, орындау жөнінде тапсырмалар мен ұсынымдар алуына, педагогтың дербес консультациясын алуына болады.

«Виртуалдық мектептің» тапсырмаларын ойдағыдай орындаған оқушылар бейіндік пәндер бойынша күндіз оқуға және конкурстық іріктеу пәндері бойынша күндізгі консультацияларға арналған өңірлік Зияткерлік мектепке шақырылады.

Виртуалдық мектептерге қатысушылардың саны туралы ақпарат

№ р/с	Зияткерлік мектеп	Виртуалдық мектептерге қатысушылардың саны, адам		
		барлығы	қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту
1	Астана қ. ФМБ	694	396	298
2	Астана қ. ХБ	145	80	65
3	Көкшетау	659	344	315
4	Өскемен қ.	351	170	181
5	Семей қ.	346	139	207
6	Талдықорған қ.	647	454	193
7	Орал қ.	83	55	28
	Жиынтығы	2925	1638	1287

Барлығы 2012 жылы Виртуалдық мектептерге қатысушылардың саны Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының 2925 оқушысын құрады.

Жексенбілік мектептерге қатысушылардың саны туралы ақпарат

№ р/с	Зияткерлік мектеп	Жексенбілік мектептерге қатысушылардың саны		
		барлығы	қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту
1	Астана қ. ФМБ	81	52	29
2	Астана қ. ХБ	5	2	3
3	Көкшетау қ.	49	27	22
4	Өскемен қ.	56	29	27
5	Семей қ.	4	4	0
6	Талдықорған қ.	5	4	1
7	Орал қ.	13	6	7
	Жиынтығы	213	124	89

2012 жылы Жексенбілік мектептерге қатысушылардың саны Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының 213 оқушысын құрады.

2013 жылға арналған жоспарлар

1. «Виртуалдық мектеп», «Жексенбілік мектеп» жобаларын іске асыру шеңберінде облыстық (қалалық) білім басқармаларымен ынтымақтастықты жалғастыру;

2. Қолда бар тәжірибе негізінде Виртуалдық мектеп сайтының жұмысын жетілдіру.

3.2.5. Элективті курстар

Білім беру қызметтерін ұсынудың жоғары сапасына және Зияткерлік мектептер

қызметінің тиімділігіне қол жеткізу үшін 2012 жылы балаларды қолдау жөнінде арнаулы іс-шаралар өткізілді. Елімізде және шетелде физика, математика, химия, биология, сондай-ақ ағылшын тілі (тілдік курстар) бойынша элективті курстарды ұйымдастыру солардың біреуі болып табылады.

Олимпиадаларда, жарыстарда, ғылыми жобаларда жетістіктері бар оқушылар, оқуда оң серпін көрсеткен оқушылар шетелдік және отандық оқу орындарындағы элективті курстарда пәндерді тереңдетіп оқу мүмкіндігіне ие болды.

Элективті курстарды таңдау кезінде өзектілігі және оқушылар үшін жаңашылдығы деңгейіне, дәлелденген және дамыған әлеуетіне назар аударылды. Бағдарламалардың мазмұны оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалдық дамуына ықпал етеді, белсенді оқу әдістерін кеңінен пайдалануды, заманауи білім беру технологияларына бағдарлануды пайымдайды.

Элективті курстар мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- оқушының өзін-өзі анықтауына және одан әрі кәсіби қызметін таңдауына ықпал етеді;
- жоспарланып отырған бейінде оқытудың жағымды уәждемесін жасауға;
- оқушыларды осы бейін үшін жетекші қызмет түрлерімен таныстыру;
- оқушылардың танымдық қызметін жандандыру;
- оқушылардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігін арттыру.

Элективті курстар туралы ақпарат

№ р/с	Курстың атауы	Өткізу орны	Оқушылардың саны
1	Жаратылыстану-математика ғылымдарын оқыту курсы	Колмогоров ат. СУНЦ , Мәскеу қ., РФ	20
2	Джонс Хопкинс Университеті Талантты Жастар Орталығының жазғы лагері (СТҮ)	г. Кэрлайл, АҚШ	12
3	Наурыз кездесулері	Астана қ., Қазақстан	50
4	The Bell Educational Services Ltd қатысуымен Талдықорған қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ базасындағы жазғы мектеп	Талдықорған қ., Қазақстан	94
5	International House Belfast Ltd қатысуымен ФМН Көкшетау қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі ФМБ базасындағы жазғы мектеп	Көкшетау қ., Қазақстан	141
6	«В.Н. Чаломей ат. Халықаралық ғарыш мектебі» ГБОУ базасындағы Ғарыш жөніндегі оқу-танымдық сабақтар	Байқоңыр	48
7	Жаратылыстану-математика курстары және IELTS тәуелсіз емтиханына дайындық курстары	Кенингтон қ., Ұлыбритания	30
8	Физика, химия және биология бойынша FIF Technologies LLP «Ғылыми ашулар» оқу семинары	Сингапур	24
9	Ұлыбритания Корольдік институтындағы рождестволық лекциялар	Лондон қ., Ұлыбритания	14
10	«Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдинг» АҚ-дағы химия және	Қарағанды қ., Қазақстан	30

	биология бойынша элективті курстар		
11	«Қазақ Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-дағы оқу курсы	Астана қ., Қазақстан	30
	Жиынтығы		493

2013 жылға арналған жоспарлар

1. Элективті курстарды ұйымдастыруды одан әрі жоспарлау үшін 2010-2012 жылдары өткізілген курстардағы оқудың тиімділігі мен сапасына талдау жүргізу;
2. Курстар бойынша республикада және шетелде ақпарат жинау, білім беру қызметінің осы сегментінде өзін ойдағыдай көрсеткен әріптестер іздеу;
3. Элективті курстарды ел ішінде және шетелде жүргізудің санын ұлғайту;
4. Қолданыстағы Зияткерлік мектептердің базасында Жазғы тілдік мектептерді өткізу;
5. Жазғы тілдік мектептердегі жұмыс үшін Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін оқыту бойынша тренингтер өткізу.

3.2.6. Оқушылардың оқу үлгерімі

2012 жылы істелген жұмыс

Есепті кезең ішінде оқу үлгерімі туралы есептер жиналды, алынған статистикалық деректер өңделді, 2011-2012 оқу жылының 1, 2, 3, 4 тоқсандарының қорытындылары бойынша оқу үлгерімінің нәтижелерін талдау дайындалды.

2011-2012 оқу жылының 1 жартыжылдығы үшін оқу үлгерімі мен білім сапасының нәтижелері жиналып, өңдеуден өтуде.

Оқушылардың 2011-2012 оқу жылы ішіндегі оқу үлгерімі


2011-2012 оқу жылы Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған және Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерді 3981 оқушы аяқтады, олардан 2242-сі (56%) – қазақ тілінде және 1739-ы (44%) орыс тілінде оқитындар.

Кесте. 2011-2012 оқу жылының аяғында Зияткерлік мектептерде оқитындардың саны, адам

Зияткерлік мектеп	Барлығы оқушылар	Қазақ тілінде оқитындар	Орыс тілінде оқитындар
Астана қ-сы ФМБ	831	430	401
Астана қ-сы ХБ	232	118	114
Көкшетау қ-сы	748	411	337
Семей қ-сы	684	382	302
Талдықорған қ-сы	736	418	318
Өскемен қ-сы	750	483	267
Жиыны:	3981	2242	1739

2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша барлық Зияткерлік мектептер оқушыларының үлгерімі – 100%-ды, білім сапасы 91,4 %-ды құрады.

Диаграмма. 2010-2011 және 2011-2012 оқу жылдарының қорытындысы бойынша білім сапасын салыстыру (%)



2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептер бөлінісінде білім сапасының орташа мәні:

- Астана қ-сы– 91,6%;
- Астана қ-сы (ХБ) – 90,1%;
- Көкшетау қ-сы – 91%;
- Семей қ-сы– 93,1%;
- Талдықорған қ-сы– 90,8%;
- Өскемен қ-сы – 92%.

Неғұрлым жоғары білім сапасы бастауыш мектеп оқушыларында байқалып отыр – 98,3%, негізгі мектепте білім сапасы төмендеу – 88,4%, ал жоғары мектепте – 92,7%.

2011-2012 оқу жылында барлық Зияткерлік мектептерде, атап айтқанда физика-математика бағытындағы мектептердің 7-ші сыныптарында және химия-биология бағытындағы мектептердің 8-ші сыныптарында және Астана қаласындағы Зияткерлік мектепте критерийлік бағалау жүйесін жасау және енгізу жөнінде жұмыс басталғанын атап өту керек.

Мұғалімдердің критериалды бағалауды пайдалануы бағалаудың объективтілігін арттырды, бірақ оқу жылының басында осы сыныптарда көрсеткіштердің төмендеп кетуіне әкеп соқтырды. Дегенмен, мектептердің оқушылармен жүргізген жеке жұмысы және педагогтардың бағалауда сыни көзқарасты пайдалануы оқушылардың білім сапасының тоқсандар бойынша және оқу жылының қорытындысы бойынша динамикада артуына алып келді.

Кесте. 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша 7-ші сынып оқушыларының білім сапасы

Мектеп	6-шы сынып 2010-11 оқу жылы	7-ші сынып 2011-12 оқу жылы				Жыл қорытындысы бойынша
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	
Астана қ-сы ФМБ	91,4	49,0	58,3	71,9	80,2	82,3
Көкшетау қ-сы	96,4	45,3	44,4	55,0	72,6	82,3

Семей қ-сы	84,8	28,2	51,6	61,1	77,5	82,5
Талдықорған қ-сы	90,3	47,9	75,0	75,0	77,0	85,4
Орташа мән	90,7	42,6	57,3	65,7	76,8	83,1

Кесте. 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша 8-ші сынып оқушыларының білім сапасы

Мектеп	7-ші сынып 2010-11 оқу жылы	8-ші сынып 2011-12 оқу жылы				
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	Жыл қорытындысы бойынша
Астана қ-сы	90,9	60,4	87,5	95,8	87,5	95,8
Өскемен қ-сы	76,2	76,1	78,3	78,4	85,2	89,8
Орташа мәні	83,6	68,3	82,9	87,1	86,4	92,8

Оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлік бағалау әдістерін қолдану оқушыларға бағаларды неғұрлым объективті түрде қоюға алып келді және тиісінше, білім сапасының оң көрсеткіштеріне әсер етті. 1 және 3-кестелерден көрініп тұрғандай, оқу жылының бойында барлық мектептерде 7-ші және 8-ші сынып оқушыларының білім сапасы артқаны байқалады. Егер 1-ші тоқсанның қорытындысы бойынша 7-ші сыныптарда білім сапасының орташа мәні 42,6%-ды құраса, жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 40,5%-ға артып, 83,1%-ға жетті. 8-ші сынып оқушыларының білім сапасы жыл соңында 1-ші тоқсанмен салыстырғанда 24,5%-ға артып, жыл қорытындысы бойынша 92,8%-ды құрады.

3981 оқушы оқу жылын табысты аяқтады. Олардан «үздік» бағаға – 1173 (28,2%), «жақсы» және «үздік» бағаға - 2471 (63,1%), «қанағаттанарлық» бағаға 337 (8,6%) оқушы аяқтаған.

Кесте. 2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың бағалары

Зияткерлік мектеп	Барлығы оқушылар	2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша бағасы бар оқушылар саны				2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша бағасы бар оқушылар үлесі			
		5	4	3	2	5	4	3	2
Астана қ-сы ФМБ	831	247	514	70	0	29,7	61,9	8,4	0,0
Астана қ-сы ХБ	232	46	163	23	0	19,8	70,3	9,9	0,0
Көкшетау қ-сы	748	212	467	69	0	28,0	62,0	9,0	0,0
Семей қ-сы	684	177	460	47	0	25,9	67,3	6,9	0,0

Талдықорған қ-сы	736	187	481	68	0	25,4	65,4	9,2	0,0
Өскемен қ-сы	750	304	386	60	0	40,5	51,5	8,0	0,0
Барлығы:	3981	1173	2471	337	0	28,2	63,1	8,6	0,0

Оқу жылын мынадай бағаға аяқтаған оқушылардың барынша көп үлесі:

- «үздік» бағаға аяқтаған, Өскемен қ-сы (40,5%).
- «үздік» және «жақсы» бағаға аяқтаған Астана қаласының Зияткерлік мектебінде (70,3%), Семей қаласының Зияткерлік мектебінде (67,3%) және Талдықорған қаласының Зияткерлік мектебінде (65,4%).

- «қанағаттанарлық» бағаға аяқтаған Астана қаласының Зияткерлік мектебінде – 9,9% және Талдықорған қаласының Зияткерлік мектебінде – 9,2%.

1 – 6-шы сынып оқушыларының (1689 оқушы) білім сапасы 94,1%-ды құрады.

Оның ішінде оқу жылын:

- «үздік» бағаға 562 адам (36,1%);
- «үздік» және «жақсы» бағаға 1028 адам (58,6%);
- «қанағаттанарлық» бағаға 99 адам (5,3%) аяқтады.

Кесте. 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың (1-6-шы сыныптар) бағалары

Зияткерлік мектеп	Барлығы оқушылар	2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша бағасы бар 1 – 6-шы сынып оқушыларының саны				2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша бағасы бар 1 – 6-шы сынып оқушыларының үлесі			
		5	4	3	2	5	4	3	2
Астана қ-сы ФМБ	454	165	257	32	0	36,3	56,6	7,0	0,0
Астана қ-сы ХБ	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Көкшетау қ-сы	266	110	144	12	0	41,4	54,1	4,5	0,0
Семей қ-сы	453	63	353	37	0	13,9	77,9	8,2	0,0
Талдықорған қ-сы	288	101	175	12	0	35,1	60,8	4,2	0,0
Өскемен қ-сы	228	123	99	6	0	53,9	43,4	2,6	0,0
Жиыны:	1689	562	1028	99	0	36,1	58,6	5,3	0,0

7 – 11-ші сынып оқушыларының (2292 адам) білім сапасы – 89,6%.

Оның ішінде оқу жылын:

- «үздік» бағаға 611 оқушы (29,2%);
- «үздік» және «жақсы» бағаға 1443 оқушы (61%);
- «қанағаттанарлық» бағаға 238 оқушы (9,8%) аяқтады.

Кесте. 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың (7 – 11-ші сыныптар) бағасы

Зияткерлік мектеп	Барлығы	2011-2012 оқу жылының қорытындысы	2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша бағасы бар 7 – 11-ші
-------------------	---------	-----------------------------------	--

	оқу-шы-лар	бойынша бағасы бар 7 - 11-ші сынып оқушыларының саны				сынып оқушыларының үлесі			
		5	4	3	2	5	4	3	2
Астана қ-сы ФМБ	377	82	257	38	0	21,8	68,2	10,1	0,0
Астана қ-сы ХБ	232	46	163	23	0				
Көкшетау қ-сы	482	102	323	57	0	21,2	67,0	11,8	0,0
Семей қ-сы	231	114	107	10	0	49,4	46,3	4,3	0,0
Талдықорған қ-сы	448	86	306	56	0	19,2	68,3	12,5	0,0
Өскемен қ-сы	522	181	287	54	0	34,7	55,0	10,3	0,0
Жиыны:	2292	611	1443	238	0	29,2	61,0	9,8	0,0

Грант бойынша оқитын және оқу жылының қорытындысы бойынша «3» бағасы бар оқушылар үлесінің азаю үрдісі байқалуда: егер 2010-2011 оқу жылының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 19,1 %-ды құраса, 2011-2012 оқу жылының соңында ол 6,6 %-ға дейін азайды.

Жұмыс нәтижесі бойынша мыналар дайындалып жарияланды:

1. 2011-12 жылдың 2-ші тоқсанындағы үлгерім мен білім сапасын талдау.
2. 2011-12 жылдың 3-ші тоқсанындағы үлгерім мен білім сапасын талдау.
3. 2011-12 жылдың 4-ші тоқсанындағы үлгерім мен білім сапасын талдау.
4. 2011-12 оқу жылының қорытындысы бойынша үлгерім мен білім сапасын талдау.

2012-2013 оқу жылдарының 1-жартыжылдық қорытындысы бойынша оқушылар үлгерімі мен білім сапасы

2012-2013 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 4576 оқушы бітірді, олардың ішінде 2640 қазақ тілінде, 1936-орыс тілінде. Оқушылар үлгерімі 99,3 %, білім сапасы - 66,7% құрады.

Кесте. 2012-2013 оқу тжылының 2-тоқсанында оқушылардың білім сапасы, %

Зияткерлік мектеп	1-5сынып қорытындысы			6-10 сынып қорытындысы			11-12 сынып қорытындысы			Бүкіл мектеп бойынша жиыны		
	Қаз. тілі	Орыс тілі	жиыны	Қаз. тілі	Орыс тілі	жиыны	Қаз. тілі	Орыс тілі	жиыны	Қаз. тілі	Орыс тілі	жиыны
Астана қ. ФМН	90,7	91,7	91,2	67,1	72,3	72,4	75,3	83,9	79,5	77	81,7	79,3
Астана қ. МБ				69,7	73,8	71,8	45,8	54,2	50	65,7	70,5	68,2
Көкшетау қ	93,3	87,3	91	39	43,2	45,4	65,5	69,1	67,3	56,9	59,2	57,9
Семей қ. ФМН	91,1	86,7	89,3	21,4	24,6	27,0	71,6	57,7	64,8	44,8	43,9	44,5
Талдықорған қ.	95,1	81	89	47,8	47	52	69	67,6	68,4	65,7	60,8	63,5

ФМН												
Өскемен қ.	100	100	100	57,4	67,8	60,7	84,6	83,1	84,1	75,9	78,5	76,7
Орал қ.				71,4	79,1	74,4	100	94,1	98	74,5	80,4	76,8
Орташа мән:	94,0	89,3	92,1	53,4	58,3	57,7	73,1	72,8	73,2	65,8	67,9	66,7

Оқу сатысы бойынша бастапқы мектепте барынша жоғары білім сапасы (92,1%), негізгі мектепте барынша төмен (57,7%) жоғары мектепте аздап жоғары (73,2%). Мектептер шегінде қала мектептерінде барынша жоғары білім сапасы Астана қ. -ФМН (79,3%), Өскемен (76,7%) және Орал (76,8%). Семей қаласы мектебінде білімнің төменгі сапасы (44,5%).

Екінші тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының көрсеткіші бірінші тоқсанға қарағанда 6,7% жоғары, бірақ 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша осы көрсеткіштен 24,7% төмен. Бұл бірнеше себептермен түсіндіріледі:

- көптеген оқушылар үшін, оның ішінде Зияткерлік мектептің 7 сыныбына жалпы білім беру мектептерінен келіп түскен оқушылар үшін қиын болып табылатын және олардың үлгерімінде көрініс тапқан 7 мен 11-сыныптарда жаңа оқу бағдарламаларының енгізілуі;

- ағылшын тілінде бірқатар жоғары мектеп пәндерін оқу;

- астана қаласының ФМН мектебінің 3-11 сыныптарында, Талдықорған қаласы мектебінің 6-11-сыныптарында, Астана қаласының МБ Зияткерлік мектебінің барлық сыныптарында, Семей, Өскемен, Көкшетау қалалары мектептерінің 7-11-сыныптарында өлшемдік бағалауды қолдану, бұл өлшемдерге сәйкес оқушыларды барынша объективті бағалауға әкеліп, білім сапасының көрсеткіштерінде көрініс тапты.

Оқушылардың олимпиадаларға және ғылыми жобалардың конкурстарына қатысу нәтижелері

2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептердің 1072 оқушысы немесе 26,9 %-ы халықаралық (Франция, Ресей, Швейцария), республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар мен конкурстардың жүлдегерлері болды: Халықаралық және республикалық конкурстар жеңімпаздарының ең көп саны Семей қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектептің (278 оқушы) және Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектептің (174 оқушы) еншісінде.

Кесте. Олимпиадалар және ғылыми жобалар конкурстары жүлдегерлерінің саны, адам

Зияткерлік мектеп	Халықаралық	Республикалық	Барлығы
Астана ФМБ	168	46	214
Астана (ХБ)	25	1	26
Көкшетау	174	31	205
Семей	278	33	311
Талдықорған	117	42	159
Өскемен	116	41	157
Барлығы:	878	194	1072

Бұлар: «FIDJIP-EUROTALENT CONCORDE» ғылыми жобалар конкурсы; Математика бойынша VIII-ші халықаралық пәндік олимпиада; Бүкілресейлік

«Инфознайка» конкурсы; Бүкілресейлік «Найди свой ответ – 2012» конкурсы; Химия бойынша қашықтықтан өткізілетін «Эрудит» IX-ші халықаралық олимпиадасы; Математика бойынша қашықтықтан өткізілетін «Эрудит» IX-ші халықаралық олимпиадасы секілді және т.б. конкурстар мен олимпиадалар.

2012-2013 оқу жылының бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша Зияткерлік мектептің 360 оқушысы түрлі деңгейдері халықаралық, республикалық, облыстық конкурстар, олимпиада, ғылыми жобалар жүлдегерлері болды. Зияткерлік мектеп оқушылары халықаралық деңгейдегі мына олимпиадалар мен жарыстардың жүлдегерлері болды: Астана қаласында «Тіл-тәуелсіздік символы» VI Республикалық олимпиада, Алматы қаласында физика, математика және информатика бойынша VIII Халықаралық Жәутік олимпиадасы, Венгрияда «Ұлы математиктер жолдары бойынша» халықаралық олимпиада, Греция Республикасында жасөспірімдер арасында математика бойынша Халықаралық Балқан олимпиадасы және басқалар.

2012-2013 оқу жылының бірінші жартыжылдығында олимпиада, ғылыми жобалар мен түрлі деңгейдегі конкурс жеңімпаздарының саны, адам

Зияткерлік мектеп	Конкурс деңгейі			барлығы
	халықаралық	Республикалық	Облыстық	
Астана қ. МБ	5	1	6	12
Астана қ. ФМН	23	27	48	98
Семей қ.	7	32	26	65
Көкшетау қ.	4	15	14	33
Талдықорған қ.	19	46	48	113
Өскемен қ.	7	26	6	39
жиыны	65	147	148	360

Халықаралық емтихан нәтижелері

Зияткерлік мектептердің 11-сынып түлектері SAT-1, SAT-2, SET, IELTS, TOEFL, BCERT халықаралық емтихандарға қатысты.

SAT-1 халықаралық емтиханда оқушылар математика, сындарлы ойлау және жазуды тапсырды. Америка жоғары оқу орындарына жақсы тапсырып түсу үшін 2400 ең жоғары балл жағдайында әр пән бойынша кемі 500 балл жинау керек. Емтиханға астана қаласынан 9 оқушы және Көкшетау қаласынан 8 оқушы қатысты, олардың нәтижелері сәйкес 1724 және 1243 баллдар

SAT-2 – екі пішіндік пәндер бойынша халықаралық емтиханды Астана қаласының 3 оқушысы тапсырды (математика және физика, математика және химия). Олардың нәтижесі ең төменгі 600 және ең жоғарғы 1600 жағдайында 1286 балл құрады.

SAT-2 – үш пішіндік пәндер бойынша халықаралық емтиханды Астана қаласының 5 оқушысы тапсырды (1-деңгейдегі математика, 2-деңгейдегі математика, физика немесе химия). Олар ең төменгі 600 және ең жоғарғы 2400 жағдайында 2046 балл жинады, бұл Америка жоғары оқу орындарына түсу үшін жеткілікті болып табылады.

Назарбаев Университетінде «SET» емтиханы мына екі пәндер бойынша өткізіледі: «математика», «физика», «химия», «биология», «сындарлы ойлау». Емтиханға астана қаласының 38 оқушысы, Астана қаласының (IB) – 28, Көкшетау

қаласының – 46, Семей қаласының – 39, Талдықорған қаласының – 37, Өскемен қаласының – 40 оқушысы қатысты, олардың 101-і шекті деңгейден өтті.

Академиялық ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған IELTS емтиханға 6 Зияткерлік мектептің 382 түлегі қатысты. Орташа балл ең жоғары 9,0 жағдайында 5,5 құрады. Астана қаласының 42 түлегінің орташа баллы 6,5 құрағанын атап кету керек, бұл жоғары нәтиже болып табылады.

Шетел тілі ретінде TOEFL бойынша ағылшын тілінен емтиханға Астана қаласының 5 түлегі қатысты. Ағылшын тілі туған тілі болып табылмайтын оқушылардың білім деңгейін бағалау нәтижесі ең төменгі 310 және ең жоғарғы 677 жағдайында 430 балл құрады.

Британия Кеңесі әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін бағалауға арналған ВСЕРТ емтиханына 98 оқушы қатысты: 7 оқушы Астана қаласынан (ІВ), Көкшетау қаласынан – 34, Семей қаласынан – 16, талдықорған қаласынан – 14, өскемен қаласынан – 27 оқушы. Қорытындысы бойынша 17 адам шекті деңгейге жетті.

Кесте. Халықаралық емтихан нәтижелері

Емтихан	Қатысушы саны	Ең жоғары балл	Зияткерлік мектеп нәтижелері
SAT-1	Астана-9	500 - 2400	1724
	Көкшетау-8		1243
SAT-2 (2 пән)	Астана-3	600 --1600	1286
SAT-2 (3 пән)	Астана-5	600 - 2400	2046
SET	Астана-38 Астана (ІВ)-28 Көкшетау-46 Талдықорған-37 Семей-39 Өскемен-40	сынақ/тапсырмады	сынақ-101 оқушы
IELTS	382, оның ішінде Астана-42	9,0	5,5 6,5
TOEFL	Көкшетау-5	310 - 677 C1-560	430
ВСЕРТ	Астана (ІВ)-7 Көкшетау-34 Семей-16 Талдықорған-14 Өскемен-27	сынақ/тапсырмады	сынақ-17 оқушы

Осының нәтижесінде:

1. 2011-2012 оқу жылында Зияткерлік мектептер оқушыларының халықаралық емтихандар нәтижелері туралы ақпарат атты кітапша дайындалды.

2012 жылғы сәуір айында ағылшын тілі бойынша тіл деңгейінің жалпыеуропалық CEFR шеңберіне сәйкестігін бағалауға арналған Cambridge ESOL салыстыру тесті өткізілді. 2012 жылы тестілеу Зияткерлік мектептердің 5 – 11-ші сыныптарында жүргізілді. Оның нәтижесі мынаны көрсетті:

- әрбір сыныпта оқушылардың едәуір бөлігі біртіндеп, 5-ші сыныптағы А1 деңгейінен 11-ші (бітіру) сыныбында В1 деңгейіне көшеді;

- 11-ші өтпелі және бітіруші сыныптарда барлық оқушылардың төрттен бірге жуығы (27.04%) B2 деңгейіне ие болады;
- сонымен қатар 11-ші сыныпта оқушылардың едәуір пайызы (3.61%-дан 8.17%-ға дейін) C деңгейінде болады.

Мектептердің нәтижелерін салыстыру көрсеткендей, Астана қаласы ФМБ Зияткерлік мектебі сыныпта бөлінісі бойынша басқа мектептерге қарағанда неғұрлым жоғары нәтижеге ие.

Cambridge ESOL қызметкерлері ұсынған тестілеу қорытындысы негізінде Зияткерлік мектептердің әкімшілігі мен мұғалімдері үшін «Зияткерлік мектептердің 5 – 11-ші сыныптарында ағылшын тілі бойынша Cambridge ESOL салыстырма тестісінің нәтижелері» атты есеп дайындалды.

Тестілеу нәтижелері бойынша тілді жалпыеуропалық CEFR шеңберіне және ықпалдасқан білім беру бағдарламаларын оқытудың көптілді моделіне сәйкес меңгеру деңгейіне қол жеткізу үшін ағылшын тілі сабақтарын ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша Cambridge ESOL мамандарын қатыстыра отырып, 5 – 8-ші сынып мұғалімдеріне (85 мұғалім) арналған семинар ұйымдастырылды.

2013 жылға арналған жоспарлар

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрайымының 01.10.2012 жылғы №494/ОД бұйрығына сәйкес Зияткерлік мектептердің барлық түлектері IELTS емтиханын тапсыратын болады.
2. Педагогикалық өлшемдер орталығы базасында ағылшын тілі бойынша стандартталған емтихан өткізу үшін Cambridge ESOL Examination Centre филиалын ашу.
3. Астана, Көкшетеу, Талдықорған, Семей, Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 5-ші және 8-ші сыныптарында, Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің 11-ші және 12-ші сыныптарында ағылшын тілі бойынша Cambridge ESOL емтиханын байқап көру.

Зияткерлік мектептер түлектерін қорытынды аттестаттау нәтижелері

2012 жылы істелген жұмыс

Түлектерді қорытынды аттестаттау «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 24.08.2011 жылғы № 12 шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушыларының ағымдағы үлгерім бақылауы, аралық және қорытынды аттестаттау ережесіне сәйкес өткізілді.

Қорытынды аттестаттау пәндерінің тізбесі және оны өткізу нысаны Қамқоршылық Кеңестің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 3 шешімімен мақұлданып, ДББҰ Басқарма Төрайымының 2011 жылғы 4 қыркүйектегі № 159 бұйрығымен бекітілді.

Негізгі мектептің курсы үшін қорытынды аттестаттауға емтихан материалдарын дайындауға Зияткерлік мектептердің 98 мұғалімі қатысты.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және оны стандартталған түрде өткізу үшін:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларын қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық;
- «Емтихан комиссияларының мүшелері үшін 2011-2012 оқу жылында негізгі мектептің түлектерін қорытынды аттестаттауға арналған емтихан материалдарының құрылымына сәйкес бағалау критерийлері, баллдарды бағаға ауыстыру шәкілі жөніндегі ұсынымдар» әзірленіп, ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 29 мамырдағы № 22 шешімімен бекітілді.

Негізгі мектеп түлектерін қорытынды аттестаттау нәтижелері

2011 – 2012 оқу жылында Зияткерлік мектептердің 9-шы сыныбын 493 оқушы бітірді, олардан 260 оқушы – қазақ тілінде, 233 оқушы орыс тілінде оқыған.

Кесте. 2011-12 оқу жылы Зияткерлік мектептердің 9-шы сыныптары түлектерінің саны, адам

Мектеп	Барлығы, адам	Қазақ тілінде оқығандар, адам	Орыс тілінде оқығандар, адам
ФМБ Астана қ-сы	92	48	44
Астана қ-сы ХБ	47	24	23
Көкшетау қ-сы	88	43	45
Семей қ-сы	71	31	40
Талдықорған қ-сы	88	42	46
Өскемен қ-сы	107	72	35
Жиыны:	493	260	233

Негізгі мектепте қорытынды аттестаттау 30 мамыр – 14 маусым аралығында өткізілді.

Кесте. Қорытынды аттестаттау пәндері және оны өткізу нысаны

Пән	ФМБ мектептер	ХББ мектептер және Астана қаласының Зияткерлік мектебі
1. Ана тілі (оқыту тілі)	Диктант	Диктант
2. Екінші тіл	Тест Тілдік құзыретті тексеруге арналған тапсырма	Тест Тілдік құзыретті тексеруге арналған тест
3. Математика	Бақылау жұмысы	Бақылау жұмысы
5. Физика	Бақылау жұмысы Практикалық жұмыс	
6. Химия		Бақылау жұмысы Практикалық жұмыс
7. Биология		Тест Практикалық жұмыс
8. Ағылшын тілі	Тілдік құзыретті тексеруге арналған тест	Тілдік құзыретті тексеруге арналған тест

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, емтихан қорытындылары бойынша оқушылардың үлгерімі – 100%-ды, білім сапасы 83,6%-ды құрады.

Кесте. 9-шы сынып түлектерінің емтихандар қорытындысы бойынша білім сапасы

Мектеп	Барлығы оқушылар, адам	5 және 4-ке тапсырған оқушылар саны, адам	5 және 4-ке тапсырған оқушылардың
--------	------------------------	---	-----------------------------------

			үлесі, %
Астана қ-сы ФМБ	92	87	94,6
Астана қ-сы ХБ	47	28	59,6
Көкшетау қ-сы ФМБ	88	87	98,9
Семей қ-сы ФМБ	71	56	78,9
Талдықорған қ-сы ФМБ	88	79	89,8
Өскемен қ-сы ХББ	107	75	70,1
Жиыны:	493	412	83,6

Пәндер бойынша нәтижелерді талдау нәтижелердің саралануы байқалатынын көрсетеді. Неғұрлым жоғары нәтиже химия, ана тілі және екінші тіл бойынша алынған. «5» бағасын алған оқушылардың неғұрлым көп үлесі: химия, биология, екінші тіл, математика пәндеріне тиесілі.

Кесте. Пәндер бойынша қорытынды аттестаттаудың нәтижелері

Зияткерлік мектеп	Барлығы оқушылар	Бағасы бар оқушылар саны:											
		Барлығы						Қазақ тілінде оқитындар			Орыс тілінде оқитындар		
		5	%	4	%	3	%	5	4	3	5	4	3
Ана тілі	493	274	55,6	211	42,8	8	1,6	171	89	0	103	122	8
Екінші тіл	493	313	63,5	171	34,7	9	1,8	168	89	3	145	82	6
Математика	493	310	62,9	156	31,6	27	5,5	164	83	13	146	73	14
Ағылшын тілі	493	220	44,6	219	44,4	54	11,0	118	108	34	102	111	20
Физика	339	161	47,5	170	50,1	8	2,4	81	79	4	80	91	4
Химия	64	46	71,9	17	26,6	1	1,6	33	5	0	13	12	1
Биология	90	58	64,4	29	32,2	3	3,3	36	20	2	22	9	1

Зияткерлік мектептердің 9-шы сынып түлектерінің арасынан 119 оқушы негізгі орта білімді үздік аяқтағаны туралы куәлік алуға үміткер болды. 118 түлек негізгі орта білімді үздік аяқтағаны туралы куәлік алуға лайықты екенін растады.

Кесте. Негізгі орта білімді үздік аяқтағаны туралы куәлік алуға үміткерлер саны және куәлікті алуға лайықты екенін растағандар саны, адам

Мектеп	Үміткерлер саны, адам	Растағандар саны, адам
Астана қ-сы ФМБ	25	25
Астана қ-сы ХБ	6	6
Көкшетау қ-сы ФМБ	25	25
Семей қ-сы ФМБ	14	13
Талдықорған қ-сы ФМБ	8	8
Өскемен қ-сы ХББ	41	41
Жиыны:	119	118

Жоғары мектеп түлектерін қорытынды аттестаттау нәтижелері

2011-2012 оқу жылы Зияткерлік мектепті 382 түлек бітіріп шықты, олардан 203 оқушы – қазақ тілінде, 179 оқушы орыс тілінде оқығандар.

Кесте. 2011-2012 оқу жылы Зияткерлік мектептердің 11-ші сынып түлектерінің саны, адам

Мектеп	Барлығы, адам	Қазақ тілінде оқитындар, адам	Орыс тілінде оқитындар, адам
Астана қ-сы ФМБ	45	22	23
Астана қ-сы ХБ	41	22	19
Көкшетау қ-сы ФМБ	79	38	41
Семей қ-сы ФМБ	71	38	33
Талдықорған қ-сы ФМБ	66	44	22
Өскемен қ-сы ХББ	80	39	41
Жиыны:	382	203	179

11-ші сыныпта қорытынды аттестаттау 2012 жылғы 31 мамыр – 8 маусым аралығында өткізілді.

Жоғары мектеп оқушыларын қорытынды аттестаттау мынадай пәндер бойынша өткізілді.

Кесте. Қорытынды аттестаттау пәндері және оны өткізу нысаны

Пән	ФМБ мектептер	ХББ мектептер және Астана қаласының Зияткерлік мектебі
1. Ана тілі (оқыту тілі)	Тест	Тест
2. Екінші тіл	Тест	Тест
3. Қазақстан тарихы	Тест	Тест
4. Математика	Бақылау жұмысы	Бақылау жұмысы
5. Физика	Бақылау жұмысы Практикалық жұмыс	
6. Химия		Бақылау жұмысы Практикалық жұмыс
7. Биология		Тест Практикалық жұмыс
8. Ағылшын тілі	IELTS халықаралық емтиханы	IELTS халықаралық емтиханы

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, емтихан қорытындылары бойынша оқушылардың үлгерімі – 100 %-ды, білім сапасы 98,9 %-ды құрады.

Кесте. Түлектердің емтихандар қорытындысы бойынша білім сапасы

Мектеп	Барлығы оқушылар, адам.	5 және 4-ке тапсырған оқушылар саны, адам	5 және 4-ке тапсырған оқушылардың үлесі, %
Астана қ-сы ФМБ	45	45	100
Астана қ-сы ХБ	41	39	95,1
Көкшетау қ-сы ФМБ	79	79	100

Семей қ-сы ФМБ	71	70	98,6
Талдықорған қ-сы ФМБ	66	66	100
Өскемен қ-сы ХББ	80	80	100
Жиыны:	382	377	98,9

3 оқушы мынадай пәндер бойынша «қанағаттандырылдық» бағасын алды:

Семей қ-сы ФМБ-ның 1 оқушысы – ана тілі;

Астаны қ-сы ХБ Зияткерлік мектебінің 1 оқушысы – ана тілі, екінші тіл, биология;

Астаны қ-сы Зияткерлік мектебінің 1 оқушысы – биология.

Пәндер бойынша нәтижелерді талдау кішкене саралану бар екенін көрсетті. Неғұрлым жоғары нәтиже математика, физика, химия, Қазақстан тарихы және екінші тіл пәндері бойынша алынды. «5» бағасын алған оқушылардың ең көп үлесі ана тілі, екінші тіл және Қазақстан тарихы пәндеріне тиесілі.

Кесте. Пәндер бойынша қорытынды аттестаттаудың нәтижелері

№	Пән	Бар-лығы оқушылар	Бағасы бар оқушылардың саны, адам:											
			Барлығы						Қазақ тілінде оқитындар			Орыс тілінде оқитындар		
			5	%	4	%	3	%	5	4	3	5	4	3
1	Ана тілі	382	368	96,3	12	3,1	2	0,5	201	1	1	167	11	1
2	Екінші тіл	382	369	96,6	12	3,1	1	0,3	199	3	1	170	9	0
3	Қазақстан тарихы	382	374	97,9	8	2,1	0	0,0	200	3	0	174	5	0
4	Математика	382	313	81,9	69	18,1	0	0,0	175	28	0	138	41	0
5	Физика	261	216	82,8	45	17,2	0	0,0	121	21	0	95	24	0
6	Химия	54	39	72,2	15	27,8	0	0,0	26	4	0	13	11	0
7	Биология	67	60	89,6	5	7,5	2	3,0	27	2	2	33	3	0

«Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 142 Бұйрыққа сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының түлектері жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы орта білім туралы аттестаттың қорытынды бағаларын ҰБТ сертификаттарының балына ауыстыру шәкілі негізінде берілген ҰБТ сертификатын алады.

Аттестаттау нәтижелері бойынша 224 оқушы немесе 58,6 %-ы ең жоғарғы 125 баллы бар сертификат, 83 оқушы немесе 21,7 %-ы 121 баллы бар сертификат алды. Төменде мектептер бойынша ақпарат берілген (19-кесте).

Кесте. Бес пән бойынша ҰБТ сертификаты үшін балдары бар түлектер саны

Мектеп	Бар-лығы	Балл саны															
		125	%	121	120	117	116	115	113	112	111	110	107	105	103	96	88

	түле к-тер																
Астана қ-сы ФМБ	45	30	66, 7	3	2		1	1		1	3	3			1		
Астана қ-сы ХБ	41	20	48, 8	4	2	5	2					3	3			1	1
Көкшетау қ-сы ФМБ	79	39	49, 4	18		7	5		1	4	3	1	1				
Семей қ-сы ФМБ	71	39	54, 9	23		2	4			2				1			
Талдықорған қ-сы ФМБ	66	49	74, 2	15		1	1										
Өскемен қ-сы ХББ	80	47	58, 8	20		4	6				1		2				
ЖИЫНЫ	382	224	58, 6	83	4	19	19	1	1	7	7	7	6	1	1	1	1

Зияткерлік мектептер түлектерінің арасынан 68 оқушы үздік орта білімі туралы аттестат және «Алтын белгі» алды, 30 оқушы үздік орта білімі туралы аттестат алды.

Кесте. Зияткерлік мектептердегі үміткерлер саны, адам

Мектеп	Үздік орта білімі туралы аттестат және «Алтын белгі»	Үздік орта білімі туралы аттестат
Астана қ-сы ФМБ	12	10
Астана қ-сы ХБ	3	2
Көкшетау қ-сы ФМБ	21	7
Семей қ-сы ФМБ	7	1
Талдықорған қ-сы ФМБ	9	6
Өскемен қ-сы ХББ	16	4
Жиыны:	68	30

Жұмыс нәтижесі бойынша мыналар әзірленіп, жарияланды:

1. 2011 – 2012 оқу жылында негізгі мектеп түлектерін қорытынды аттестаттау үшін емтихан жұмыстары, бағалау критерийлері, баллдарды бағаға ауыстыру шәкілі.

2. 2011-12 оқу жылында жоғары мектеп түлектерін қорытынды аттестаттау үшін емтихан материалдарының құрылымына сәйкес бағалау критерийлері, баллдарды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша ҰСЫНЫМДАР.

3. 2011-12 оқу жылында негізгі мектеп түлектерін қорытынды аттестаттау үшін емтихан материалдарының құрылымына сәйкес бағалау критерийлері, баллдарды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша ҰСЫНЫМДАР.

2013 жылға арналған жоспарлар

1. Негізгі және жоғары мектеп оқушыларының бітіру емтихандарын ұйымдастыру.

4-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

2012 жылы істелген жұмыс

2012 жыл бойында осы бағытта:

1. Зияткерлік мектептердің 7-сынып оқушыларын конкурстық іріктеп алу жүйесін, сондай-ақ Зияткерлік мектептер оқушылары оқу жетістіктерінің мониторингісі жүйесін жасау бойынша Нидерландының Педагогикалық өлшемдер институтымен (Cito).
2. Оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын зерттеуге қабілеттілігін психометриялық бағалау нәтижесінде конкурстық іріктеп алу жүйесін жасау бойынша Джонс Хопкинс университетінің Дарынды жастар орталығымен (СТҮ).
3. Мектеп ішіндегі критериалды бағалау жүйесін, жиынтық бағалау (қорытынды бағалау) жүйесін, Зияткерлік мектептер қызметін бағалау (аккредиттеу) жүйесін жасау бойынша Кембридж университетінің Халықаралық Емтихандық кеңесімен (CIE) бірлескен жұмыс жүргізілді.

4.1. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу

Оқушылардың жетістіктерін объективті түрде бағалау білім беру жүйесіндегі ең өзекті проблемалардың бірі болып табылады және солай болып қалып отыр. Білім берудің жаңа мазмұнын әзірлеу объективті әрі дәйекті жүйені жасап, енгізу үшін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жолдарын белгілеуді қажет етті.

2011-2012 оқу жылында физика-математика бағытындағы мектептердің 7-ші сыныптарында және химия-биология мектептерінің 8-ші сыныптарында критериалды бағалау жүйесін байқап көру жөнінде эксперимент жүргізілді.

Байқап көру нәтижелерін мониторингтеу мақсатында қаңтар мен сәуірде ФМБ мектептердің 7-ші сыныптарында математика, физика бойынша, Астана қаласындағы Зияткерлік мектепте математика, ағылшын тілі бойынша, Өскемен қаласындағы мектептің 8-ші сыныптарында химия және биология бойынша бақылау жұмысы алынды.

Екі мониторингтің қорытындысына орай оқушылардың 1-ші жарты жылдықта математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі пәндері бойынша оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша 12 талдамалық қорытынды әхірленіп, жарияланды.

Жыл бойында мектептік бағалау моделін жетілдіру жұмысы жалғастырылды, мамыр айында оқушыларды оқытуда формативтік бағалаудың рөлі жөнінде CIE-мен бірлесіп семинар өткізілді. Семинарға 21 мұғалім қатысты.

Байқап көрудің 1 жылының нәтижелері бойынша оның қорытындысы шығарылып, есеп дайындалды, оң тұстары және туындаған қиындықтардың себептері талданды, Тұжырымдамасы мен Бағалау қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Бағалау критерийлері, оқушылардың жетістік деңгейін сипаттау CIE-мен бірлесіп әзірленген жаңа оқу бағдарламаларын ескере отырып, пәнді зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне және оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес елеулі түрде пысықтауды талап етті.

CIE-мен бірлесіп, CIE-нің критериалдық ұстанымға негізделген мектептік бағалау бойынша 3 консультантын қатыстыра отырып, семинар өткізілді. Семинар қорытындысы бойынша ұсынымдар беріліп, олар байқап көрудің бірінші жылының қорытындысы бойынша критериалдық бағалау моделін пысықтауда ескерілді.

2012 жылғы 1 қыркүйектен бастап 6 Зияткерлік мектепте критериалдық бағалау жүйесін енгізу басталды, олар: Астана қаласындағы ФМБ мектептің 3 – 11-сыныптарында, Талдықорған қаласындағы мектептің 6 – 11-ші сыныптарында, Көкшетеу, Семей, Өскемен қалаларындағы мектептердің 7 – 11-ші сыныптарында, Астана қаласындағы ХБ-ның барлық сыныптарында енгізілді.

Мектеп ішілік критериалдық бағалауды жетілдіру жұмысы шеңберінде СІЕ сауалнамалар әзірлеп, жаңа бағалау жүйесі туралы оқушылардың, мұғалімдердің және мектеп әкімшілігінің пікірлерін зерделеу жөнінде зерттеу жүргізді. СІЕ зерттеу қорытындысы бойынша нәтижелер мен ұсынымдарды 2013 жылғы қаңтарда ұсынады.

2012 жылы критериалды бағалау жүйесі бойынша тапсырмалары бар мынадай кітапшалар дайындалып, жарияланды:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерін (1-ші жарты жылдық) бағалау үшін қорытынды (бекітуші) жұмыс тапсырмаларының жинағы.
2. Оқушылардың оқу жетістіктерін (2-ші жарты жылдық) бағалау үшін қорытынды (бекітуші) жұмыс тапсырмаларының жинағы.
3. Оқушылардың 1-ші және 2-ші жарты жылдықтардағы оқу жетістіктерін жиынтық бағалау тапсырмаларының жинағы.

2012 жылғы маусымда Өскемен қаласында «Мектептегі жаратылыстану-ғылыми білім беру: ХХІ ғасырдағы қоғам, ғылым және технология» тақырыбында Қазақстан химия және биология мұғалімдерінің І Съезі өткізілді. Осы іс-шара үшін мынадай кітапшалар дайындалып, жарияланды:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі критериалды бағалау жүйесін саралаудың пилоттық жобасы.
2. 2011-2012 оқу жылында негізгі мектеп түлектерін қорытынды аттестаттау үшін емтихан жұмыстары, бағалау критерийлері, баллдарды бағаға ауыстыру шәкілі.

ДББҰ сайтында «Критериалды бағалау» айдарында Зияткерлік мектептердің мұғалімдері әзірлеген, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған тапсырмалар орналастырылған.

4.2. Оқушылардың жеке прогресінің мониторингі жүйесін әзірлеу

Оқу процесінің уақтылы түзетілуін қамтамасыз ету үшін оқушылардың жеке жетістіктерінің прогресін бағалауды қамтамасыз ететін мониторингтік зерттеулер қажет.

Үш жыл бойы ДББҰ бағалауда критериалды ұстанымдарды пайдалана отырып, әртүрлі пәндер және сыныптар бойынша мониторинг өткізіп келеді. Мониторинг нәтижелері оқу бағдарламасының жекелеген тақырыптарын игеру дәрежесі туралы ой түйіндеуге мүмкіндік береді. Мониторинг қорытындысы бойынша ата-аналар үшін әрбір оқушының жеке жетістігінің картасы және оқу бағдарламасын игеруде олқылықтарды жою үшін жеке консультациялар графигі дайындалады. Сынып нәтижелерінің негізінде педагогтар оқушылардың оқу процесін ұйымдастыруға түзетулер енгізеді.

2012-2013 оқу жылында мониторинг нәтижелері бойынша мыналар:

- 6-шы сынып оқушыларының математика, қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингі бойынша талдамалық қорытынды
- 8-ші сынып оқушыларының физика, биология, математика бойынша оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингі бойынша талдамалық қорытынды.

- Орал қаласында ашылған Зияткерлік мектептің 7, 8, 9-шы сыныптар оқушыларының математика, физика, ағылшын тілі бойынша оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингінің нәтижелері бойынша талдамалық қорытынды дайындалды.

Стратегиялық әріптес Cito-мен бірге 7-ші және 11-ші сыныптардағы оқушылардың жетістік мониторингісінің жүйесі әзірленуде, оларда оқыту Кембридж Университетімен бірлесіп әзірленген жаңа оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Мониторинг жылына 3 рет өткізіледі. Мониторинг нәтижелерінің стратегиялық ретектері негізінде оқу бағдарламасының нақты бөлімдері мен тақырыптарын зерттеудегі оқушылардың қабілеттілік шәкілі жасалатын болады. Шәкілде әрбір оқушының жеке нәтижесі белгіленеді, бұл оқу материалын игеруде прогрестің бар-жоғын, проблемалы тақырыптарды бағалауға және тиісінше, оқу процесін ұйымдастыруға уақтылы түрде түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептердің 23 математика мұғалімі тест тапсырмаларын әзірлеу бойынша даярлықтан өтті, олар әзірлеген тест тапсырмаларына Cito мамандарының сарапшылық қорытындысы алынды.

Мынадай:

1. Cito халықаралық консультанттарының қатысуымен 7-ші, 11-ші сыныптарда математика бойынша оқушылардың оқу жетістігінің мониторинг жүйесін әзірлеу және енгізу жөнінде.

2. 7-ші және 11-ші сыныптарда математика бойынша оқушылардың оқу жетістігі мониторингінің тестілік тапсырмаларының нәтижелерін талқылау және оларды бағалау міндеттеріне сәйкес пысықтау жөнінде семинарлар өткізілді.

Осы жүйе 2012 жылғы қыркүйекте байқап көруден өтті. Байқап көру нәтижелері бойынша тапсырмалар пысықталып, бағалау шәкілдері әзірленді. Қаңтарда екінші мониторингке арналған тапсырмалар байқап көріледі. Байқап көру нәтижелерін ескере отырып, пысықталған осы жүйе 2013-14 оқу жылында пайдаланылатын болады. Осы жүйені әзірлеуге Зияткерлік мектептердің 23 мұғалімі қатысып отыр.

4.3. Ұлыбританиялық Кембридж университетінің Халықаралық емтихандық кеңесімен (CIE) бірлескен жұмыс

4.4.1. Зияткерлік мектептер түлектерін қорытынды аттестаттау жүйесін әзірлеу

«Назарбаев Университетінің, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және Назарбаев Қорының мәртебесі туралы» Заңға сәйкес Зияткерлік мектептердің түлектері ҰБТ-дан босатылған, қазір оқушылардың жетістіктерін сырттай тәуелсіз бағалауға даярлық және соған көшу жүзеге асырылып жатыр. 2012-13 оқу жылында түлектерді қорытынды аттестаттауды ДББҰ Зияткерлік мектептермен бірлесіп өткізетін болады.

CIE-мен бірлесіп Зияткерлік мектептердің оқушыларын 5, 10, 11 және 12-ші сыныптардан кейін бағалау моделі әзірленді. Модель бағалаудың мақсаты мен қағидаттарын, Оқу бағдарламасына және пәндер бойынша оқу бағдарламаларының күтілетін нәтижелеріне сәйкес жиынтық қорытынды бағалаудың материалдарын әзірлеуге деген ұстанымдарды, әкімшілік ету және қорытынды бағалау жұмыстарын тексеру мәселелерін қамтиды.

2012 жылғы мамырда 2014 жылы 12-ші сыныпта жиынтық бағалау үшін география пәні бойынша тестілік спецификациялар әзірлеу қағидаттары бойынша семинар өткізілді.

Бағалау және куррикулум моделінің, сондай-ақ семинарда айқындалған ұстанымдардың негізінде СІЕ тарапынан мынадай:

- 11-ші сыныпта сырттай бағалау үшін ана тілі (қазақ және орыс тілдері) және екінші тіл (қазақ және орыс тілдері);
- 12-ші сыныпта сырттай бағалау үшін математика, физика, химия, биология, география, экономика, информатика, Қазіргі замандағы Қазақстан, әдебиет пәндері бойынша тестілік спецификациялар әзірлеу жұмысы ұйымдастырылды.

ПЗО қызметкерлері тестілік спецификалардың әзірленген ықпалдасқан білім беру бағдарламасына сәйкес келуі жөнінде сараптама жүргізді.

2013 жылы тестілік спецификалар негізінде 2014 жылы пайдалану үшін емтихан материалдарын әзірлеу жөнінде жұмыс ұйымдастырылмақ.

СІЕ-мен жұмыс барысында 2013 жылы Зияткерлік мектептердің 12-ші сынып оқушыларын бірінші сырттай тәуелсіз бағалау үшін пәндердің тізбесі (математика, физика, химия және биология), бақылау жұмыстарының форматы (тапсырмалардың саны мен типтері), өткізу мерзімдері (2013 жылғы сәуір) анықталды. Бұл үшін СІЕ ағылшын тілінде емтихан материалдарын әзірлеп, ол сараптамадан өтті және оқыту тілдеріне (қазақ және орыс тілдеріне) аударылды. Барлық емтихан материалдары көпқырлы жұмыс болып табылады, онда теориялық білімді тексеру және оны әртүрлі жағдайда пайдалана білу, практикалық дағдылар, ақпаратпен жұмыс істей білу, сындарлы ойлану қамтылған. Қазіргі таңда материалда қауіпсіз көбейту және мектептерге жіберу үшін СІЕ-де жатыр.

Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін СІЕ-нің 3 консультантының қатысуымен мектеп түлектерін бағалау дағдыларын беру бойынша семинар өткізілді, осы семинардың қорытындысы бойынша бағалауды жүргізу дағдыларын беру бойынша тапсырма әзірлеуден бастап баллдар қоюға дейінгі процесті сипаттайтын құжат әзірленді.

4.4.2. Зияткерлік мектептердің қызметін сырттай бағалау (қуаттау, аккредиттеу) және куррикулум мен бағалауды тану жөніндегі жұмыс

Әлем елдерінде жалпы орта білім беру ұйымдары өзінің қызметін сырттай бағалау мақсатында сырттай бағалаудың мынадай рәсімдерінен өтеді:

1. «Халықаралық Бакалавриат Мектебі» мәртебесін алу үшін, білім бағдарламасын Халықаралық Бакалавриат Ұйымының талаптарына сәйкес қуаттау
2. Халықаралық Бакалавриат Мектебі» мәртебесін алу үшін, ұсынылатын білім беру қызметтерінің жоғарғы сапасын растайтын халықаралық стандарттарға мектеп қызметінің сәйкестігін аккредиттеу.

ДББҰ-да Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің білім бағдарламасын **қуаттау** және 19 зияткерлік мектептің қызметін **аккредиттеу** жүзеге асырылады.

Астана қаласындағы ХБ Зияткерлік мектепте білім бағдарламасын Халықаралық Бакалавриат Ұйымында қуаттау бойынша мынадай дайындық жұмысы жүргізілді:

- Пәндер бойынша оқу бағдарламалары (27 бағдарлама) әзірленді;
- Нормативтік құжаттар (5 саясат – Тіл саясаты, Бағалау саясаты, Тәртіптік саясат, Академиялық адалдық саясаты, Оқушылардың арнайы білімге деген мұқтаждығын қанағаттандыру саясаты) әзірленді;
- Халықаралық Бакалавриат Ұйымының оқыту семинарларында мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, кітапханашылардың (128 адам) кәсіптік деңгейін арттыру жүзеге асырылды;

- Кабинеттер мен зертханалар қажетті ресурстармен және жабдықтармен толықтырылды;
- Кітапхана қоры оқыту тіліндегі оқу әдебиетімен, көркем әдібиетпен, зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған ғылыми әдебиетпен (10749 дана) толықтырылды;
- «Мектеп-кандидат» мәртебесін алуға өтінім берілді (2011 жылғы қыркүйек)
- «Мектеп-кандидат» мәртебесі алынды (2011 жылғы қазан);
- Қуаттауға арналған өтінім тіркелді (2012 жылғы қазан).

Зияткерлік мектептерді аккредиттеуге дайындау үшін Зияткерлік мектептердің қызметін сырттай бағалау бойынша КХЕК сарапшысының, Зияткерлік мектептер деиректорлары орынбасарларының, ДББҰ басшылығының қатысуымен семинар өткізілді. Семинар барысында аккредиттеуді жүргізудегі негізгі қағидаттар мен ұстанымдар таныстырылды, сондай-ақ стандарттар келісіліп, қызметті өзі бағалау және бағалау процестерінен өту үшін қажетті құжаттардың (саясаттардың) тізбесі талқыланды.

Сонымен бірге, 2012 жылы СІЕ-нің Зияткерлік мектептерде пайдаланылатын куррикулум мен бағалауды халықаралық тану мәселелері жөніндегі 2 консультантының қатысуымен семинар өткізілді. Семинар барасында тану жөніндегі жұмысты ұйымдастырудағы негізгі ұстанымдар таныстарылды. Семинар қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында танылу бойынша іс-қимыл жоспары ұсынылды.

2013 жылға арналған жоспарлар

1. Зияткерлік мектептердің 7-ші сынып оқушыларын Cito-мен бірлесіп әзірленген пәндер бойынша тест тапсырмаларын және жаратылыстану-математика ғылымдарын зерттеуге қабілеттілігін анықтау үшін СТУ-мен бірлесіп әзірленген тест тапсырмаларын пайдалана отырып конкурстық іріктеп алуды ұйымдастыру және жүргізу.
2. Сараланған оқытуды ұйымдастыру үшін оқушылардың қабілеттілігін психометриялық бағалау нәтижелерін пайдалану бойынша 7-ші сынып мұғалімдері үшін оқыту курстарын жүргізу.
3. Кеңістікті ойлану көрсеткіштерінің жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер мен тілдерді зерттеудегі прогреске ықпалын бағалау бойынша СТУ-мен бірлесіп ұзақ мерзімді зерттеу жүргізу.
4. КХЕК-пен бірлесіп 7, 8, 11 және 12-ші сыныптар үшін мектеп ішілік критериялды бағалауды әзірлеу.
5. 2013 жылғы қыркүйектен бастап 7-ші және 11-ші сыныптар үшін оқу жетістіктерінің мониторингі жүйесін енгізу, Cito-мен бірлесіп 8-ші және 12-ші сыныптарда математика бойынша тест тапсырмаларын әзірлеу.
6. 7-ші және 11-ші сыныптар үшін екінші тіл ретінде қазақ және орыс тілдері бойынша оқу жетістіктерінің мониторингісіне Cito-мен бірлесіп тестілік тапсырмалар әзірлеу.
7. Астана, Көкшетеу, Талдықорған, Семей, Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 12-ші сынып оқушыларының математика, физика, химия және биология пәндері бойынша оқу жетістіктеріне КХЕК-пен бірлесіп тәуелсіз бағалау жүргізу.
8. 2014 жылы пайдалану үшін 11-ші және 12-ші сыныптарға 13 пән бойынша КХЕК-пен бірлесіп емтихан материалдарын әзірлеу.

9. Аккредиттеуден өтуге ұсыным алу мақсатында Зияткерлік мектептердің өз қызметін өзі бағалау рәсімін байқап көру.

10. Астана қаласы Зияткерлік мектебінің жоғары мектеп білім бағдарламасын (DP) қуаттау.

11. Зияткерлік мектептердің куррикулумы мен бағалауының Қазақстан Республикасында және шетелде танылуы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

5-БӨЛІМ. ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ

2012 жылы ДББҰ тәжірибесін таратудың мынадай негізгі нысандары іске асырылды:

- Сайтта пәндер бойынша онлайн сабақтар және Web-материалдар;
- Онлайн семинарлар;
- Шеберлік сыныптары және жұмыс семинарлары;
- Халықаралық конференциялар;
- Конференцияларда, съездерде секцияларды ұйымдастыру;
- Педагогикалық шеберлік орталықтары;
- Желілік педагогикалық қоғамдастықтар.

Онлайн-сабақтар

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2011 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстанның жалпы білім беру мектептері үшін онлайн-сабақтар жүргізу бойынша пилоттық жобаны жүзеге асыра бастады. Жобаның мақсаты Зияткерлік мектептердің математика, физика, химия, биология, информатика және ағылшын тілі бойынша жинақталған тәжірибесін Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінің оқушыларына тарату болып табылады. Онлайн сабақтардың негізгі міндеті жалпы білім беру мектептері оқушыларының мектеп пәндері бойынша білімін кеңейту болып табылады.

Сабақтардың мазмұны оқушылардың білімін, дағдылары мен машықтарын кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған. Мысалы:

математика бойынша – бизнес экономикасын математикалық есептеулермен біріктіретін негізгі экономикалық ұғымдарды зерттеуге, оқушылардың өмірлік тәжірибесін қолдануға бағытталған қарапайым экономикалық-математикалық әдістерді зерттеуге, сындарлы ойлануды дамытуға, оқушыларды олимпиадалық есептерді шешуге баулуға, геометрия бойынша әртүрлі типтердегі және жазықтықтағы күрделілік деңгейі жоғары есептерді шеше білуді дамытуға, параметрлі есептерді шешу амалдары мен әдістерін зерттеуге, зерттеушілік және танымдық қызметті дамытуға, мектептегі математика курсы шеңберінде оқушылардың математикалық мәдениетін арттыруға бағытталды;

физика бойынша – әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатырған іргелі физикалық заңдар мен қағидаттар туралы білімді меңгеруге; техника мен технологияның дамуына белгілі бір түрде әсер еткен физика саласындағы неғұрлым маңызды ашуларға; табиғатты ғылыми тану әдістеріне, байқау жүргізу, эксперименттерді жоспарлау және орындау, гипотезалар ұсынып, модельдер құру, физика бойынша алған білімін алуантүрлі физикалық құбылыстар мен заттардың қасиеттерін түсіндіру үшін қолдана білу дағдыларын меңгеруге; физикалық білімдерін практикада пайдалануға; жаратылыстану ғылыми ақпараттың дәйектілігін бағалауға, әртүрлі ақпарат көздері мен қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, физика бойынша білім мен дағдыларды игеру процесінде танымдық

қызығушылықтарды, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталды;

информатика бойынша – қазіргі таңда фотографияларды компьютерлік өңдеудің ең қуатты құралдарының бірі болып табылатын ADOBE PHOTOSHOP редакторын практикада қолдануға, 3D MAX бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалануға бағытталды;

химия бойынша – зерттеу жұмыстарын жүргізуге, оқушыларды әртүрлі деңгейлердегі ғылыми-практикалық зерттеулерге, олимпиадалар мен конкурстарға дайындауға, халықаралық емтихандарға дайындауға, орта мектептің бағдарламасында қарастырылмайтын теориялық мәселелерді зерттеу көмегімен оқушылардың теориялық білімін тереңдетуге, есеп-қисап есептерін шешудің көмегімен біртұтас материалдық дүниетанымды дәлелдеуге, алынған білімді күнделікті өмірде, бейтаныс жағдайларда қолдануға бағытталды;

биология бойынша – оқушыларды қазіргі заманғы адам және жануарлар физиологиясы тереңдетілген деңгейде зерттейтін мәселелердің кең тобымен таныстаруға, оқушыларда ақпараттық, зерттеушілік құзырет (салыстыру, талдау, қорытынды жасай білу, сындарлы ойлану) қалыптастыру, оқушыларға биологиялық тапсырмаларды шешу кезінде танымдық және шығармашылық қызмет процесінде биологияға жеке бас қызығушылығын қанағаттандыру мүмкіндігін беруге бағытталды;

ағылшын тілі бойынша – сөйлеу қызметінің төрт негізгі түрінде (сөйлеу, аудирлеу, оқу, жазу) коммуникативтік дағдыларды дамытуға, **оқушыларды үйретілетін тіл елінің мәдениетіне, дәстүрлеріне және нақты өміріне жақындатуға, шет тілде мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында өз елінің, оның мәдениетінің атынан өкілдік ету дағдысын қалыптастыруға**, сындарлы ойлану машықтарын дамытуға, толерантты және сындарлы ойлайтын тұлғаны тәрбиелеуге, коммуникативтік қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуге бағытталды.

Бағдарламаларда өңірлік компонентке мейлінше көңіл бөлінді. Оқушылардың ағылшын тілін нақты өмірге барынша жақын жағдайларда қолануы үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Өңірлік компонент бойынша алдын ала ұйғарылған тақырыптар оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, өз елінің тарихы және онымен байланысты фактілер туралы айта білуіне, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, Қазақстанда тұратын барлық халықтардың салт-дәстүрлеріне ұқыптылықпен қарай білуіне бағытталды.

Барлық сабақтар мүмкін боларлық тәжірибелерді, шағын зерттеулерді өткізе отырып жүргізіледі, сабақтарда химия, биология, физика кабинеттеріне арналған жабдықтар кеңінен пайдаланылады. Тәжірибелер мен эксперименттер нақты уақыт жағдайында немесе ол мүмкін болмаған кезде оларды өткізу алдын ала бейнекамераға түсіріледі.



Онлайн сабақтарды өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің порталы ELP (elp.kz) арқылы Eluminate Live бағдарламалық қамтамасыз етілімі базасында жүзеге асырылады. Онлайн сабақтар нақты уақыт режимінде (sabak.kz) сайтынан таратылады. Сабақ нақты уақыт режимінде қатыса алмағандарға ELP (elp.kz) порталында сабақты кез келген уақытты қайтадан қарау мүмкіндігі беріледі.

Онлайн сабақтарға ELP білім беру порталына қолжетімділігі бар барлық жалпы білім беру мектептері қатыс алады.

2011-2012 оқу жылында сабақтар биология, математика, химия және физика бойынша өткізілді.

2012 жылдың бірінші жарты жылдығында ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің тапсырмасы бойынша өңірлердің таратылатын тәжірибені енгізу жөнінде іске асырылып жатқан шараларды қалай қабылдайтыны тұрғысынан өңірлер бөлінісінде (мектептер бойынша таңдап) әлеуметтік зерттеу жүргізілді.

Әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары ескеріліп, 2012-2013 оқу жылына тағы екі пән: информатика мен ағылшын тілі қосылды.

ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 16 тамыздағы шешімімен 2012 – 2013 оқу жылында математика, физика, химия, биология, информатика және ағылшын тілі бойынша Қазақстан Республикасы жалпы білім беру мектептерінің оқушылары үшін интерактивті online сабақтар бойынша оқу бағдарламалары бекітілді.

Барлық сабақтардың материалдары (таныстырылым, бейне тәжірибелер, бақылау тапсырмалары және т.с.с.) <http://moodle.nis.edu.kz> мекенжайы бойынша порталда ұсынылған. Курсты тыңдаушылар, мұғалімдер мен оқушылар порталға ілінген тапсырмаларды орындайды және оны сабақты жүргізген мұғалімге жібереді.

Онлайн-сабақтарды жүргізуге Зияткерлік мектептердің 94 үздік мұғалімі тартылған. Сабақтарда мұғалім барлық қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды қоданып, оқушылардың сындарлы ойлануын дамытады.

Жарты жылдықтың қорытындысы бойынша онлайн сабақтардың материалдары бар кітапшалар мен дискілер жасалады. Онлайн-сабақтарды нақты уақыт режимінде көре алмағандар үшін елдің барлық өңірлеріне сабақ материалдары бар 1350 диск жіберілді.

2013-2014 оқу жылының жоспарлары

1. Онлайн-бейнеконференциялар өткізу үшін әлемде бар бағдарламалық қамтамасыз етілімдерге мониторинг жүргізу. Қарапайымдылығы және түпкі пайдаланушының (оқушы, мұғалім, ата-ана) тегін қосылуы, ұтқыр құрылғылардан (планшет, смартфон) қол жеткізе алу мүмкіндігі таңдау критерийі ретінде болады.

2. Онлайн сабақтарға қатысу белсенділігінің тұрақты мониторингін жүргізуді ұйымдастыру.

3. Жазып алынған және өткізілген барлық онлайн-сабақтардың мұрағатына қол жеткізуді ұсына отырып, сервер құру.

4. Онлайн-сабақтар және Moodle семинарлар порталын жаңғырту жұмысын жүргізу.

5. Мектептің сабақ кестесіне қосылу мәселелері бойынша жұмыс жүргізу.

6. Кері байланысты ұйымдастыру үшін форумның жұмысын жандандыру.

Онлайн семинарлар

2012 жыл бойына «жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған онлайн-семинарлар» жобасы «сындарлы бағалау» тақырыбы бойынша www.nis.edu.kz АОО сайтының негізінде жүзеге асырылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» АОО басқарма шешімімен «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері мұғалімдеріне арналған онлайн семинарлар өткізу ережесі» мен «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері үшін online семинарлар бойынша оқу бағдарламасы» әзірленіп бекітілді.

Онлайн семинарлар мақсаты жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқушылардың оқу жетістіктерін сындарлы бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу кезінде жинақталған педагогикалық тәжірибемен таныстыру болып табылады.

Семинарлар аптасына бір реттен өткізілді. Оларды өткізуге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 48 мұғалімі қатысты.

Семинарлар сындарлы бағалаудың теориялық негізі мен әдістемесін; түрлі сыныптарда түрлі пәндер бойынша оқу бағдарламасының нақты бөлімдерін зерттеу кезінде пішіндік және жиынтық бағалау тәжірибесін қамтиды. Мұғалімдерге онлайн-семинарлар өткізу барысында оқу процесін ұйымдастыруды түзету және бағалауда сындарлы тәсіл негізінде әр оқушының жеке оқу траекториясы бойынша ұсыныстар берілді. Нақты уақыт режимінде жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері сұрақ қою, консультация алу және семинар мазмұнын талқылау мүмкіндігіне ие болады.

Семинарлар өткізу ережесі, таныстыру кестесі, оқу бағдарламасы, семинарларды таныстыру, семинар барысында қойылған сұрақтар мен жауаптар www.nis.edu.kz «Назарбаев зияткерлік мектебі» АОО сайтында орналастырылған.

2012 жылы 48 онлайн семинар өткізілді.

2013 жылға арналған жоспарлар

1. Критериалды бағалау бойынша 48 онлайн семинар өткізу.

Халықаралық конференциялар

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі білім беру саласындағы озық пікір иелерін бір үнқатысу алаңына жинау мақсатында ДББҰ 2011 жылдан бастап «Дәстүрлер мен өзгерістер» айдары аясында халықаралық конференциялардың сериясын өткізіп келеді.

2012 жылы мынадай:

2012 жылғы 14-15 маусымда «Орта білімнің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» деген тақырыпта;

2012 жылғы 15-16 қарашада «Мектептегі көшбасшылық пен басқару 2012» деген тақырыпта;

2012 жылғы 4-5 желтоқсанда «Мұғалімді кәсіби дамыту: дәстүрлер мен өзгерістер» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді.

2012 жылғы маусымда «Орта білімнің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» деген тақырыпта, 2012 жылғы қарашада «Мектептегі көшбасшылық пен басқару 2012» деген тақырыпта конференция болды. Конференциялардың тақырыптары қазіргі таңда әлемдегі білім беру саласында жүріп жатқан неғұрлым өзекті үрдістерге сәйкес келеді.

Өткен еі конференцияға 750 адам қатысты, олардың арасында танымал халықаралық сарапшылар, мамандар мен ғалымдар бар.

«Орта білімнің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның шеңберіндегі сындарлы пікірталасқа 450 қатысушы, оның ішінде Қазақстан Республикасы мен шет елдердің жоғары оқу орындары мен орта білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

Жұмыс мынадай бағыттар (секциялар) бойынша жүргізілді:

- 1) Орта білім беру саласындағы үрлістер;
- 2) Білім бағдарламаларын әзірлеудегі қазіргі заманғы көзқарастар;
- 3) Халықаралық Бакалавриаттың білім бағдарламасының ерекшеліктері;
- 4) Орта білім берудің мазмұны саласындағы бағдарламалардың үрдістері;
- 5) Көптілді оқытудың халықаралық тәжірибесі;
- 6) Академиялық пәндер арқылы құндылық көзқарастарын іске асыру;
- 7) Оқушылардың оқу жетістіктері;
- 8) Бағалаудағы жаңа ұстанымдар;
- 9) Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Конференцияның секциялық отырыстарының спикерлері – **Кембридж Университетінің Халықаралық емтихандық кеңесінің білімді дамыту жөніндегі директоры** *Тристан Стоби*, Финляндияның Хельсинки қаласы Виикки мектебінің PhD Директоры *Юрки Лойма*, Испанияның Орта мектептер федерациясы көптілділік жобасының PhD Жетекшісі *Итзияр Элорса*, **Калифорния Мемлекеттік Университетінің білім беру профессоры** *Алан Кроуфорд*, Ұлыбританияның Билингвальды оқытуды әзірлеу және басқару жөніндегі PhD Консультанты *Питер Мехисто*, Эстонияның Білім және ғылым министрлігінің Жалпы білім департаментінің директоры *Ирен Кэосаар*, штаб-пәтері Нидерландының Гаага қаласындағы Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламаларды және кәсіби бағдарланған сертификациялық бағдарламаларды әзірлеушілердің жетекшісі *Крис Манникс*, Нидерландының Педагогикалық өлшемдер институтының (Cito) Drs. Атқарушы директоры *Ян Вигерс*, АҚШ-тың Джонса Хопкинс Университеті Дарынды жастар орталығының Халықаралық жобалар департаментінің директоры *Симеон Бродский* және басқалар.

2 күндік жұмыс процесінде конференцияға қатысушылар Қазақстан Республикасындағы және әлемдік білім беру кеңістігіндегі мектеп білімінің өзекті проблемаларын, мектептегі білім беру мазмұнын дамыту үрдістерін, білім беру қызметтерінің сапасын арттырудың ықтимал жолдарын талқылау мүмкіндігін алды. Конференцияға қатысушылар оқушыларда имандылық және құқықтық мәдениетті, патриотизмді және азаматтылықты қалыптастыруда білімнің басым мәні барын атап өтті, бұл құрамдас компоненттері оқу мен тәрбие болып табылатын білім беру процесін ұйымдастыруға қызметтік ұстанымды күшейту арқылы функционалдық сауаттылықты мақсатты түрде дамыту негізінде қалыптастырылады.

Конференцияға қатысушылар:

- мектептегі білімнің барлық компоненттерін жүйелі түрде жаңарту және 6 – 18 жас аралығындағы балаларды оқыту бойынша сапалы білім беру қызметтерін ұсыну қажеттігін;
- құндылықтарды айқындау және оқытудан күтілетін нәтижелер түрінде білім беру мақсаттарының жүйесін әзірлеу негізінде бастауыш, негізгі және жоғары мектеп білімі мазмұнының құрамы мен құрылымын қайта қарауды;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағдарланған барлық білім беру деңгейлерінде пәндер бойынша білім беру және оқу бағдарламаларын әзірлеген кезде қазақстан мектебінің және әлемдік білім беру практикасының үздік дәстүрлерін пайдалануды;
- пәндік білім бойынша ғана емес, кең спектрлі дағдыларды бағалау үшін белгіленген критерийлер негізінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жасауды және енгізуді;
- оқушылардың жобалау-зерттеу жұмысын, дербес және командалық жұмыстарын ұйымдастыру негізінде оқушының жетекші қызметі ретіндегі ілімнің құндылықты мән-мағынасын күшейтуге жәрдемдесуді;

- тілді деңгейлік оқыту жүйесін ғана емес, оқушыларды оқу пәндерін екінші және үшінші тілдерде оқыту арқылы тілдік ортаға біртіндеп енгізуді де көздейтін үштұғырлы оқыту моделін жасауды және енгізуді;
- оқушылардың имандылық және құқықтық мәдениетін, патриотизмі мен азаматтығын қалыптастыруға бағытталған мектептің тәрбие жүйесінің құндылық әлеуетін арттыруды;
- пәндердің әлеуетін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мен табысты әлеуметтенуі үшін пайдалану арқылы оқу пәндерінің тәрбиелік бағытын күшейтуді;
- оқушылардың қызметін дамыту үшін пәндердің ықпалдасуын, online ресурстар пайдалануды ескеретін, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттің принципті жаңа типін әзірлеуге деген көзқарастарды айқындауды;
- кәсіптік даму мен шығармашылық өсудің жетекші факторы ретінде мектеп білімін жүйелі түрде жаңарту жағдайында мұғалімдердің зерттеушілік қызметіне бастамашылық етуді ұсынды.

«Мектептегі көшбасшылық пен басқару 2012» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға 300-ден астам қатысушы қатысты.

Конференцияның бағыттары:

- 1) Бөлінбелі көшбасшылық;
- 2) Кәсіптік білім беру қоғамдастықтары;
- 3) Тиімді мектеп ішілік көшбасшылық;
- 4) Білім берудегі көшбасшылық пен инновация;
- 5) Көшбасшылық пен басқарудың тиімділігін бағалауға арналған деректер;
- 6) Нәтижеге бағдарланған стратегиялық жоспарлау мен басқару;
- 7) Үштұғырлы оқытудағы көшбасшылық;
- 8) Халықаралық Бакалавриаттың бағдарламаларындағы көшбасшылық;
- 9) Мектептегі тақырыптық зерттеулер;
- 10) Көшбасшы ретіндегі мұғалімдер;
- 11) Жаңа командаларды құру және оларды басқару.

Конференцияның пленарлық және секциялық отырыстарының пікірталастарында білім беру саласындағы негізгі мүдделі тараптар: жергілікті және республикалық деңгейдегі лауазымды адамдар, мектептердің директорлары мен әкімшілігі, мұғалімдер, білім берудегі көшбасшылық пен басқару саласындағы отандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

Озық пікір иелері: Қазақстанның, Ұлыбританияның, АҚШ-тың, Нидерландының, Бельгияның, Эстонияның, Финляндияның, Жапонияның, Үндістанның, Филиппиннің және басқа елдердің білім беру саласындағы топ-менеджерлері, заң шығарушылары, сарапшылары, зерттеушілері де жаңа үрдістер мен реформалар туралы өз ойларымен бөлісті. Білімдік форум пайдалы ақпараттың, жасампаз идеяларды, бағалы тәжірибелер мен кең байланыстардың көзіне айналды.

Конференцияға қатысушылар білім берудегі, әсіресе елдің жалпы білім беру мектептеріндегі көшбасшылық пен басқаруды дамыту үшін мынадай қадам жасау керектігін ұсынды:

- өңірлік және республикалық деңгейлерде **мектеп директорларының ерікті қауымдастықтарын** құру, олар кәсіптік диалог, идеяларды және озық практикаларды алмасу үшін тәуелсіз қоғамдастық ретінде әрекет ете алады;
- білім берудегі проблемаларды талқылауға және мектептегі көшбасшылықтың тиімді практикасын таратуға жәрдемдесу үшін **мектептегі көшбасшылық бойынша үштілді (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) электрондық бюллетень** жасау;

- мұғалімдер үшін көшбасшылықты дамыту мүмкіндігі ретінде **пән мұғалімдерінің ерікті қауымдастықтарын** құруды және олардың қызметін қолдау;
- **білім берудегі қазіргі және болашақ қазақстандық көшбасшылардың мектептегі көшбасшылық жөніндегі халықаралық ұйымдармен және форумдармен байланысын** орнатуға жәрдемдесу;
- елдің **Зияткерлік және жалпы білім беру мектептерінде сабақ беру мен оқытуды жақсарту үшін стратегия ретінде «Практиканы қолданыста зерттеу» және «Сабақты зерттеу»** жобаларын;
- **педагогикалық ЖОО-лардың бағдарламаларына** көшбасшылық және басқару жөніндегі **курстарды** енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- біліктілікті арттырудың ұлттық бағдарламаларына көшбасшылық және басқару жөніндегі курстарды енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- білім беру сапасын жақсарту, сондай-ақ пікір және зерттеу нәтижелерін алмасу мақсатында көшбасшылық және басқару бойынша **жыл сайынғы конференциялар** өткізу.

2012 жылғы 4 – 5 желтоқсанда Кембридждің Халықаралық емтихандық кеңесімен және Кембридж университетінің Білім факультетімен бірлесіп «Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» атты II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі.

Конференция шеңберінде қазақстандық мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша қазақстан-британ жобасын іске асырудың бірінші жылының нәтижелері, сондай-ақ Кембридж университетімен стратегиялық ынтымақтастық жағдайында одан әрі қызмет істеудің перспективаларын айқындау талқыланды.

Конференцияның жұмысына Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім беру жүйесі органдарының, Қазақстан мен шет елдердің: Австралияның, Ұлыбританияның, Израильдің, Канаданың, Жаңа Зеландияның, Ресейдің, АҚШ-тың, Финляндияның, ОАР-дың және Жапонияның орта және жоғарғы білім ұйымдары педагогикалық жұртшылығының, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінің өкілдері қатысты.

Конференция шеңберінде «Мұғалімнің кәсіби дамуы: әріптестік кеңістігі» атты көрме өтті, оның шеңберінде жетекші қазақстандық мемлекеттік педагогикалық институттардың, Кембридж университетінің, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және педагогика кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын басқа да қазақстандық және халықаралық ұйымдардың материалдары ұсынылды.

Конференция барысында:

- Мұғалімдердің кәсіби дамуы саласындағы ғылыми-зерттеу және практикалық тәжірбиені алмасу;
- Педагогтардың біліктілігін арттырудың қазіргі заманғы жүйесінің өзекті мәселелерінің шешімін бірлесіп іздеу;
- Педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесінің жұмысын оңтайландыру және оның мазмұнының сапасын жетілдіру бойынша басымдықтарды анықтау және ұсынымдарды жасап шығару ұйымдастырылды.

Конференция барысында Педагогикалық шеберлік орталығының «Педагогикалық диалог» атты ақпараттық-әдістемелік журналының бірінші нөмірінің тұсауы кесілді. Басылымның негізгі мақсаты Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және жетекші қазақстандық және шетелдік білім беру ұйымдарының озық педагогикалық тәжірбиесін тарату болып табылады.

Конференция қорытындысы бойынша қатысушылар баяндамаларының төрт томдық жинағы шығарылды.

Педагогикалық шеберлік орталығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылға 18 сәуірдегі кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы берген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірбиесін тарату туралы тапсырмаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ДББҰ-ның тәжірбиесін тарату, педагогика кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту, Педагогикалық шеберлік орталықтарын (бұдан әрі – ПШО) құру жөніндегі тұжырымдамалық ұстанымдарды мақұлдады.

Жоба жалпы білім беру мектептері мұғалімдерінің біліктілігін арттыруды **озық халықаралық практикаға сай келетін**, арнайы әзірленген деңгейлік оқыту бағдарламасы бойынша ұйымдастыруды көздейді.

ДББҰ басқармасының 2012 жылғы 13 шілдедегі шешіміне (№ 29 хаттама) сәйкес облыс орталықтарында және Алматы қаласында ПШО-ның филиалдары ашылды.

2012 жылғы 23 тамызда Кембридждің Халықаралық емтихандық кеңесі мен Педагогикалық шеберлік орталығы арасында белгілі бір білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімге қол қойылды.

2012 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданып, ол ДББҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілігін арттырудан өткен және тиісті деңгей бағдарламасы бойынша сертификат алған мұғалімдерге біліктілік деңгейі үшін мынадай қосымша ақы белгілейді:

бірінші (ілгері) деңгейге – лауазымдық айлықақының 100 %-ы;

екінші (негізгі) деңгейге – лауазымдық айлықақының 70 %-ы;

үшінші (базалық) деңгейге – лауазымдық айлықақының 30 %-ы.

ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы шешіміне (№ 59 хаттама) сәйкес Орталықтың 8 бөлімнен және 16 филиалдан тұратын құрылымы және оның сандық құрамы бекітілді, оған сәйкес Орталық қызметкерлерінің штат саны – 163 адам, оның ішінде 52-ісі – Орталықтың қызметкерлері, 111-і – филиалдардың қызметкерлері.

2012 жылғы 21 желтоқсанда Кембридждің Халықаралық емтихандық кеңесі мен Педагогикалық шеберлік орталығы арасында белгілі бір білім қызметтерін көрсету туралы келісімге қол қойылды.

Педагогика қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Кембридж Университетінің Білім факультетімен бірлесіп Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (базалық), екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгейлік бағдарламалары (бұдан әрі – III-ші деңгейлі бағдарлама, II-ші деңгейлі бағдарлама және I-ші деңгейлі бағдарлама) әзірленді.

Әрбір деңгей бағдарламасына оқу-әдістемелік кешен мынадай материалдарды қамтиды:

- мұғалімге арналған басшылық;
- бапкерге арналған басшылық;
- мектептегі практика кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар;
- үлестірме материал (апта сайынғы)

Бапкерлерді оқыту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында деңгейлік бағдарламаларды байқап көру қорытындысы бойынша оны түзету және пысықтау жүргізілді, соның нәтижесінде III-ші деңгейлі бағдарлама мен оған оқу-

әдістемелік кешен – 3 рет, ІІ-ші деңгейлі бағдарлама мен ОӘК – 2 рет, І-ші деңгейлі бағдарлама мен ОӘК – 1 рет қайта басып шығарылды.

Бағдарламалардың мазмұны мынадай мәселелерді кешенді түрде қарауға негізделді:



Үшінші (базалық) деңгейде мұғалімдерді сыныптағы оқыту процесіне басшылық етуге даярлау (416 сағат) жүзеге асырылады.

Екінші (негізгі) деңгейде мұғалімдерді өз әріптестерін коучинг және менторинг арқылы оқыту процесіне даярлау (440 сағат) жүзеге асырылады.

Бірінші (ілгері) деңгейде мұғалімдерді мектеп және мектептер желісінде басқа мұғалімдерге коучинг пен менторингті жүзеге асыратын мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын ұйымдастыру және оған басшылық ету процесіне даярлау (464 сағат) жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру

Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж Университетінің Білім факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламаларына сәйкес:

бапкерлерді оқыту курстарынан:

- 2012 жылғы 23 қаңтар – 17 наурыз аралығындағы кезеңде ІІІ-ші деңгейлі бағдарлама бойынша 286 бапкер;
- 2012 жылғы 13 тамыз – 29 қыркүйек аралығындағы кезеңде ІІ-ші деңгейлі бағдарлама бойынша 165 бапкер;
- 2012 жылғы 22 қазан – 8 желтоқсан аралығындағы кезеңде І-ші деңгейлі бағдарлама бойынша 133 бапкер өтті.

Барлығы республика бойынша 584 бапкер үш деңгей бойынша оқытылды.



мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарынан:

- 2012 жылғы 4 сәуір – 23 маусым аралығындағы кезеңде Орталық пен оның филиалдарының базасында, Орталықтың Кембридж университеті сарапшыларымен бірлесіп даярлаған қазақстандық бапкерлер республиканың жалпы білім беру мектептерінің 1003 мұғалімнің III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша оқытудан өткізді, оның ішінде 997 адам біліктілік емтиханын тапсырды, 937 адам (94%) сертификат алды.
- 2012 жылғы 30 шілде – 29 қазан аралығындағы кезеңде Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің 34 мұғалімі үшін III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.
- 2012 жылғы 3 қыркүйек – 24 қараша аралығындағы PESCO (АҚШ) компаниясы қызметкерлерінің қатысуымен Орал қаласындағы Зияткерлік мектептің базасында республиканың жалпы білім беру мектептерінің 50 мұғалімі пәндерді (физика, химия, биология) оқыту әдістемелері қосылған III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті.
- 2012 жылғы 4 желтоқсан – 22 ақпан аралығындағы кезеңде Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент қалаларында ашылып жатқан Зияткерлік мектептерде конкурстық іріктеуден өткен республиканың жалпы білім беру мектептерінің 152 мұғаліміне III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстары өткізіледі.

Курстардың шеңберінде нормативтік, қаржылық және мазмұндық сипаттағы мәселелерді жедел түрде шешу және түзетулерді дер кезінде енгізу мақсатында ПШО:

- бапкерлерді III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша оқыту;
- бапкерлерді II-ші деңгейлі бағдарлама бойынша оқыту;
- бапкерлерді I-ші деңгейлі бағдарлама бойынша оқыту;
- мұғалімдердің біліктілігін III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша арттыру;
- Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің біліктілігін III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша арттыру;
- PESCO компаниясы (АҚШ) қызметкерлерінің қатысуымен республиканың жалпы білім беру мектептері мұғалімдерінің біліктілігін пәндерді (физика, химия, биология) оқыту әдістемесінің элементтері қосылған III-ші деңгейлі бағдарлама бойынша арттыру курстарын ұйымдастыру және олардың мазмұны бойынша мониторинг жүргізді.

ПШО-ның жинақталған тәжірбиені тарату шеңберінде, Кембридж Университетінің Білім факультетімен ынтымақтастық тұрғысынан қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналын шығару басталды.

Журналдың шығарылу мерзімі – тоқсанына 1 рет.

Журналды шығару мақсаты Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және шетелдік озық педагогикалық тәжірбиені Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептеріне тарату болып табылады.

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 8 маусымда № 12804 – Ж нөмірімен тіркелді.

Журналдың бірінші нөмірі 2012 жылғы 4 желтоқсанда «Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» атты II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция шеңберінде шығарылып, таныстырылды.

Журналдың құрылымы:



Журналға «Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік кітапханасы» деген қосымша шығарылады.

Журналдың бірінші нөміріне қосымша ретінде Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім факультетімен бірлесіп әзірленген Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламаларына Глоссарий шығарылды.

Есепті кезең ішінде республика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бойынша қазақстан – британ жобасының іске асырылуы туралы екі фильм және «Әлем өзгеруде – біз де өзгереміз» деген ортақ тақырыппен Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары тыңдаушыларының пікірлері бар екі эссе жинағы шығарылды.



Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша деңгейлік курстар қорытындысына орай мұғалімдер мен бапкерлерді бағалау туралы

ПШО мен Кембридж Университетінің Білім факультеті әзірленген Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыру бағдарламасы шеңберінде қазақстандық педагогтардың курстық даярлығының тиімділігі мен біліктілік деңгейін растау рәсімінің объективтілігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін **ДББҰ мен СІЕ арасындағы Келісімге сәйкес ПШО-да Бағалау жөніндегі сарапшылардың қызметін үйлестіру бөлімі** (бұдан әрі – БСҚҰБ) құрылды.

БСҚҰБ қызметінің мақсаты Бағдарламаның іске асырылу сапасын озық әлемдік практика, өз ресурстары мен мүмкіндіктері негізінде тәуелсіз бағалаудың тиімді моделін әзірлеу, байқап көру және енгізу болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында **СІЕ-мен бірлесіп** бағалау жөніндегі сарапшылардың қызметін регламенттейтін **мынадай құжаттар әзірленді:**

1. Бағалау жөніндегі басшылық;
2. Бапкерлерді бағалау моделі;
3. Мұғалімдерді бағалау қағидаттары;
4. Біліктілік емтиханын өткізу жөніндегі нұсқаулық;
5. Этикалық кодекс.

Есепті кезең ішінде БСҚҰБ деңгейлік курстарды бағалау жүйесін жақсартуға, бағалау рәсімдерін нақтылау мен үйлестіруге бағытталған бірқатар жұмыс құжаттарын дайындады, олар:

1. Деңгейлік курстарды бағалаудың жалпы схемасы – 2012 жылғы сәуір;
2. 2012 жылғы деңгейлік курстарды мұғалімдерді бағалаудың және бағалау рәсімдерінің схемасы – 2012 жылғы мамыр;
3. 3-ші (базалық) деңгей курстарында біліктілік емтиханын өткізу жөніндегі нұсқаулық – 2012 жылғы мамыр;
4. 2-ші (орташа) деңгей курстарында біліктілік емтиханын өткізу жөніндегі нұсқаулық – 2012 жылғы қазан;
5. ҚР педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстарын бағалау туралы ереже (қазіргі кезде әзірлеу жұмысы аяқталу үстінде)

Есепті кезең ішінде БСҚҰБ бағалау жөніндегі сарапшылар командаларын қалыптастыру бойынша мынадай іс-шараларды ұйымдастырып, өткізді:

№	Атауы	Өткізу орны	Мерзімдері
1	3-ші деңгейлі бапкерлерді даярлау курстары шеңберінде бағалау жөніндегі сарапшылыққа 32 кандидатты конкурстық іріктеу және оқыту	Астана	23 қаңтар – 16 наурыз
2	СІЕ мамандарының қатысуымен бағалау жөніндегі сарапшыларға (32 сарапшы) арналған оқыту семинары	Астана	23-27 сәуір
3	3-ші деңгейлі курстарды бағалауға баратын сарапшыларға арналған негіздемелік семинар	Астана	31 мамыр – 02 маусым
4	Бағалау жөніндегі сарапшылыққа жаңа кандидаттарды (22 кандидат) іріктеп алу	Астана	12 тамыз
5	2-ші деңгейлі бапкерлерді даярлау курстары шеңберінде сертификатталған сарапшыларды және бағалау жөніндегі сарапшылыққа кандидаттарды оқыту	Астана	13 тамыз – 28 қыркүйек
6	СІЕ мамандарының қатысуымен бағалау жөніндегі сарапшыларға (22 сарапшы) арналған оқыту семинары	Астана	01-05 қазан
7	1-ші деңгейлі бапкерлерді даярлау курстары шеңберінде сертификатталған сарапшыларды және бағалау жөніндегі сарапшылыққа кандидаттарды оқыту	Астана	22 қазан – 08 желтоқсан
8	3-ші деңгейлі курстарды бағалауға баратын сарапшыларға арналған негіздемелік семинар	Астана	03-04 қараша

9	2-ші деңгейлі курстарды бағалауға баратын сарапшыларға арналған негіздемелік семинар	Астана	09 желтоқсан
---	--	--------	--------------

Есепті кезең ішінде БСҚҰБ және бағалау жөніндегі сарапшылар Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы бойынша 3-ші (базалық) деңгей бойынша оқытудан өткен бапкерлер мен мұғалімдердің қызметін **бағалаудың 2 циклін және 2-ші (орташа) деңгей бойынша бағалаудың 1 циклін** жүргізді, олардың шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді:

№	Атауы	Өткізу орны	Мерзімдері
1	3-ші деңгей курстарын бағалау және біліктілік емтиханын өткізу	Барлық облыс орталықтары, Астана, Алматы, Семей, Талдықорған	04 маусым – 23 маусым
2	3-ші деңгей курстарын бағалау нәтижелерін СІЕ-нің емтихан қабылдаушыларын қатыстыра отырып модерациялау	Астана	10-16 шілде
3	3-ші деңгей курстарын бағалау нәтижелерін апелляциялау және модерациялау	Астана	18 шілде-14 тамыз
4	3-ші деңгей курстарын бағалау жүйесін СІЕ сарапшыларын қатыстыра отырып валидациялау	Астана	31 шілде – 07 тамыз
5	3-ші деңгей курстарын бағалау және біліктілік емтиханын өткізу	облыс орталықтары, Астана, Алматы	05 қараша – 25 қараша
6	2-ші деңгей курстарын бағалау және біліктілік емтиханын өткізу	Алматы	10 желтоқсан– 25 желтоқсан
7	3-ші деңгей курстарын бағалау нәтижелерін апелляциялау және модерациялау	Астана	12-26 желтоқсан

Кембридж Университеті Білім факультетінің өкілдері мен ПШО сарапшылары өткізген біліктілік емтихандары, апелляция және ауызша сұхбат рәсімдері, емтихан материалдарын почта қызметінде қаптау және қаптан шығару процесі материалдардың құпиялығын қамтамасыз ету үшін толықтай бейнеге түсіріп алынды.

2012 жылы өткізілген курстарды бағалау мен сертифициаттаудың сандық көрсеткіштері

Мұғалімдер	3 деңгей 04.04-23.06		3 деңгей 10.09-25.11		2 деңгей 01.10-25.12		БАРЛЫҒЫ	
	саны	%-бен	саны	%-бен	саны	%-бен	саны	%-бен
Курс басталған кезде	3292	100,0	4292	100,0	300	100,0	7884	100,0
Біліктілік емтиханына жіберілді	3256	98,9	4268	99,4	299	99,7	7823	99,2

Біліктілік емтиханын тапсырды	3043	92,4	4062	94,6	266	88,7	7371	93,5
Сертификаттау үшін ұсынылды	3038	92,3	4105	95,6	276	92,3	7420	94,1
Курс басталған кезде деңгей бойынша барлығы	3 деңгей – 7584				2 деңгей – 300			
Сертификаттау үшін ұсынылғандардың деңгей бойынша барлығы	3 деңгей – 7143 (94,2 %)				2 деңгей – 276 (92,0 %)			

Бапкерлер (барлығы - 273)	3 деңгей 04.04–23.06		3 деңгей 10.09-25.11		2 деңгей 01.10-25.12		БАРЛЫҒЫ	
	саны	%-бен	саны	%-бен	саны	%-бен	саны	%-бен
Курс басталған кезде	227	100	128	100	28	100	*	*
Сертификаттау үшін ұсынылды	208	91,6	*	*	*	*	*	*
Курс басталған кезде деңгей бойынша барлығы	3 деңгей – *				2 деңгей – *			
Сертификаттау үшін ұсынылғандардың деңгей бойынша барлығы	3 деңгей – (* %)				2 деңгей – (* %)			

* - деректер өңделу үстінде (бапкерлердің портфолиосы модерациялауда жатыр) және олар валидация бойынша Емтихандық Кеңеске (26.01.2013 ж.) дайын болады

БСҚҮБ-ның өз қызметінің, сондай-ақ Бағалау моделі мен Курстар бағдарламасы тұтас іске асырудың тиімділігі мен сапасы ұдайы мониторингтеліп, талданды. Мәселен, есепті кезең ішінде БСҚҮБ Жобаны жетілдіруге және дамытуға бағытталған **бірқатар ақпараттық-талдамалық құжаттарды** дайындады, олар:

1. Бағалау жүйесі бойынша **талдамалық жазба** (Кембриджге жасалған сапарға орай) – 2012 жылғы сәуір;
2. Деңгейлік курстарды **бағалаудың жалпы схемасы** – 2012 жылғы сәуір;
3. 2012 жылғы деңгейлік курстарда мұғалімдерді **бағалаудың** және бағалау рәсімдерінің **схемасы** – 2012 жылғы мамыр;
4. **Бағалау жүйесін** ҚР БҒМ-да **таныстыру** – 2012 жылғы маусым;
5. **Біліктілік емтиханының нәтижелерін** ДББҰ-да және ҚР БҒМ-да **таныстыру** – 2012 жылғы шілде;
6. 3-ші (базалық) курстардың 1-ші ағымының нәтижелері жөніндегі **талдамалық жазба**;
7. КХЕК үшін деңгейлік курстарды бағалау жүйесі жөніндегі **талдамалық жазба** – 2012 жылғы тамыз;

8. ҚР педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары бағдарламасын іске асырудың деңгейлік курстары бағдарламасын іске асыру жөніндегі **талдамалық жазба** – 2012 жылғы қыркүйек;

9. ҚР педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары бағдарламасын іске асырудың **проблемаларын SWOT-талдау** – 2012 жылғы қазан;

10. ҚР педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары **бағдарламасының нәтижелерін таныстыру** – 2012 жылғы қараша;

11. ҚР педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстарының **бағдарламасын 2013 – 2016 жылдары дамыту жөніндегі ұсыныстар** – 2012 жылғы қараша;

12. **Бағалау жүйесі** және оны жақсарту жөніндегі ұсыныстарды ҚР БҒМ – да **таныстыру** – 2012 жылғы желтоқсан.

Аталған міндетті іске асыру шеңберінде 2012 жылғы мамырда cpi.nis.edu.kz білім беру порталының жұмыс нұсқасы жасалды, оның көмегімен мұғалімдердің сондай-ақ бапкерлер мен сарапшылардың портфолиосы енгізіледі. Бапкердің – мұғалімді, сарапшының бапкерді онлайн форматты бағалауы және жиынтық бағаны қоюы жүргізіледі. Мұғалімдердің тізімі мен соңғы жаңалықтар жарияланады.

Мұғалімдердің портфолиосы және таныстырылымы, бапкерлердің портфолиосы, сарапшылардың портфолиосы бойынша дерекқор жасалды. Емтихан материалын Кембриджге және Қазақстан бойынша жөнелту-алу және компанияның демалыс күндері жұмыс істеуі бойынша почта қызметімен арадағы жұмыс ретке келтірілді, өйткені біліктілік емтиханы сенбі немесе жексенбі күндері өткізіледі.

2013 жылға арналған жоспарлар:

1. Курстардың іске асырылу сапасын сараптау және бағалау жөніндегі қызметті регламенттейтін нормативтік базаны жетілдіру және жаңарту;

2. БСҚҮБ-нің 3-ші, 2-ші және 1-ші деңгейлі сертификатталған мұғалімдердің қызмет тиімділігін бағалау моделін курстан кейінгі кезеңде ҚР БҒМ-ның Білім беру саласындағы бақылау комитетімен бірге іске асыру үшін функцияларын кеңейтіп, тәуелсіз бағалау ұйымы ретінде жеке құрылым қылып бөліп шығару;

3. Бағалау жөніндегі кәсіби сарапшылар командасын әрі қарай қалыптастыру, олардың біліктілігін арттыру;

4. Біліктілік емтиханын сапалы түрде өткізу үшін тест сұрақтары мен тапсырмалар базасын қалыптастыру және жетілдіру;

5. 2013 жылғы 2-ші жарты жылдықта тәуелсіз Интернет-порталдың жаңа нұсқасын әзірлеп, іске қосу;

6. Курстан кейінгі кезеңде сертификатталған мұғалімдерді ақпараттық-әдістемелік қолдау және олардың қызмет тиімділігін бағалау моделін әзірлеу және іске қосу;

7. Әртүрлі бағыттар бойынша курстарды іске асыру сапасын өлшеу базасын қалыптастыру;

8. Педагогика кадрларын даярлау деңгейлерін аяқталғаннан кейін бағалау рәсімдерін жүргізу.

Республика педагогтарының желілік қоғамдастығы

2012 жылғы 10 қаңтарда ПШО-ның қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі www.cpm.kz ақпараттық веб-сайты ашылды.



2012 жылғы 13 қаңтарда сайтта Портал құрылып, онда Кембридж университетінің сарапшыларымен бірлесіп әзірленген бағдарламалық бағдарламалардың материалдары, слайдты таныстырылымдар, дербес жұмысқа арналған тапсырмалар, қазақстандық және шетелдік алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе бойынша қосымша әдебиет ұдайы түрде орналастырылады.

2012 жылғы 6 сәуірде педагогтардың желілік қоғамдастығы құрылды. ПШО, филиалдар, тартылған мемлекеттік педагогикалық жоғары оқу орындары, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы мен оның филиалдары курстарының барлық тыңдаушылары осы қоғамдастықтың тыңдаушылары болып табылады.

2012 жылғы желтоқсанда сайтта 7600 тыңдаушы тіркеліп, 112821 адамның кіргені белгіленген.

Зияткерлік мектептердің тәжірбиесін тарату бойынша базалық мектептер

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі өңірлік білім басқармаларымен бірлесіп ДББҰ тәжірибесін тарату үшін 35 базалық ұйымды белгіледі.

Осы ұйымдарға жүргізілген талдау базалық ұйымдар ішінде:

- Мемлекеттік мекемелер – 34 (97,1%), мемлекеттік емес мекемелер - 1 (2,9%) (Астана қаласындағы «Нұрорда» қазақ-түрік лицей кешені);
- Қалалық мектептер – 33(94,3%), ауылдық мектептер – 2 (5,7%);
- Толық жасақталған мектептер - 31 (85,7%), аз жасақталған мектептер – 4 (14,3%); 3 (9,6%) ұйым – қазақ-түрік лицейлері;
- Қазақ тілінде оқытатын мектептер – 16 (45,7%), орыс тілінде оқытатын мектептер – 6 (17,1%), аралас тілді мектептер – 13 (37,2%)

35 базалық мектептен: 16-сы – жаңа тұрпатты мектептер (4 мектеп-лицей, 10 мектеп-гимназия, 1 облыстық мамандырылған мектеп, 1 пәндерді тереңдетіп оқытатын облыстық мектеп), 14-і – дарынды балаларға арналған мектеп, 5-уі – жалпы білім беру мектебі.

Тілдерді тереңдетіп зерттеу – 21 базалық мектепте, эксперименттік жұмыс – 24 базалық мектепте жүргізіледі.

Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы:

Базалық мектептердің 2500 педагогынан:

- 8 базалық мектептің 20 педагогы (0,8%) шетелден біліктілікті арттырудан өткен;
- 11 базалық мектептің 107 педагогы (4,3%) ПШО базасында 3-ші деңгейлі бағдарлама бойынша біліктілікті арттырудан өткен;
- 58 педагог (2,3%) ПШО базасында желілік қоғамдастықта тұрады;
- Әкімшіліктің саны – 215 адам, орташа алғанда әр мектепке 6 адамнан, 82 адам (38%) басқару мәселері бойынша оқытудан өткен;
- Ағылшын тілі мұғалімдері – 200 (8%);
- 12 мектепте 51 педагог (2%) пәндерді ағылшын тілінде оқытады.

2379 педагог (95,2%) – жоғары білімді, 20 педагог (0,8%) – аяқталмаған жоғары білімді, 101 педагог (4%) – орта кәсіптік білімді.

Бір педагог (Ақтөбе қаласындағы дарынды жасөспірімдерге арналған Обл.ҚТЛИ) «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша бакалавриат бағдарламасымен білім алған. 3 педагог (Ақтөбе қаласындағы дарынды жасөспірімдерге арналған Обл.ҚТЛИ, Қарағанды қаласындағы дарынды балаларға арналған «Мұрагер» Обл.МИ, О.Жәутіков атындағы РФММИ) халықаралық грант бойынша шетелде оқыған.

27 мектепте 82 педагог (3,3%) магистр дәрежесіне ие. 8 мектепте жұмыс істейтін 22 педагогтің (0,9%) ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар.



Оқушылардың сапалық құрамы

2012 жылғы ҰБТ-ның нәтижелері бойынша 33 базалық мектеп түлектерінің орташа баллы республика бойынша орташа баллдан жоғары болды (70,9), 2 мектептің (Талдықорған қаласындағы №9 ОМ, Семей қаласындағы №25 ОМ) орташа баллы төмен болды. 8 базалық мектептің түлектері 125 мүмкін баллдан 100-ден жоғары балл жинаған.

2012 жылы базалық мектептердің 140 түлегі «Алтын белгі» аттестатын, 67 түлек – үздік аттестат, 474 түлек – негізгі мектепті үздік аяқтағаны туралы куәлік алды.

Жүргізілген талдау тәжірбиені таратудағы белгілі бір проблемаларды анықтап, осы проблемаларды шешу жолдарын – педагогика кадрларының сапалық құрамын

жақсарту, базалық мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

2012 жылы базалық мектептер мынадай жұмыс жүргізді.

2012 жылғы мамырда Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің базасында Зияткерлік мектептердің тәжірбиесін тарату бойынша екі күндік республикалық семинар өткізілді.

Базалық мектептер мен білім басқармаларының өкілдері ДББҰ-ны дамыту стратегиясымен, Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының басым бағыттарымен, жұмыс спецификациясымен, біліктілікті арттыру жүйесінің ерекшеліктерімен танысты.

Семинарға қатысушылар үшін мынадай үш секция бойынша мұғалімдердің шеберлік – сыныптары өткізілді: «Бағалаудағы жаңа ұстанымдар: критериалды бағалау», «Сындарлы ойлану технологиясын қолдану», «Бастауыш мектепте көптілділікті енгізу тәжірбиесі».

Семинар жұмысының қорытындысы бойынша қатысушылар үлестірме материал алды.

Базалық мектептердің өкілдері ДББҰ-ның тамыз конференциясына қатысты, ол 2012 жылғы 21 тамызда Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепте **«Педагогикалық инновациялар: әзірлеуден енгізуге дейін»** деген тақырыпта ұйымдастырылды.

Конференцияға Зияткерлік мектептердің 150 мұғалімі, 165 шетелдік педагог, сондай-ақ 35 білім беру ұйымының өкілдері қатысты



Базалық мектептердің өкілдері ДББҰ өткізген «Орта білімнің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» (2012 жылғы 14-15 маусым), «Мектептегі көшбасшылық пен басқару» (2012 жылғы 15-16 қараша) атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты.





Аталған базалық мектептер 6 Зияткерлік мектепке бекітіліп берілген. 2013 жылдағы семинарлар графигі, 2013-2015 жылдары базалық мектептермен мынадай:

- Педагогтардың кәсіби дамуы;
- Білім берудің мазмұны (бағдарламалар, критериалды бағалау жүйесі, үш тұғырлы тіл, элективтер);
- Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі бағыттар мен ұстанымдар бағыттары бойынша жұмыс жоспары бекітілді.

2013 жылға арналған жоспарлар

В 2013 жылы Зияткерлік мектептердің базасында Ықпалдасқан білім беру бағдарламасының әдіснамасы, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін пайдалану, ДББҰ-дағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, инновациялық кітапхана және т.б. жөнінде семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

№	Семинар	Өткізу орны	Өткізу күні
1	Зияткерлік мектептерде оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі	Талдықорған қ-сы	2013 жылғы наурыз
2	ДББҰ-дағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары	Орал қ-сы	2013 жылғы қаңтар
3	Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу экспедициясын ұйымдастыру	Өскемен қ-сы	2013 жылғы мамыр
4	«Инновациялық кітапхана» - базалық мектептердің кітапханашылары үшін	Семей қ-сы	2013 жылғы ақпан
5	Зияткерлік мектептерде пәндерді оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелері туралы	Астана қ-сы	2013 жылғы қазан
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы	Көкшетау қ-сы	2013 жылғы мамыр
7	Ықпалдасқан білім беру бағдарламасының әдіснамасы, ұзақ мерзімді, орта мерзімді жоспарлау	Астана қ-сы	2013 жылғы тамыз

8	Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін пайдалану	Көкшетау қ-сы	2013 жылғы қазан
---	---	---------------	------------------

2013 жылдан бастап 2015 жылға дейін мынадай жұмыс жоспарланып отыр:

- Кембридж Университетімен бірлесіп әзірленген Ықпалдасқан білім беру бағдарламасының шеңберінде оқу бағдарламаларын үш деңгей (базалық, негізгі, ілгерінді) бойынша бейімдеу және үш деңгей бойынша бейімделген оқу бағдарламаларын базалық мектептерге беру;
- Базалық мектептердің педагогтарын Зияткерлік мектептерде байқап көрілген элективтік курстардың бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру, элективтік курстардың байқап көрілген бағдарламаларын беру;
- Зияткерлік мектептерде іске асырылып жатқан үш тұғырлы тіл саясатын түсіндіру және талқылау, шет тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттерін (CEFR – Common European Framework of References) түсіндіру бойынша, пән мен тілді ықпалдастыра оқыту (CLIL – Content and Language Integrated Learning) бойынша семинарлар, пәндік-тілдік ықпалдасқан оқытуды пайдалану, командада оқыту және т.б. бойынша шеберлік сыныптарын өткізу;
- Тәрбие жұмысының, ата-аналармен жұмыстың негізгі ұстанымдары, мектеп қоғамдастықтарын құру, әлеуметтік практиканы ұйымдастыру бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру, Базалық мектептерде кураторлар қызметін енгізу бойынша пилоттық жоба, тәрбие жұмысының бағыттары бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және беру;
- критериалды бағалау бойынша семинарлар, оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерін форматты бағалауды ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныптарын өткізу, және базалық мектептерге оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау модельдері мен технологияларын ұсыну;
- ПШО-ның www.cpm.kz сайтының білім беру платформасы базасының мүмкіндіктерін ескере отырып, кәсіби қоғамдастықты қалыптастыру және желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

6-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ МЕН КОММУНИКАЦИЯ

6.1. Зияткерлік мектептер желісін дамыту

2012 жылдың аяғында Астана, Көкшетеу, Семей, Талдықорған, Өскемен және Орал қалаларындағы алты ғимаратта 7 Зияткерлік мектеп жұмыс істейді.

Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп	2009 жылғы 4 қаңтарда ашылды. «100 мектеп пен 100 аурухана салу» бағдарламасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мен Астана қаласының әкімдігі салды Мектептің ғимараты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның сенімгерлікпен басқаруында тұр. Қазіргі таңда Есіл өзенінің сол жақ жағалауында Назарбаев Университетінің жанынан құрылысын салу жүргізіліп жатыр
Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік	2009 жылғы 1 қыркүйекте ашылды. «100 мектеп пен 100 аурухана салу» бағдарламасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мен Ақмола облысының әкімдігі салды

мектеп	Қазіргі таңда ғимаратты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ға беру жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр
Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп	2009 жылғы 1 қыркүйекте ашылды. «100 мектеп пен 100 аурухана салу» бағдарламасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі салды Мектептің ғимараты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның сенімгерлікпен басқаруында тұр. Әкімдіктің ықшамауданда оқушы орындарының жетіспеуі салдарынан ғимаратты қайтару туралы ұсынысына байланысты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Қамқоршылық Кеңесі өз ғимаратын салу туралы шешім қабылдады
Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп	2010 жылғы 1 қыркүйекте ашылды. «100 мектеп пен 100 аурухана салу» бағдарламасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі салды Мектептің ғимараты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның меншігіне берілген
Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектеп	«100 мектеп пен 100 аурухана салу» бағдарламасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі салған мектептің ғимаратында ашылды Әкімдіктің ықшамауданда оқушы орындарының жетіспеуі салдарынан ғимаратты қайтару туралы ұсынысына байланысты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Қамқоршылық Кеңесі өз ғимаратын жобалау жұмысын жүргізуде
Астана қаласындағы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасын іске асыратын Зияткерлік мектеп	2010 жылғы 1 қыркүйекте Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің базасында ашылды
Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп	2012 жылғы 29 қыркүйекте ашылды. Мектептің ғимараты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның балансында тұр

ДББҰ-да Зияткерлік мектептерді жобалау мен салуға ұдайы мониторинг жүзеге асырылды. ДББҰ-ның басқару органдары құрылыстың ағымдағы жай-күйі туралы ұдайы хабардар етіліп отырады. Зияткерлік мектептерді салу бойынша тапсырыс

берушінің функциясын «Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дирекциясы» (Дирекция) жүзеге асырады, оған құрылысты техникалық қадағалау бойынша қызметтер көрсетуге арналған лицензия ресімделген.

6.2. Жобалау алдындағы жұмыстар

2012 жылы атқарылған жұмыс

Қалалар әкімдіктерінің 17 Зияткерлік мектепті жобалауға және салуға жер учаскелерін беру туралы қаулыларына өзгерістер енгізілді. Жобалауға және салуға берілген барлық жер учаскелеріне жердің мемлекеттік актісі алынды.

Астана қаласында физика-математика және химия-биология бағыттарындағы екі Зияткерлік мектепті салу үшін Қабанбай батыр, Тұран даңғылдары мен 31-ші көшенің қиылысындағы ауданда бөліп берілген алаңы 10,0003 га жер учаскесінің шегінде 178 саяжай учаскесі бар. 152 саяжай учаскесі салып алынып, сүріп тасталды, 5 учаске бойынша материалдар сот сатыларының қарауында жатыр. Аллеяларлы, саябақ аймақтарын, демалыс аймақтарын және автотұрақ ұйымдастыру үшін аумақты кеңейтуге қосымша 3,982 га жер бөліп берілді.

Өскемен қаласында Зияткерлік мектепті жобалау үшін бастапқы деректер (учаскені бөліп беру, инженерлік желілер мен коммуникацияларға қосылудың техникалық шарттары, сәулет-жоспарлау тапсырмасы) жиналған, басқа қалалар бойынша техникалық шарттар жаңартылды (ұзартылды).

Жобалау көрсеткіштерінің сапалық сипаттамасын жақсарту мақсатында жеке жатын корпусы бар және педагогикалық орталығы бар 386 орындық әкімшілік ғимараты және 100 орындық мейманханасы бар, әрбірі 720 оқушыға арналған химия-биология және физика-математика бағыттарындағы екі Зияткерлік мектепті жобалауға арнайы техникалық шарттар әзірленді.

Сонымен бірге, Зияткерлік мектептер үшін оқу-технологиялық жабдықтардың техникалық спецификалары мен тізбесі дайындалып, ол Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісілді.

2013 жылға арналған жоспарлар

Жобалау алды жұмыстарын жүргізу шеңберінде:

- Ақмола облысында және Маңғыстау облысында оқу-сауықтыру лагерьлерін, сондай-ақ Көкшетау қаласында Интернатты жобалау мен салуға берілген жер учаскелеріне мемлекеттік актіні алу;

- Астана қаласында жер учаскесінің шегінде жатырған саяжайларды сатып алу және сүріп тастау жөніндегі жұмысты аяқтау, учаскеге бір мемлекеттік актіні ресімдеу қажет.

6.3. Жобалау

2012 жылы атқарылған жұмыс

2012 жылы жобалардың құрамына модульдік автономды қазандықты, бірқатар қосымша және қалып қойған құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемін қосуға байланысты 5 объект (Шымкент ФМШ, Тараз, Петропавл, Ақтөбе және Атырау қалаларындағы НЗМ) бойынша жобалау жұмысы және жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жұмысы аяқталды. Сонымен қатар Астана қаласындағы (ХБМ, ФММ) және Ақтау қаласындағы НЗМ-ны салудың жұмыс жобалары аяқталды. Барлық жұмыс жобалары бойынша «Мемсараптама» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының оң қорытындысы алынды, жұмыс жобалары Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің (ҚР ҚЖТКШИА) бұйрығымен бекітілді.

Өңірлердегі Зияткерлік мектептерді жобалау және салу мерзімдерін жылдамдату үшін 2011 жылы жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеумен қоса құрылыс салу жұмыстарын кешенді түрде орындауға тендерлер өткізіліп, шарттар жасалды. 2012 жылы жұмыс жобаларына енгізілген түзетулердің бекітілуіне байланысты мердігер ұйымдармен тиісті қосымша келісімдерге қол қойылды.

2013 жылға арналған жоспарлар

Өскемен және Астана (бала бақшамен бірге) қалаларында Зияткерлік мектептерді салу бойынша жобалау жұмыстарын, сондай-ақ қосалқы объектілерді (интернаттар мен оқу-сауықтыру лагерьлері) салу бойынша жобалау жұмыстарын аяқтау.

Алматы қаласындағы (ХБМ) НЗМ-ны салу жобасын түзету 2013 жылғы ақпанда аяқталатын болады.

6.4. Құрылыс

2012 жылы атқарылған жұмыс

2012 жылы бір мезгілде 13 объектінің құрылысы жүргізілді, олар – Ақтөбе, Орал, Атырау, Тараз, Шымкент (ФМБ және ХББ), Петропавл, Алматы (ХББ), Астана, Қызылорда, Павлодар, Қарағанды, Қостанай қалаларындағы объектілер. 2012 жылы алдын жоспарланған 15 объектіден құрылыс мерзімінің ұзартылуы салдарынан (ЖСҚ түзету қажеттігінен) іс жүзінде бір объекті – Орал қаласындағы Зияткерлік мектеп пайдалануға берілді. 2012 жылғы қыркүйекте мердігер «СПП Металлоизделия» ЖШС-мен шарт бұзылып, Орал қаласындағы НЗМ құрылысын аяқтау жөніндегі жұмыс «Салынып жатқан НЗМ дирекциясы» ЖК-ге берілді, осы мақсат үшін Дирекция жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензия алды. 2012 жылғы 28 қыркүйекте Орал қаласындағы НЗМ объектісін пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік комиссияның актісіне қол қойылды:



Қарағанды қаласындағы мектеп:



және Ақтөбе қаласындағы мектеп пайдалануға беруге дайындық сатысында тұр:



Сонымен қатар Шымкент (ФММ, ХБМ), Тараз, Павлодар, Қызылорда және Атырау қалаларындағы мектептердің құрылысы аяқталу сатысында тұр.

Павлодар, Петропавл, Алматы (ХББ және ФМБ), Қарағанды, Шымкент (ХББ), Ақтау, Қостанай, Қызылорда, Астана (ФМБ және ХББ) және Өскемен қалаларындағы 12 Зияткерлік мектептің құрылысына техникалық қадағалауды «Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дирекциясы» Жекеше мекемесінің штаттағы қызметкерлері жүзеге асырады, бұдан бөлек Дирекция барлық салынып жатқан объектілердегі құрылысты сүйемелдеуді жүзеге асырады.

Орал, Ақтөбе, Атырау, Тараз, Шымкент (ФМБ) қалаларындағы Зияткерлік мектептердің құрылысын техникалық қадағалауды тиісті лицензиясы бар инженерингтік компаниялар жүргізді.

2013 жылға арналған жоспарлар

2013 жылы 12 Зияткерлік мектептің және 4 қосалқы объектінің (интернаттар мен оқу-сауықтыру лагерьлері) құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

2013 жылы Қостанай және Өскемен қалаларындағы НЗМ-ны қоспағанда, барлық салынып жатқан объектілерді, оқу-сауықтыру лагерьлері мен жатын корпустарын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қостанай қаласындағы НЗМ-ны салуға арналған тендер 2013 жылдың басында жарияланады.

2012 жылы Дирекция жобаларды басқару жөніндегі Oracle Primavera ақпараттық жүйесін енгізуді бастады. Бұл бағдарламалық қамтамасыз етілім құрылыс барысы туралы ақпарат толтырылатын портал жасау, қатысушылар арасындағы құжат айналымы процесін автоматтандыру, жоба қатысушыларының жұмысын үйлестіру, құрылыс жұмыстарының барысын бақылау және қажетті басқарушылық есептілік қалыптастыру есебінен барлық жобаларды, Дирекцияның құрылымдық бөлімшелері мен мердігер ұйымдардың жұмысын біріктіруге мүмкіндік береді. 2012 жылғы мамырда Дирекция қызметкерлері Oracle Primavera ПҚ-мен жұмыс бойынша оқытудан өтті.

6.5. Зияткерлік мектептерді материалдық-техникалық жарақтандыру

Материалдық-техникалық базаны нығайту және оның есепке алуды автоматтандыру процесі Зияткерлік мектептер қызметкерлерінің қызмет тиімділігінің ғана емес, сапалы оқу процесін қамтамасыз етудің және оқушылар үшін жақсы оқыту ортасын жасаудың көрсеткіш индикаторы болып табылады.

2012 жылы атқарылған жұмыс

Зияткерлік мектептердің материалдық-техникалық базасын жетілдіру және ұтымды пайдалану шеңберінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен келісілген Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан мектептерді материалдық-техникалық жарақтандырудың бірыңғай тізбесі шеңберінде материалдық-техникалық құралдарды (бұдан әр – МТҚ) есепке алу және бақылау бойынша ДББҰ-ны автоматтандырудың электрондық бағдарламасының пилоттық жобасы әзірленді. Бұл бағдарлама МТҚ туралы сандық, сондай-ақ сапалық ақпаратты, атап айтқанда: жабдықтың орналасқан жерін, оның амортизациясын, шығыс заттарының бар және жоқ екенін, жөндеуді қажет ететінін, жабдықты пайдалану (іске қосу) пайызын, жабдықтың техникалық сипаттамасы сипатының болуын, оны пайдалануға мерзімі мен кезеңін, жабдық үшін жауапты тұлғаны, оның байланыс деректерін қамтиды. Сонымен қатар ғимараттың, әрбір қабат пен кабинеттің жоспар-схемасы, жабдықтың және белгілі бір жабдық тұратын үй-жайдың фотографиясы болады.

Бұл бағдарлама орталық аппараттың, филиалдар мен еншілес орталықтардың материалдық-техникалық базасының жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізуге және қосымша жарақтандыруға деген нақты қажеттілікті байқап отыруға мүмкіндік береді.

2012 жылы оқыту процесін жақсарту шеңберінде Семей, Көкшетеу, Өскемен, Астана қалаларындағы Зияткерлік мектептер физика, химия, биология және нанотехнология бойынша кеңейтілген және қарапайым зертханаларға арналған оқу-зертхана жиһазымен және германдық оқу жабдығымен қосымша жарақтандырылды. РНУВЕ (Германия) жабдығында жұмыс істеу жөніндегі мамандар 41 мұғалімді оқытты.

Талдықорған, Көкшетеу, Астана қалаларындағы Зияткерлік мектептер үшін тіл кабинеттері, география, математика, бейнелеу өнері және сызу, тарих кабинеттері оқу-көрнекілік құралдармен қосымша жарақтандырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Республикалық мүлікті «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына беру туралы» 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 19 қаулысын орындау тұрғысынан 2012 жылғы наурызда Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектепті беру процесі аяқталды. Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектепті беру рәсімі ғимаратқа қатысты кейбір позицияларды заңнамаға сәйкес келтіруге байланысты 2013 жылдың басына қалдырылды. Семей қаласы бойынша 2013 жылы жаңа ғимарат салу туралы шешім қабылданды.

Жұмыс істеп тұрған Зияткерлік мектептердің педагогтарына қолдау көрсету және олардың талпынысын қолдау мақсатында Астана және Көкшетау қалаларында Зияткерлік мектептердің 190 мұғаліміне қызметтік пәтер ретінде абаттандырылған пәтерлер сатып алынды.

Қызметтің үй-жайлардың және мұғалімдер мен шетелдік оқытушыларға және консультанттарға берілген қызметтік тұрғын үйдің пайдаланылуына, ішкі сумен жабдықтау, кәріз, желдеткіш, жылыту желілерінің жай-күйіне бақылау күшейтілді. Зияткерлік мектептердің оқушылары мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тамақтандыру және күзет қызметтеріне қойылатын талаптар қатаңдатылды. Зияткерлік мектептердің оқу жылының басына дайын болуына, мектеп ғимаратының жылыту маусымына дайын болуына, ресми мерекелер кезеңінде оқушылар мен қызметкерлердің тәртібі мен қауіпсіздігіне ұдайы мониторинг жүргізіледі.

2013 жылға арналған жоспарлар

1. ДББҰ-ны материалдық-техникалық құралдарды есепке алу және бақылау бойынша автоматтандырудың электрондық бағдарламасын енгізу, қызметкерлерді жаңа бағдарламада ээне бағдарламаны тиімді пайдаланудың мониторингінде жұмыс істеуге оқыту.

2. Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасы жобасының шеңберінде электрондық құжат айналымын және кадр қызметінің құпия ақпаратын сақтауды енгізу.

3. Орал, Семей, Өскемен қалаларындағы филиалдардың мұғалімдері үшін қызметтік тұрғын үй сатып алу.

4. Филиалдарда жетекшілік етілетін мәселелер бойынша мамандарды іріктеу және олардың біліктілігін арттыру, тамақтану қызметтерін көрсететін өнім берушілердің біліктілікті арттырудан міндетті түрде өтуін бақылау бойынша жұмыс жалғастырылады.

Оқулықтармен және әдебиеттермен қамтамасыз етілу

2012 жылы атқарылған жұмыс

2012 жыл ішінде Зияткерлік мектептердің кітапханаларының жұмысын үйлестіретін және айқындайтын мынадай негізгі құжаттар бекітілді:

1. Зияткерлік мектептердің кітапханаларын пайдалану қағидалары (ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 23 қазандағы № 50 хаттамасы)

2. Зияткерлік мектептер кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру қағидалары (ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 62 хаттамасы);

3. Зияткерлік мектептер үшін оқулықтардың, ОӘҚ, қосымша және ғылыми-танымдық әдебиеттің тізбесі (ДББҰ Басқармасының 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 62 хаттамасы).

Әрбір Зияткерлік мектептің кітапханасы үшін 2012-2013 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Кітапхана қоры Зияткерлік мектептердің қажетті оқулықтарға, оқу әдістемелік құралдарға, көркем әдебиетке берген өтінімдері негізінде қалыптастырылады. Зияткерлік мектептердің кітапханақоры қазақстандық және ресейлік баспалармен қатар, мынадай белгілі халықаралық баспалардың да кітаптарын қамтиды:


1. **Oxford University Press** - Ұлыбритания,
2. **Cambridge University Press** - Ұлыбритания,
3. **Macmillan** - Ұлыбритания
4. **Pearson - Longman** - Ұлыбритания

5. Barron's - АҚШ
6. Marshall Cavendish – Сингапур



Сонымен қатар мектеп кітапханаларын оңтайландыру үшін бір кітапханадан қажетті кітаптарды екіншісіне беру жүргізіліп, Зияткерлік мектептер арасында 9 қабылдау-беру актісі жасалды.

Диаграмма: Жұмыс істеп тұрған Зияткерлік мектептер кітапханаларының жалпы қоры



Кесте. Зияткерлік мектептер кітапханаларының есепті кезең, қалалар бөлінісінде және басылымның типі бойынша жалпы қоры

2009-2012 жылдардағы әдебиет саны										
Зияткерлік мектептер	Оқу жылы	Жалпы кітап қоры	Оқулықтар	ОӘК	Энциклопедиялар	Сөздіктер	Көркем әдебиет	Пән бойынша қосымша әдебиет	Электрондық оқулық	Мерзімді басылым

Астана қ-сы ФМБ	2009-2010	33108	9597	12662	13	44	900	9030	780	82
	2010-2011	27002	11063	10284	67	21	1304	4064	40	159
	2011-2012	7762	3959	2846	2	6	707	92		150
	2012-2013	7395	4669	1055	21	51	932	55	138	142
Жиыны		75267	29288	26847	103	122	3843	13241	958	533
Семей қ-сы	2009-2010	29450	14350	15085	0	0	0	0	0	15
	2010-2011	25242	9670	13382	53	33	506	1500	40	58
	2011-2012	8634	4181	2834	36	84	719	687	0	93
	2012-2013	5372	1658	1221	36	87	184	1910	26	250
Жиыны		68698	29859	32522	125	204	1409	4097	66	416
Талдықорған қ-сы	2010-2011	32871	16692	13354	37	26	1615	1107	40	0
	2011-2012	14392	6261	6072	5	16	1217	752		69
	2012-2013	5773	2088	1519	16	44	829	1277		44
Жиыны		53036	25041	20945	58	86	3661	3136	40	113
Көкшетау қ-сы	2009-2010	31 153	16 452	14 633	0	0	0	0	0	68
	2010-2011	25 014	9 523	13122	53	31	626	1526	40	93
	2011-2012	7 243	3375	2560	35	12	705	479		77
	2012-2013	3 257	1360	553	67	34	668	472	103	43
Жиыны		66 667	30 710	30 868	155	77	1 999	2 477	143	281
Өскемен қ-сы	2010-2011	31786	15203	13733	19	47	1488	1256	40	0
	2011-2012	17258	7541	7351	11	111	1392	831	0	21
	2012-2013	4710	3629	471	48	34	345	131	24	28
Жиыны		53754	26373	21555	78	192	3225	2218	64	49
Орал қ-сы	2011-2012	28060	16112	9315	50	86	1973	524	0	0
	2012-2013									
Жиыны		28060	16112	9315	50	86	1973	524	0	0
Астана қ-сы ХБ	2010-2011	1579	994	313	0	18	2	195	0	57
	2011-2012	6534	3979	408	89	72	1228	758	0	0

	2012-2013	10608	5046	255	63	53	4301	755	0	135
Жиыны		18721	10019	976	152	143	5531	1708	0	192
Қызылорда қ-сы	2012-2013	15 412	8 542	3 256	50	62	1 879	1 623	0	0
Жиыны		15 412	8 542	3 256	50	62	1 879	1 623	0	0
Тараз қ-сы	2012-2013	16 633	9 125	4 325	65	72	1 845	1 201	0	0
Жиыны		16 633	9 125	4 325	65	72	1 845	1 201	0	0
Шымкент қ-сы	2012-2013	16 632	9 125	4 325	65	72	1 844	1 201	0	0
Жиыны		16 632	9 125	4 325	65	72	1 844	1 201	0	0
Қарағанды қ-сы	2012-2013	16 633	9 125	4 325	65	72	1 845	1 201	0	0
Жиыны		16 633	9 125	4 325	65	72	1 845	1 201	0	0
Павлодар қ-сы	2012-2013	16 634	9 125	4 325	65	72	1 846	1 201	0	0
Жиыны		16 634	9 125	4 325	65	72	1 846	1 201	0	0
Ақтөбе қ-сы	2012-2013	17 551	9 265	4 578	65	72	1 826	1 745	0	0
Жиыны		17 551	9 265	4 578	65	72	1 826	1 745	0	0
Атырау қ-сы	2012-2013	15 419	8 549	3 256	50	62	1 879	1 623	0	0
Жиыны		15 419	8 549	3 256	50	62	1 879	1 623	0	0
Жалпы кітап қоры		479 117	230 258	171 418	1 146	1 394	34 605	37 196	1 271	1 584

Зияткерлік мектептердің кітапханалары үшін *EBSOhost* онлайн ресурстарының коллекциясын пайдалануға арналған лицензия сатып алынууда, бұл коллекция танымал және білім беру журналдарынан, газеттерінен, ақпарат агенттіктерінен, стенограммалардан, кітапшалардан, есептерден, бастапқы дереккөз-құжаттардан, өмірбаяндардан, альманахтардан, сөздіктерден, энциклопедиялардан, фотосуреттерден, карталардан, жалаулардан алынған сапалы толық мәтінді ресурстары және қазіргі заманғы мектеп үшін бағалы басқа да анықтамалық көздері бар қолайлы интерфейсті қамтиды.

Зияткерлік мектептер кітапханашыларының біліктілігін арттыру:

6-17 ақпанда Зияткерлік мектептер кітапханаларының меңгерушілері оқушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарында ресурстық қолдау көрсетуді жақсарту мақсатында Назарбаев Университеті кітапханасының базасында тағылымдамадан өтті.

3 сәуірде Назарбаев Университеті кітапханасының мамандарымен бірге Дөңгелек үстелге қатысты, онда кітапхана ісіндегі жаңалықтар, оқырмандарға қызмет көрсету және зерттеушілік қызметте қолдау мәселелері талқыланды.

23-28 сәуірде Зияткерлік мектептердің кітапханашылары ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасында біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде ақпараттық құзыреттілік, веб-сайттарды құру, кітапхана қорын есепке алу, құжаттарды талдамалық өңдеу мен талдау, библиографиялық сипаттама және кітапхананы пайдаланушылар үшін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру бойынша дәрістер тыңдап, практикалық сабақтарға қатысты. Барлық қатысушылар курстан өткендігі туралы сертификат алды.

7 мамырда Американдық «Ex LIBRIS GROUP» компаниясы Назарбаев Университетімен бірге медиа-ресурстар және кітапхана жүйесі бойынша семинар-тұсаукесер өткізді. Қатысушылар медиа-ресурстардың жаңалықтарымен және кітапхана қоры мен кітаптардың берілуін есепке алуға арналған электрондық кітапхана жүйесімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

17 мамырда ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының базасында семинар өтті, Қостанай облысында Кітапхана күніне қатысу.

18-25 мамырда АҚШ-тың Филадельфия қаласындағы Пенсильвания Университетінің базасында кітапханашылардың біліктілігін арттыру курсы өтті. Курстың мазмұны өзгермелі әлемде кітапхананың алдына қойылған міндеттерге, мектеп кітапханаларының жобасы мен жоспарын әзірлеуге, кітапхана кеңістігін ұтымды пайдалануға, ақпараттық ресурстармен жұмысқа және басқаларға негізделді. Курсқа қатысушылар кітапхана ісінің тәжірбиелі мамандарының дәрістерін тыңдап, тапсырмаларды орындады. Мектептердегі және қоғамдық кітапханаларға барып көрді, мамандар жұмыс тәжірбиесімен алмасты, кітапханалардың негізгі жұмысына, кітапхана кеңістігін пайдалануға және оқырмандарға қызмет көрсетуге қатысты мәселелерді талқылады.

24-25 тамызда Зияткерлік мектептердің жалпы педагогикалық ұжымының Тамыз конференциясында Зияткерлік мектептер кітапханаларының секциясы ұйымдастырылды. Кітапханашылар жаңа халықаралық әріптестерімен танысып, атқарылған жұмыс және жаңа оқу жылына арналған жоспарлар туралы ақпаратты таныстырды, сын-қатерлерді және оларды шешу жолдарын талқылады.

25-29 қыркүйекте филиалдардың кітапханашылары Мәскеу мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің Электрондық кітапханалар, ақпараттық технологиялар мен жүйелер кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты В.К. Степановтың (Ресей, Мәскеу) оқу курсын таңдады. Қатысушылар зерттеу жұмыстары мен жобаларға қажетті ақпарат іздестіруде оқушылар мен мұғалімдерге қолдау көрсетуге арналған интернет технологияларды пайдалануды зерттеді. Пайдалы интернет ресурстары бар тізбелерді қалыптастыруды үйренді.



Сонымен қатар тыңдаушылар ТМД кітапханашыларының форумына қатысу мүмкіндігін де алды, онда өз жұмыс тәжірбиесімен, жаңалықтармен және өзгерістермен бөліскен профессорлардың, кітапхана ісі мамандарының таныстыруларын тыңдады.

11 желтоқсанда ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасында «IEEE-Institute of Electronic engineers электрондық кітапханасы» атты ғылыми-практикалық семинар өтті.

Сондай-ақ кітапхана қызметкерлері ПШО базасында тіл курстарын, біліктілікті арттырудың ИКТ курстарын өтуде, халықаралық әріптестермен қарым-қатынасқа, дағдыларды жетілдіруге және әртүрлі көздерден ресурстарды жинауға көмектеседі.

Тиісінше кітапханашылар курстар мен семинарларда алған білімді, дағдылар мен тәжірбиені өз жұмысында пайдаланады. Олардың жұмысының ең негізгі көрсеткіші - өзінің бос уақытын кітапханада өткізіп, тапсырмалар мен ғылыми-зерттеу жобаларын орындау үшін ресурстарды пайдаланатын оқушылар болып табылады.



Зияткерлік мектептердің кітапханалары «Kazakh Soft» компаниясы әзірлеген ҚАКАЖ – «Қазақ Автоматтандырылған Кітапхана-Ақпарат жүйесі» бағдарламалық қамтамасыз етілімін пайдаланады. ҚАКАЖ жүйесі кітапхана процестерін кешенді түрде автоматтандыруға және электрондық каталогтарды, сондай-ақ толық мәтінде дерекқорларды жасауға арналған. Қазіргі кезде осы ҚАКАЖ жүйесін жетілдіріу бойынша жұмыс жүргізілуде;



Кітапханашыларға ғана емес, пайдаланушыларға да онлайн-қолжетімділікті ұсыну үшін халықаралық кітапхана жүйелері зерттеліп, тестіленуде.

Жыл сайын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлері *филиалдар кітапханаларының кітап қорына түгендеу* жүргізеді.

2012 жылы Зияткерлік мектептердің кітапханалары кітапханада және одан тысқары жерлерде көптеген іс-шаралар өткізді, олар: «Book-crossing» әлеуметтік акциясы, қабат-қағаздар, үздік оқырмандар конкурстары және т.б. қызметкерлер Халықаралық әріптестермен бір командада жұмыс істей арқасында үлкен жетістікке қол жеткізді. Сондай-ақ кітапханашылардың әріптестерімен, Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен және басқада жергілікті мектеп ұйымдарымен белсенді ынтымақтастық жасағанын атап өту керек.

Зияткерлік мектептердің әкімшілігімен, IT мамандармен бірлесіп Зияткерлік мектептердің порталында кітапханалар сайттары жасалды, онда оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар кітапхана қоры, жоспарланған іс-шаралар туралы өздерін қызықтыратын ақпаратты, жаңалықтарды және пайдалы басшылықты таба алады. Кітапханалардың сайтында келіп түскен жаңа кітаптар туралы ақпарат, ғылыми-зерттеу жобалар үшін пайдалы сілтемелер және мектеп өмірінің маңызды оқиғалары ұсынылады.



Зияткерлік мектептер *Кітапханалары Қауымдастығының* жобасы жасалды, оған жұмысқа, ресурстарға және мектеп кітапханаларын жақсартуға мүдделі барлық адамдар қатыса алады. Болашақта Қауымдастық Республиканың барлық мектеп кітапханаларына өз тәжірбиесін бөлісетін болады.

Зияткерлік мектептердің кітапханалары *ынтымақтасу* және тәжірбие алмасу үшін басқа елдердегі (Ұлыбритания, АҚШ) әріптестер мектептерінің кітапханаларымен келіссөз жүргізуде.

2013 жылға арналған жұмыс жоспары:

1. Ашылып жатқан Зияткерлік мектептерді оқулықтармен ОӘК және қосымша ресурстармен жарақтандыру.
2. Жұмыс тәжірбиесін 35 базалық мектепке тарату.
3. Зияткерлік мектептер *Кітапханалары Қауымдастығы* жобасын іске асыру.
4. Бір жүйе арқылы есепке алу, кітап беру және кітапқа тапсырыс берудің онлайн кітапханалық бағдарламасын талдау және пилоттық жобасын іске қосу.
5. Халықаралық мектеп кітапханаларымен ынтымақтастықты жалғастыру.
6. Отандық және шетелдік шығарылымдағы электрондық кітаптарды зерттеу және талдау.

7. Онлайн ресурстарды (дерекқорлар, мультмедиялық және т.б. базалар) пайдалану.
8. Семинарларға, конференцияларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу.
9. Зияткерлік мектептердің кітапханашыларына арналған басшылықты әзірлеу.

6.6. Ақпараттандыру

2012 жылы атқарылған жұмыс.

Ағымдағы жылы оқу-тәрбие процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім беру мен ғылыми қызмет деңгейін арттыру мақсатында инфрақұрылымдық жағдай жасау үшін бірқатар іс-шаралар орындалды.

Ағымдағы жылдың басынан бері барлық Зияткерлік мектептер қосымша түрде компьютерлік, интерактивті, перифериялық жабдықтармен және лицензиялы бағдарламалық қамтамасыз етілімдермен жарақтандырылды. Ағымдағы жылы негізгі және жоғары мектеп оқушылары контингентінің көбеюіне, сонымен бірге оқытушылар құрамының өсіп бара жатқанына байланысты Зияткерлік мектептер осылай қосымша жарақтандырылды.

Бүгінгі күні барлық жұмыс істеп тұрған Зияткерлік мектептердегі компьютерлер парк 4 900 компьютерден және 398 интерактивті тақтадан тұрады, оның ішінде:

1-кесте. Жеке компьютерлермен қамтамасыз етілу

№	Мектеп	Жеке компьютер	Ноутбук	Интерактивті тақта
1	Астана қ-сы ФМБ	219	1075	74
2	Астана қ-сы ІВ	38	432	3
3	Семей қ-сы ФМБ	338	223	64
4	Көкшетау қ-сы ФМБ	285	260	74
5	Талдықорған қ-сы ФМБ	376	303	65
6	Өскемен қ-сы ХББ	357	291	66
7	Орал қ-сы ФМБ	134	569	52

Орал, Қарағанды қалаларында жаңадан ашылып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептері шығармашылық дағдыларды дамыту үшін мини-телестудиялармен жарақтандырылды. Бұл мини-телестудиялар жоғары сынып оқушыларының жобалау жұмыстарын, бейнетүсірілімдерді және бейнемонтажды орындауы, сондай-ақ мектеп қызметі туралы репортаждар жасау, оқушылар жүргізетін тәжірибелерді бейнетүсіру және оларды мектеп ресурстарына орналастыру үшін қажет.


Қарағанды қаласындағы жаңа мектепті көрсету кезінде Мемлекет басшысына мини-телестудия технологиялары арқылы жасалған «Оқиға орнынан репортаж» атты интерактивті ойыны бар «Отан тану» жобасы танастырылды, сондай-ақ «КЭСІПКЕР» интеллектуалдық ойынының көмегімен Active Table-дың мүмкіндіктері көрсетілді. Бұл жобалар басқа Зияткерлік мектептерге таратылатын болады.

Робот-техника кабинеттері әртүрлі роботтармен және бағдарлама жасау тілдерін оқытуға арналған лицензиялы бағдарламалық қамтамасыз етілімдермен жарақтандырылған.

Библиотеки функционирующих Зияткерлік мектептер в городах Астана, Семей, Көкшетау, Өскемен, Талдықорған, Орал қалаларында жұмыс істейтін Зияткерлік мектептердің, сондай-ақ жаңадан тапсырылатын Зияткерлік мектептердің кітапханалары кітапхана қорын рұқсатсыз алып шығудан қорғайтын ұрлыққа қарсы электромагнитті жүйемен жарақтандырылады.

Сонымен бірге, Зияткерлік мектептерде мамандандырылған жабдықтардың (компьютердік жабдықтар, бейнекамералар, бейнемикшеттер мен микрофондар) және Elluminate live бағдарламалық қамтамасыз етілімінің көмегімен онлайн сабақтар өткізіліп, ол сайтта (www.sabak.kz) нақты уақыт режимінде таратылады, кейіннен электрондық жеткізгіштерге жазылып, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне тарату мақсатында Облыстық білім беру департаменттеріне жіберіледі.

Зияткерлік мектептердің барлық филиалдарының қызметіне жедел бақылау енгізуді автоматтандыру, сондай-ақ оқушылардың қозғалысы, үлгерім, қосымша біліммен қамту, оқу жүктемесі және басқалар жөніндегі жиынтық есепті автоматты түрде алу үшін Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасы (бұдан әрі – БАБО) құрылды, оның шеңберінде ДББҰ-ның барлық филиалдары бірыңғай білім кеңістігіне біріктіріледі, бұл қашықтан білім беру технологияларын Интернетте БАБО модулдері шеңберінде пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет. БАБО-ның иерархиялық құрылымы

БАБО-ны дамыту шеңберінде, Үміткерлерді іріктеу кіші жүйесінде статистикалық есептілікті қалыптастыру, конкурстық іріктеуге қатысушылар тізімін парақтап көру бөлігінде функциялар пысықталды.

Адам ресурстарын басқару кіші жүйесі кадрмен қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық базаның талаптарына сәйкес қызметкерлердің жеке карточкаларын тәптіштеу, еңбек шарттарын және жұмыс уақытын есепке алу тәбілін қалыптастыру, қызметкерлердің демалысын, өтілін есептеу және есептерді қалыптастыру бөлігінде пысықталды.

Корпоративтік әлеуметтік желі бөлімінде пәндік қоғамдастықтарды құруға, қоғамдастыққа қатысушыларды қосуға/жойып жіберуге, онлайн чатқа, фотоальбомдерге, басқа пайдаланушылардың фотосына баға қоюға, достардың парақтарындағы оқиғаларды қарауға байланысты бірқатар функциялар пысықталды.

Ақпараттық-білім беру кіші жүйесінде Зияткерлік мектептердегі медицина қызметкерінің жұмыс орнын автоматтандыратын жаңа модуль жасалды, сондай-ақ электрондық журнал модулінде критералды бағалауға, қашықтан оқыту жүйесіне байланысты функциялар пысықталды.

Виртуальды мектеп кіші жүйесінде файлдарды бірнеше пайдаланушыларға бір

мезгілде жіберу, бағаларды бағалау критерийлеріне сәйкес автоматты түрде қорыту және Виртуальды мектеп қатысушыларының келесі саты – Каникулярлы мектепке өтуі туралы ақпаратты көрсете отырып, түпкі нәтиже қалыптастыру, хабарламаларды қатысушылардың электрондық мекенжайына және жеке кабинетіне автоматты түрде жіберу, жойып жіберілген пайдаланушыларды қарау және қалпына келтіру және т.б. мүмкіндіктер пысықталды.

Сонымен бірге, үстіміздегі жылы «ДББҰ-ны автоматтандыру» жобасы шеңберінде мынадай жүйелер іске асырылды, олар:

Құжаттарды басқару процестерін автоматтандыру жүйесі – ақпараттық ресурстарды жасау, сақтау, беру, жариялау, бірлесе жұмыс істеу және жою процестерін қоса алғанда, құрылымдалған және құрылымдалмаған ақпаратпен жұмысты кешенді түрде автоматтандыруға, сондай-ақ құжаттаманы және өзге де деректер өңдеу процестерін электрондық түрде жүргізуге арналған. Осындай жүйені жасау мақсаты ұйым қызметкерлерінің құжаттармен және құрылымдалмаған ақпаратпен жұмыс тиімділігін арттыру болып табылады.

Сатып алу жүйесі ДББҰ-ның және оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының сатып алу саласындағы бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған.

Материалдық-техникалық құралдарды есепке алу мен бақылау жүйесі – барлық Зияткерлік мектептер бойынша тауар-материалдық құндылықтардың (ТМҚ) орналасуын және олардың жай-күйін көрнекі түрде көзбен көруді қамтамасыз етуге арналған.

Жұмыс істеп тұрған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ИТ мамандары «MS 6425 – Windows Server 2008 базасында Active Directory домендік қызметтерін бабына келтіру және олардың жұмысындағы олқылықтарды жою/Configuring and Troubleshooting Windows Server 2008 Active Directory Domain Services», «Interconnecting network devices 1, 2 бөлік» және «FreeBSD-нің инсталляциясы, әкімшілік етілуі және оны қолдау» деген тақырыптарда сертификатталған біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Мынадай бағдарламалық инфрақұрылымды құру:

- Онлайн анықтамалықтар (itwiki.nis.edu.kz).
- Жобаларды және міндеттерді басқару жүйесі (оның ішінде қателіктерді қадағалауға арналған (redmine.nis.edu.kz)).
- 1С бюджеттеу жүйесі.
- Бағдарламалық-аппараттық құралдарға (pSense, RedMine) әкімшілік ету мен оларды қолдаудың бірыңғай типті құралдарын енгізу бойынша жұмыстар орындалды.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарына Microsoft-тан берілетін Live@Edu бағдарламасын енгізу жұмысы жүргізілді. Бұл бағдарлама білім беру ұйымдарына тегін беріледі және ол бұл ретте ДББҰ тарапынан ешқандай қосымша материалдық немесе уақыт шығындарын талап етпей, аса ауқымды функционалды іске асыруға мүмкіндік береді.

Осы бағдарламаның көмегімен Зияткерлік мектептер қызметкерлерінің/оқушыларының почталық аккаунттары әрбір Зияткердік мектеп үшін @школа.nis.edu.kz түрінде кішідоменді пайдалана отырып, Live@Edu сервисіне ауыстырылды, мұның өзі ДББҰ-ның ИКТ-ға қатысты шығындарын азайтуға және толыққанды жұмыс үшін күн сайын құралдарды берудің қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Для учеников и выпускников Зияткерлік мектептердің оқушылары мен түлектері үшін «өмір бойғы почта» парадигмасы бойынша электрондық почта ашылды, яғни енді оқушы мектепті бітіріп шыққаннан кейін де оның почталық аккаунты сақталып қалады, бұл түлектердің әртүрлі қоғамдастықтарын құруға және Зияткерлік мектептердің – түлектермен, сондай-ақ түлектердің Зияткерлік

мектептермен байланысы үзіліп қалмауына мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінің DreamSpark бағдарламасына қол жеткізуі ұйымдастырылды. DreamSpark — бұл оқушылар мен мұғалімдердің әзірлеме және дизайн үшін Microsoft құралдарының толық лицензиялық нұсқаларына тегін қол жеткізуі.

Осы бағдарламаны пайдалану ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің бюджеттеріндегі ИКТ құрамдасқа деген шығындарды азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ДББҰ мен Зияткерлік мектептердежалпы ИТ деңгейді арттыру үшін Microsoft-тың ең соңғы жаңа әзірлемелерін пайдалануға қол жеткізу мүмкіндігін береді.

2013 жылға арналған жоспар.

1. «ДББҰ-ны автоматтандыру» жобасы шеңберінде адам ресурстарын басқару, үміткерлерді даярлау және іріктеу, бюджеттеу, материалдық-техникалық құралдарды есепке алу және бақылау, электрондық құжат айналымы және ақпараттық-білім беру ортасы атты 6 жүйені (кіші жүйені) сүйемелдеу.

2. «Сұрақтар банкі» жүйесін әзірлеу.

3. «Электрондық кітапхана» жүйесін әзірлеу.

4. Ескі компьютерлер паркін жаңасына ауыстырып, Семей қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебін – 30%-ға, ФМБ Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебін –15%-ға және Көкшетау қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебін – 12%-ға жаңарту.

5. Зияткерлік мектептерді мини-телестудиялармен, көшіру-көбейту кешенімен, роботтардың комплектімен, интерактивті еденмен, 3д принтерлермен, мини-типографияға арналған жабдықтармен, планшеттармен, KINEKT интерактивті-білім беру кешенімен қосымша жарақтандыру.

6. Зияткерлік мектептердің ИТ мамандары үшін тренингтер ұйымдастру.

7. ДББҰ қызметкерлері үшін қазіргі ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша тренингтер ұйымдастыру.

8. Астана қаласындағы жаңа Халықаралық мектепті және бала бақшаны, «Өркен» оқу-сауықтыру орталығын пайдалануға тапсырылуына қарай, қосымша түрде компьютерлік, интерактивті және перифериялық жабдықтармен жарақтандыру,

9. Зияткерлік мектептердің Интернет желісіне кемінде 50 ХБит/сек жылдамдықпен қол жеткізуін ұлғайту.

10. Adobe Connnect бейнеконференциялар вебсерверін ашу.

11. Терминальдық қолжетімділігі бар 1С бірыңғай серверін ашу.

12. Жаңғырту шеңберінде Live@Edu бағдарламасынан Office 365 бағдарламасына көшу.

7-БӨЛІМ. ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ

7.1. Интернет ресурс


«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның www.nis.edu.kz ресми корпоративтік веб-сайты ел жұртшылығы үшін маңызды ақпараттық ресурс болып табылады. Осы сайт арқылы мүдделі интернет-пайдаланушылар дербес білім беру ұйымының әртүрлі қызмет бағыты туралы жаңа әрі өзекті мәліметтердің ауқымды көлемін ала алады. Сайттың құрылымы пайдаланушылардың сауалдарына бейімделген. ДББҰ-ның веб парағында оқушыларды Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеп алуға, мұғалімдерді іріктеп алуға, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін таратуға қатысты барлық ақпарат ұсынылған, атап айтқанда, бұл үшін «Мұғалімдерге» атты және басқа да арнайы жобалар құрылған. Сонымен бірге, кірушілер сайт арқылы «Виртуальды мектеп» порталына өте алады,

онда «Өркен» грантына әлеуетті үміткерлер тіркеліп, оқытудан өтеді. Сайтта «Сатып алу» бөлімі табысты түрде жұмыс істеп тұр.

Сайттың базасында 2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап жалпы білім беру мектептерінің оқушылары үшін – онлайн сабақтар, мұғалімдері үшін онлайн семинарлар жүргізілуде. Жобалар мектептердегі оқыту сапасын арттыруға бағытталған. Сабақтар математика, физика, химия және биология бойынша жүргізіледі. Сабақ барысында зертханалық және пратикалық жұмыстар жүргізіліп, аса күрделі есептер шешіледі. Сабақтардың мазмұны оқушылардың білімін, дағдыларын мен машықтарын кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған. Бүгінгі күні ДББҰ сайтының көмегімен химия, физика, математика және биология бойынша 340 сабақ, сондай-ақ критериалды бағалау жүйесі бойынша 48 семинар өткізілді.

Сонымен қатар Назарбаев Зияткерлік мектептеріне әрбір конкурстық іріктеу турлары қорытындысының, «Өркен» гранты иегерлері тізімдерінің, резерттік тізімдердің сайтта жариялануы да маңызды болып табылады. Оқушылар мен олардың ата-аналары үйден шықпай-ақ, конкурстық іріктеу нәтижесін жылдам біле алады. Бұл фактор шалғай аудан тұрғындарының мектепке бармай, сайттағы файлдарды көшіріп алып өз баллдарын білуі үшін маңызды.

Диаграмма. 2012 жылы www.nis.edu.kz сайтына кірудің рейтингі



2012 жылы сайтқа 574 581 интернет – пайдаланушы кірген. 2012 жылғы қарашада ең көп көру саны – 101 870 тіркелді және 12 қарашаның өзінде 11 588 сауал жолданған. ДББҰ порталының жоғары рейтингі жұртшылық қызығушылығының артып отырғаны және олардың ұйым жұмысына қатысты көбірек хабардар екендігі туралы айтуға құқық береді.

Қазіргі кезде ДББҰ ресми веб-сайтының мүлдем жаңа нұсқасы дайындалып жатыр, ол сайт жасаудың соңғы трендтеріне сәйкес және брэндбук шеңберінде типографиканың барынша оңтайлы түрлерін пайдалана отырып орындалады. Жаңа нұсқаның негізінде «үш шақыру» қағидасы тұрады, мұнда пайдаланушы кез келген ақпаратты тінтуірді үш-ақ рет басып таба алатын болады. Сайттың базасы техникалық жағынан барынша күшейе түседі, жылдамдық бірнеше есе артады, функционалдық мүмдіктердің саны және кері байланыс жағдайлары көбейеді. Сайт жадының және бейне, фото файлдарға арналған мұрағаттың көлемі айтарлықтай ұлғаяды нашар көретін адамдардың парақтарды көруі қолайлы болуы үшін тиісінше арнайы нұсқа

әзірленіп, стандартты қаріптер бейімделді. Сонымен бірге, планшеттер мен смартфондар үшін мобильді нұсқа жасалды, ол мобильді құрылғының кез келген иесінің өзін қызықтыратын деректерді өзіне ыңғайлы конфигурацияда тауып, көруіне мүмкіндік береді. Жаңа веб-сайт БАБО корпоративтік жүйесімен, корпоративтік почтамен, Twitter, Facebook, LinkedIn, ВКонтакте әлеуметтік желілерімен ықпалдастырылған. Веб-ресурс базасында Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерінің қауымдастығы үшін әлеуметтік тұғырнама жұмыс істейтін болады. Сонымен бірге, сайт жұмысын оңтайландыру үшін тағы бірқатар жаңалықтар көзделіп отыр.

7.2. БАҚ-пен жұмыс

Ұйымның оң имиджін, іскерлік репутациясын нығайту, баспасөз өкілдерімен қоян-қолтық жұмыс ДББҰ жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. 2012 жылы БАҚ жұртшылықты компаниялық өзекті оқиғалары мен жобалары туралы хабардар етуге белсене кірісіп кетті. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Назарбаев Зияткерлік мектептері бүкіл қазақстан бойынша және шетелде мыңдаған көрермендердің, тыңдармандардың назарын аулады.

Өткен жылы күн сайынғы мониторинг және ай сайынғы контент-талдау нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарында 453 ақпараттық материалдық шыққаны мәлім болды. Оған республикалық және өңірлік деңгейдегі телеарналарда, газеттерде, радиостанцияларда, интернет-порталдарда жарық көрген бағдарламалар, сюжеттер, мақалалар, ақпарттық хабарламалар, сұхбаттар, түсіндірмелер кіреді.

ДББҰ-ның іс-шараларын жазып-көрсететін БАҚ базасы да кеңейді, сондай-ақ 10 журналистен тұратын тұрақты пул де бекітілді. Бүгінгі күні баспасөз өкілдері ұйымдағы оқиғаларға ықылас танытып келіп, ақпарат өнімдерін зор ынтамен дайындайды. Мемлекеттік тілдегі материалдар санының көбейіп келе жатқаны да маңызды.

2012 жылы мынадай іс-шаралар баспасөздегі ақпараттың негізгі себебі болды, олар: «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің алғашқы түлектері», «Педагогикалық шеберлік орталығы мен Кембридж Университетінің бағдарламасы бойынша оқыған педагогтар жалақыға 30% үстемеақы алу үшін алғашқы біліктілік емтиханын тапсырады», «2012-ші оқу жылынан бастап 7-11 сыныптардың оқушылары үшін математика, физика, химия, биология, информатика, ағылшын тілі бойынша online сабақтар жүргізіледі», «Орта білімнің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы», «Мектептегі көшбасшылық пен басқару 2012» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы», «Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы», «Тамыз конференциясы. «Педагогикалық инновациялар: әзірлеуден енгізуге дейін» және басқалар.

Диаграмма. 2012 жылғы ең белсенді БАҚ-тың рейтингі





Диаграмма. 2012 жылы БАҚ типі бойынша материалдар санының арақатынасы



2012 жылдың ақпанында педагогикалық шеберлік орталығының құрылуы шешуші оқиғалардың бірі болды, бұл іс-шараға журналистер 15 жарияланым жариялады, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің құрылысына – 8 ақпараттық материал және онлайн сабақтар тақырыбына 6 материал арнады.

2012 жылдың наурызында Үкіметтің «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы» Қаулысы негізгі оқиғаның бірі болды. БАҚ осы мәселені талқылауға 10 жарияланым арнады, Астанада өткен наурыз кездесулеріне – 6 материал арналды. Екі оқиғаға – Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың Солтүстік Қазақстан облысына баруына және Тараз қаласында Назарбаев Зияткерлік мектебі құрылысының басталуына осыншама ақпараттық хабарлама арналды. Бұған қоса, Зияткерлік мектептер түлектерінің ҰБТ-дан босатылуы да зор қызығушылыққа ие болды, ол бойынша 5 жарияланым шықты.

2012 жылғы сәуірде педагогикалық шеберлік орталығының қызметі (мұғалімдердің біліктілігін арттырудың үшінші базалық деңгей курстарының

ашылуы) бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тақырыбы болды – 23 материал. Астана қаласында химия бойынша 46-шы Менделеев олимпиадасының ашылуы БАҚ қызметкерлерінің қызығушылығын туғызды, оған 6 ақпараттық хабарлама арналды, сондай-ақ «Назарбаев Университеті мен University College London Зияткерлік мектептер үшін 100 педагог дайындайды» деген тақырыпта 6 материал шықты. «Президент Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы» тақырыбы бойынша тұрақты хабарлама шығып тұрды – ол жаңалықтар таспасында 7 рет атап өтілді, Зияткерлік мектептер желісінің салынуына 7 ақпараттық хабарлама арналды.

Мемлекет басшысының Батыс Қазақстан облысына жасаған жұмыс сапары мамыр айындағы ірі оқиғаның бірі болды. Сапар барысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Оралда салынып жатқан физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепті барып көрді, БАҚ осы оқиғаға теледидар, радио, газеттер мен интернет-басылымдар арқылы берілген 28 ақпараттық хабарламаны арнады. Басқа тақырыптар: «Зияткерлік мектептер желісінің салынуы» - 9 ақпараттық хабарлама, «Қазақстанның Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов Алматы облысына жұмыс сапарымен барды» - 6 мақала, «Зияткерлік мектептер түлектері ҰБТ тапсырудан босатылады» - 6 материал, басқа да ақпараттық себептерге орай – 10 материал.

Маусым айында бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» қызметіне қатысты болды – 21 материал, «Назарбаев Зияткерлік мектептер желісінің салынуы» – 16, «Педагогикалық шеберлік орталығы филиалдарының қызметі» – 13 ақпараттық хабарлама. Маусымдағы негізгі іс-шаралар бойынша: «Орта білімнің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы» – 5 материал, 364 оқытушының Педагогикалық шеберлік орталығы мен Кембридж Университетінің бағдарламасы бойынша біліктілік емтиханын тапсыруы – 7 ақпараттық хабарлама және «2012 жылы Қазақстанның 35 мектебінде пәндерді көптілде оқыту пилоттық режимде енгізіледі» тақырыбында – 6 материал.

2012 жылғы шілдеде баспасөзде жазып-көрсетілген бірқатар оқиғалар болды, атап айтқанда «Зияткерлік мектептердің командасы біліктілікті арттыру курстары бойынша оқыған тағы 100 педагогпен толықтырылды» - 3 материал, «Өскемен қаласында «Мектептегі жаратылыстану-ғылыми білім беру: ХХІ ғасырдағы қоғам, ғылым және технология» тақырыбында Қазақстан химия және биология мұғалімдерінің I Съезі өткізілді» - 9 материал, «Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің жиырма үздік оқушысы экспедиция құрамында Ұлы Жібек жолының орындарына барды» және басқалар – 2 материала.

Тамыз айында мынадай тақырыптар фотокамералардың объективіне алынды, олар: «Жаңа оқу жылында Зияткерлік мектептердің түлектері алғаш рет 4 бейіндік пән бойынша Кембридждік тест тапсырады» - 2 материал, «Қазақстанда 3 мыңнан астам мұғалім Зияткерлік мектептер жанындағы курстарда оқыды» - 2 материал.

2012 жылғы қыркүйекте Мемлекет басшысының Назарбаев Университетіндегі ашық лекциясы – жаңа оқу жылының басты оқиғасы болды. Зияткерлік мектептердің командасы да Мемлекет басшысының лекциясын тыңдады. ДББҰ сайтында Елбасының лекциясына орай қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 20-дан астам пікір жарияланды. ДББҰ-ның барлық қызметкерлері, Басқарма Төрайымынан бастап менеджерлерге, мұғалімдер мен оқушыларға дейін өз пікірлерімен бөлісті.

Қазақ айында жұртышылық БАҚ арқылы ДББҰ-ның бірнеше маңызды оқиғасы туралы білді, олар: «Оралда Зияткерлік мектеп ашылды» - 5 материал, «Зияткерлік мектептерде Мұғалімдер күніне арналған іс-шара өтті» - 17 жарияланым.

2012 жылғы 15 – 16 қарашада астаналық Оқушылар сарайында «Мектептегі көшбасшылық пен басқару 2012» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ашылды. ». осы тақырыпқа 12 ақпараттық хабарлама арналды.

2012 жылғы желтоқсанда мынадай тақырыптар өзекті болды: «Мемлекет басшысы

Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысына жұмыс сапарымен барып, салынып жатқын Зияткерлік мектепті көрді» - 47 жарияланым, «Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы» - 16 материал, «Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері» II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы» - 9 ақпараттық хабарлама.

ҚОРЫТЫНДЫ

ДББҰ-ның 2012 жылғы қызмет қорытындысын шығара келе білім берудің мазмұнын айқындау, педагогика кадрларын дамыту, оқушылармен жұмыс, білім сапасын бағалау жүйесі, Зияткерлік мектептер желісін құру және дамыту, ДББҰ-ның имиджін алға бастыру бойынша тиімді жұмыс жүргізілді деп айта аламыз.

2012 жылы ДББҰ мынадай көрсеткіштерге қол жеткізді:

- Кембридж (КХЕК) Халықаралық емтихандық кеңесінің халықаралық консультанттарының қатысуымен әзірленген Ықпалдасқан білім беру бағдарламасы бекітілді және оны Зияткерлік мектептердің 7-ші және 11-ші сыныптарында пилоттық енгізу басталды.
- Бастауыш, негізгі және жоғары мектептердің барлық пәндері бойынша ықпалдасқан 40 оқу бағдарламасы және 7 – 8-ші және 11 – 12-ші сыныптарға арналған 60 оқу бағдарламасы әзірленді;
- Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасының талаптарын ескере отырып, 27 оқу бағдарламасы (2011 жылы – 11 пән бойынша 25 бағдарлама) әзірленді;
- 2013-2014 оқу жылында 11-ші және 12-ші сыныптар оқушыларын сырттай қорытынды бағалау үшін 13 тестілік специфика әзірленді;
- 2013-2014 оқу жылында 12-ші сынып оқушылары үшін математика, физика, химия және биология бойынша бірінші тәуелсіз бағлаудың құралдары әзірленді;
- Зияткерлік мектептердің 5 – 11-ші сыныптарында ағылшын тілі бойынша салыстырмалы тестілеу жүргізілді және CEFR деңгейлеріне сәйкес ағылшын тілін меңгеру деңгейі анықталды;
- Халықаралық Бакалавриаттың «кандидат мектеп» атағы алынды;
- Халықаралық білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды;
- Білім мен қабілетті жаратылыстану-математика ғылымдарын зерттеуге қолдана білуді бағалауға негізделген конкурстық іріктеу жүйесі әзірленді және осы жүйе байқап көрілді;
- Ықпалдасқан білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу жүйесі әзірленді және осы жүйе байқап көрілді;
- Алматы қаласында және облыс орталықтарында педагогикалық шеберліктің шағын орталықтары ашылды;
- ДББҰ Білім берудегі бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастықтың мүшесі болды және ДББҰ қызметкерлері халықаралық конференцияда өз тәжірибесін таныстырды;

- Дәстүрлер мен өзгерістердің жалпы тақырыбы шеңберінде 3 Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді;
 - Зияткерлік мектептерде халықаралық деңгейдегі 165 шетелдік педагог жұмыс істейді;
 - Зияткерлік мектептердің 100 педагогы Назарбаев Университетімен және University College London (UCL, Ұлыбритания)-мен бірлесіп дайындалған бағдарламалар бойынша оқып жатыр;
 - 1984 мұғалім – Зияткерлік мектептердің ішіндегі, 5380 мұғалім – ел ішіндегі, 105 мұғалім – шетелдегі курстардан өтті;
 - Зияткерлік мектептердің білім беру нысандарына облыстар, республикалық маңызы бар қалалар оқушыларының қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін Жексенбілік және Виртуальдық мектептер жобалары жұмыс істейді;
 - 7 Зияткерлік мектеп жұмыс істеп тұр, Зияткерлік мектептердің желісін құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде;
 - жалпы білім беру мектептерінің оқушылары үшін математика, химия, физика және биология бойынша, 2012 жылғы 1 қыркүйектен бастап – ағылшын тілі мен информатика бойынша «online сабақтар» жобасы іске асырылуда;
 - жалпы білім беру мектептердің мұғалімдері үшін критериалды бағалау жүйесі бойынша 52 online семинар өткізілді;
 - ДББҰ сайтында математика, физика және химия пәндерінің мұғалімдері үшін бөлімдер құрылды.
-